

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**



**Балалар үйі және девиантты мінез-құлықты балалар мен
жасөспірімдер интернатының түлектеріне интернаттан кейінгі әлеуметтік
бейімделу мен психологиялық қолдау**

Әдістемелік ұсынымдар

Астана
2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды (2022 жылғы 25 мамыр, №6 хаттама)

Балалар үйі және девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдер интернатының түлектеріне интернаттан кейінгі әлеуметтік бейімделу мен психологиялық қолдау. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 114 б.

Әдістемелік құрал жетім балаларды интернаттан кейінгі қолдаудың мәнін, мазмұнын, ұйымдастырушылық аспектілері мен технологияларын ашатын теориялық, практикалық және тұжырымдамалық материалдардан тұрады. Балалар үйінің және мектеп-интернаты түлектерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік қызметтер жұмысының тәжірибесі, интернаттан кейінгі қолдауды ұйымдастырудың әртүрлі аспектілерін көрсететін және түлектермен жұмыс істеудің инновациялық әдістері мен технологияларын ашатын материалдар ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар әлеуметтік жұмыс мамандарына, әлеуметтік педагогтарға, психологтарға және жетім балаларды интернаттан кейінгі қолдау процесіне қатысатын басқа да мамандарға және мекеме басшыларына арналған. Әдістемелік ұсынымдардың материалдарын балалар үйлерінің түлектерін қолдау мамандарын даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде, сондай-ақ олардың практикалық қызметінде кеңінен пайдалануға болады.

КІРІСПЕ

Еліміздің дамуының қазіргі саяси, экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық жағдайында білім беру мекемесінде, атап айтқанда балалар үйі және девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдер интернаты баланың жеке басының әлеуметтік қалыптасуы мен тәрбиесі туралы теориялық көзқарастар мен практикалық әрекеттерді жаңартуды қажет ететіні анық.

Қиын жағдайға тап болған балаларды әлеуметтендіру процесін психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы кезде пайда болған «қиын жағдайға тап болған балалар» ұғымының құрамына жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сонымен қатар түрлі себептермен девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдер интернаттарында тәрбиеленушілерді де жатқызуға болады.

Балалар үйлері – жетім балалар және олардың ата-аналарының қайтыс болуына, ата-аналық құқығынан айырылуына, сырқаттануына және басқа да себептерге байланысты ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық үлгідегі білім беру ұйымдары. Балалар үйінде балалардың тәрбие алуына, білім алуына және дербес өмірге дайындалуына жағдай жасайды. Тәрбие жұмысы жалпы психологиялық-педагогикалық негіздерге, әрбір тәрбиеленушіге жеке және тұлғалық көзқарасқа негізделіп жүргізіледі. Балалар шығармашылық, спорттық және еңбек әрекетіне қатысады.

Мектеп-интернат – басқа бірқатар білім беру ұйымдарынан өзіндік ерекшелігімен ерекшеленетін оқу орны, яғни девиантты мінез-құлқы бар балалар мен жасөспірімдерге арналған, олардың мінез-құлқын түзетуді және қоғамға бейімделуді қоса алғанда, психологиялық, медициналық және әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың бастапқы білім алуы үшін жағдай жасауға арналған білім беру ұйымдарының ерекше түрі болып табылады. Бұл мекемелер ашық және жабық болуы мүмкін.

Балалар үйінің және девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер интернаттарының түлектері ата-аналарына (бар болған жағдайда) қайтып бара алады, сонымен қатар кәсіптік білім беру ұйымдарында оқуын жалғастыру немесе еңбек жолын бастау мүмкіндіктері бар.

Бұл мәселеге қоғамның қызығушылығы, ең алдымен, қайырымдылық қорларының көмегімен емес, ұлттық деңгейде көмекке мұқтаж халықтың осал топтарын қорғау қажеттілігімен байланысты.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және балалар үйінен шыққан жастармен қатар мүгедектер, зейнеткерлер, ауыр науқастар әлеуметтік қолдауды қажет етеді. Бұл жіктеуде жетім балалар ерекше орын алады, өйткені бұл санатқа әлеуметтік қорғалмағандар мәртебесі уақытша, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ғана беріледі. Оларды дені сау,

толыққанды азамат етіп тәрбиелеу, әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін кәсіби және әртүрлі өмірлік дағдыларды сіңіру қоғамның міндеті болып саналады.

Жетім балалардың әлеуметтік бейімделуі – бұл олардың әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік рөлдерді сәтті меңгеруі болып табылады. Оның үстіне жетім бала қоғамдық қатынастардың әрі объектісі, әрі субъектісі болып табылады. Объекті ретінде жетім өзін тұлға ретінде қалыптастыратын әлеуметтік институттар мен топтардың ықпалына бағытталған пассивті жағы ретінде әрекет етеді. Субъект ретінде, ол керісінше, қоғамдық қатынастардың белсенді қатысушысы, өзін-өзі қалыптастырушы тұлға ретінде әрекет етеді.

Субъект пен әсер ету объектісінің қасиеттерінің органикалық үйлесуі жетім баланың тиімді әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасайды.

Балалар үйі түлектерінің бейімделу деңгейінің төмендігі туралы белгілі жағдай болғандықтан, бұл жеткіншектердің тұлғалық қалыптасуы барысында субъект және объект құрамдас бөліктерінің тепе-теңдік принципі бұзылған деп болжауға болады.

Егер кеңінен қарастыратын болсақ, онда бала әсер ету объектісі болып табылатын отбасы, балалар үйінің (интернаттардың) тәрбиешілері, мұғалімдер, бала құқығын қорғау органдары, құрбылары және т.б., яғни әлеуметтік институттар жетім балаға қатысты өз функцияларын тиімді орындамайды деп айтуға болады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға отбасында өскен балаларға қарағанда қоғам тарапынан да аз көңіл бөледі. Өз үйі, ата-анасы бар баланың өмірлік жағдайларын жетімдер мекемесінде тұратын баланың өмірлік жағдайларымен салыстыруға болмайды. Бұл жерде әлеуметтік ортаның сәйкессіздікті анықтау (дивергенция) заңы әрекет етеді, ол жетім баланың қоғамда үй балалары деңгейінде бейімделуге жету мүмкіндігін айтарлықтай төмендетеді.

Жетім балаларды әлеуметтік тәрбиенің мұндай зардаптарынан қорғаудың ең қолайлы жолы – балалар үйіндегі өмір салтын отбасының өмір салтына неғұрлым жақындату. Ол үшін балалар үйіндегі отбасылық топтар, отбасылық балалар үйлері (патронатты отбасылар) тәрізді отбасылық қатынастардың әртүрлі үлгілерін қолдану мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, қолайлы формалардың тағы бір түрі, ол – бала асырап алу институты, оның аясында жетім балаларды отбасына немесе жалғызбасты адамдарға беру тәртібін жеңілдетуді қарастыру қажет. Болашақ бала асырап алушылардың тәрбиелік әлеуетін алдын ала анықтауға мүмкіндік беретін инновациялық әдістерді кеңінен енгізу керек.

Балалар үйінің, интернаттық білім беру ұйымдарының білім алушыларының жаңа жағдайларға бейімделуі, қоғамға кірігуі отбасында тәрбиеленген құрдастарымен салыстырғанда әлдеқайда үлкен қиындықтармен жүретіні сөзсіз. Ғалымдар балалар үйі және интернат жағдайында ұзақ уақыт бойы мемлекеттің қамқорлығында және қолдауында болған жеткіншектердің әлеуметтену үдерісінің құрбаны болатындықтарын атап көрсетеді. Аталған мекемелердің әлеуметтік кеңістігінің өзіндік тұйықтығы, білім алушылардың

әлеуметтік байланыстарының, олар меңгерген әлеуметтік нормалар мен әлеуметтік тәжірибені жүзеге асыру саласының шектеулілігі, болашақта олардың бойында жалғыз әлеуметтік-рөлдік позицияның – жетім позициясының қалыптасуы болып табылады, яғни болашақта олардың өз өмірін бағаламауынан, қоғамға жат және қылмыстық өмір салтын ұстануынан немесе, керісінше, әр түрлі қылмыс түрлерінің құрбаны болуынан көрініс табады.

Балалар үйі жағдайында ержеткен тәрбиеленушілер, қарапайым адамға әлеуметтік ортада қажетті дағдылардың қалыптасуына кедергі жасайтын өзіндік ерекшелігі бар тәрбие алады. Бұл ерекшелік өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының жетіспеушілігін, оқуға және жұмыс істеуге деген ынтаның әлсіздігін, сонымен қатар коммуникациялық байланыстарды қалыптастыра алмауды білдіреді [1].

Баланың мекемеде болу кезеңінде бұл мәселелер беймәлім сипатқа ие болады, яғни ашық түрде көрсетілмейді және өсу процесіне әсер етпейді. Алайда, балалар үйінен, интернаттан кейінгі кезеңде, олар ашық сипатқа ие бола бастайды. Демек, тура мағынада айтқанда түлектер қоғамда сәтті бейімделу және әлеуметтену мүмкіндігінен айырылады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – интернаттан кейінгі қолдау көрсететін мамандарды осы мақсатқа жетуге арналған құралдармен қамтамасыз ету.

Әдістемелік ұсынымдардың міндеттері:

- балалар үйлері мен интернаттық ұйымдары түлектерінің әлеуметтік бейімделуі бойынша шет елдердің тәжірибесіне шолу жасау;

- Қазақстандағы балалардың интернаттан кейінгі әлеуметтік бейімделу жағдайына жүргізілген зерттеулердің нәтижелері және аталған мәселе бойынша елімізде жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар туралы ақпарат беру;

- девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған балалар үйлері мен интернат ұйымдарының түлектерін әлеуметтік бейімдеуді және психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар жасау.

1 Балалар үйлері мен интернаттық ұйымдар түлектерін әлеуметтік бейімделуі бойынша шет елдердің тәжірибесі

Әлеуметтік жағдайдың қазіргі кезеңінде балалар үйінің және интернаттық ұйымдар түлектерінің интернаттан кейінгі бейімдеу мәселесіне көбірек көңіл бөлінуде. Қатаң реттелген жүйеде ұзақ өмір сүрген, жақындарымен араласу мүмкіндігінен айырылған балалар өз бетінше өмір сүрудің ең басында шешімі қиындық тудыратын көптеген мәселелерге тап болады. Бұл проблемалардың ішінде тек білім алу, жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу, ауытқулар мен құқық бұзушылық мәселелері ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік байланыстардың пайда болуы және сақталуы, күнделікті өмір мен демалысты ұйымдастыру сияқты әлеуметтік-психологиялық мәселелер де бар. Бұл, ең алдымен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың, атап айтқанда балалар үйінің көптеген түлектерінің дербес өмірге дайын еместігіне байланысты. Мемлекет қамқорлығында бола отырып, балалар көп күш жұмсамай-ақ барлық игіліктерге ие болады, ал балалар үйінен шыққаннан кейін осы уақытқа дейін шешілмеген мәселелерді өз бетінше шешу қажет болса, үлкен қиындықтарды бастан кешіреді.

Теориялық және практикалық жұмыстардың талдауы балалар үйі түлектерінің көпшілігіне тән «біз» феномені, «психологиялық капсулдау» позициясы, мекемеден тыс жерде адамдармен тіл табыса алмау, байланыс орнатудағы қиындықтар, адамдарды жатсынушылық және сенімсіздік тәрізді ерекше белгілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олардың мінез-құлқында жақын адамдармен, мемлекетпен және жалпы қоғаммен қарым-қатынаста тұтынушылық психологиясы бар. Әлеуметтік интеллект деңгейінің төмен болуы, олардың әлеуметтік нормалар мен ережелерді түсінулеріне және оларды орындауларына кедергі жасайды. Ерік аясының қалыптаспауы, мақсаттылықтың болмауы, әдетте, әлеуметтік белсенділіктің төмендігіне, өзіне назар аудартпауға, көрінбейтін болуға ұмтылушылыққа әкеледі.

Осылайша, балалар үйінің және девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер интернаттарының түлектерінің бойында, қоғамға сәтті кірігу және қоғамға лайықты тұлғаның өзіндік өмір нұсқасын құру мүмкіндігі тәрізді көптеген проблемалардың бар екенін айтуға болады.

Тәрбиеленушілерінің әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмек көрсету балалар үйінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл қоғамдық тәрбие процесін құруда жаңа жағдайларды міндетті түрде ескеруді және ғылыми тұрғыдан түсінуді талап етеді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, балалар үйінен шыққаннан кейін ең болмағанда алғашқы 2-3 жылда бұрынғы тәрбиеленушілерге жаңа ортада сәтті әлеуметтенуі үшін интернаттан кейінгі сүйемелдеу түрінде қолдау көрсету қажет.

Интернаттан кейінгі сүйемелдеу ұғымын кең мағынада қарастыратын болсақ, ол: қолдау көрсетуге қатысушыларының ведомствоаралық өзара іс-қимылдары негізінде жүзеге асырылатын және балалар үйі түлегінің әлеуметтік

ортада табысты бейімделуіне, олардың өзін-өзі жүзеге асыруына, қарастырылатын санаттағы тұлғалардың өздері, сонымен қатар оларға қатысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстар санының азаюына бағытталған шаралар кешені ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, бұл ұғымды келесі мағынада да қарастыруға болады, яғни: тәрбиешілердің интернаттан кейінгі және балалар үйі түлектерінің білім алу, жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу құқықтарын қорғау және жүзеге асыруға, қоғамға бейімделу, бос уақыттарын ұйымдастыру дағдыларын меңгеруге, интернаттан кейінгі сүйемелдеу келісім шарты негізінде жүзеге асырылатын физикалық, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына көмек көрсету ретінде қарастырылады [2].

Интернаттан кейінгі қолдау – жеке профилактикалық жұмыстармен бірлесе отырып жүргізілетін, түлектердің әлеуметтік бейімделуіне кері ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған шаралар жүйесі.

Балалар үйінен кейінгі қолдау – жеке профилактикалық жұмыстармен бірлестіріле отырып, түлектерді әлеуметтік бейімдеуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған шаралар жүйесі деп түсіндіруге болады.

XX ғасырдан бастап көптеген батыс елдерінде балалар үйлері таратылып, отбасылық үлгідегі балалар үйлері құрылды, кәсіби отбасы институты дамыды. Жергілікті қоғамдастықтардың бастамалары, сонымен қатар қоғамда түсінікті болған және қабылданған ғылыми зерттеулердің нәтижелері жетім балаларды тәрбиелеудің формаларын өзгертудің қозғаушы күштері болып табылды [3].

Ғылыми зерттеулердің рөлі өте маңызды болды, олар қоғамның жетім балаларды орналастыру жүйесі туралы түсінігін өзгертіп қана қоймай, оның нақты өзгеруіне ықпал етті. Атап айтқанда, Америка Құрама Штаттарында (бұдан әрі – АҚШ) XX ғасырдың бірінші жартысында жетім балаларға арналған институционалдық мекемелер жүйесі жоғары деңгейде дамып бастады. Алайда, сол кездің өзінде-ақ институцияландыру экономикасында тұрақты тенденция байқала бастады, 1928-1940 жылдар аралығында жетім үлгідегі 300 мекеме жабылды. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін таратқаннан кейін бұл тенденция жетімдер үйінен толық бас тартуға дейін қарқынды өсе бастады. АҚШ-да жетім балаларға қамқорлық жасау нысандарын өзгертуде жергілікті қауымдастықтардың рөлі ерекше болды. Көбінесе жергілікті діни бірлестіктер немесе осы қауымдастықтардың жетекшілері «белсенді қоғамдастық» ретінде әрекет етті, олардың бастамасымен «үй» отбасылық балалар үйлері құрылды немесе жетім балаларды асырап алу белсендірек жүре бастады. 1997 жылы Е.Б. Дональдсонның бала асырап алу институты жүргізген зерттеудің нәтижесі бойынша, он американдықтың алтауында бала асырап алу тәжірибесінің қандай да бір түрі бар, бұл Америка Құрама Штаттарында бала асырап алу әдеттегі тәжірибе екенін көрсетеді [4].

Соғыстан кейінгі кезеңде өзгерген заңнамаға байланысты Швециядағы балалар үйлері жабылды. Осыған ұқсас өзгерістер Еуропаның басқа елдерінде де болды. Сонымен қатар, отбасыларды, әсіресе қиын жағдайға тап болған

отбасыларды әртүрлі көмек түрлерімен қамтамасыз ету қажеттілігін негіздеу саласында заңнама белсенді дамып жатты. Исландияда, Норвегияда, Словенияда және Ұлыбританияда 5 жасқа дейінгі балалар мекемелерінің орнына патронаттық отбасыларға қамқорлық көрсетуге арналған арнайы саяси шаралар жүргізіле бастады. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың проблемаларымен айналысатын сарапшылардың басым көпшілігі 5 жасқа дейінгі балалар тәулік бойы болатын барлық мекемелердің (мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мекемелерді қоса алғанда) балаларды орналастырудың басқа нысандарына ауыстырылуы қажет, яғни бұл ана-бала модульдері (интернат топтары) немесе күндізгі күтім орталықтары болуы мүмкін, бірақ кез келген жағдайда орналастырудың отбасылық формаларына артықшылық берілуі тиіс деп санады [5<https://www.unhcr.org/3bb81bad4.pdf>]. Бұл ретте, баланың қолайсыз отбасына түсіп қалу қаупін болдырмау үшін, баланы патронаттық отбасына беру үрдісі қамқоршылыққа немесе орынбасушысы отбасына үміткерлерді жан-жақты бағалаудан кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс екендігі ерекше атап өтіледі.

АҚШ-да, Батыс Еуропа елдерінде ұзақ уақыт бойы психология және педагогика ғылымдары аясында зерттеу жұмыстары жүргізілді, алайда балалар үйінде тәрбиеленген балалардың интернаттан кейінгі бейімделуінің әлеуметтік аспектілері жеткіліксіз қамтылды. Зерттеу дәстүрінде жетімдіктің, сонымен қатар әлеуметтік жетімдіктің себептерін зерделеу және жабық интернаттық мекемелер жағдайындағы өмір салдарын талдау барынша кең өріс алды. Олар балаларға психологиялық көмек көрсету және отбасыларды әлеуметтік қолдау бойынша қызметтердің кең аясын ұсынады. Бұған баланың биологиялық отбасына (бар болған жағдайда) қайта оралу құқығы туралы заңнамада бекітілген норма ықпал етеді. Патронаттық отбасына немесе уақытша паналауға берілген әрбір баланың құжаттары мүмкіндігінше биологиялық ата-анасына қайтару мақсатында, бірақ ондағы өмір сүру жағдайлары қолайлы және қауіпсіз деп танылған жағдайда ғана жүйелі түрде қаралады.

АҚШ жетім және тастанды балалар бар, бірақ балалар үйі жоқ. Әрине, Америкада да балалар ата-анасыз қалады, олар көшеде қалуы, жетім қалуы немесе жай ғана тастанды болуы мүмкін.

Америка Құрама Штаттарындағы балаларды қорғау жүйесінің терминологиясында:

- жетім – ата-анасы қайтыс болған немесе баладан бас тарту немесе қараусыз қалдыру салдарынан ата-анасы ата-ана құқығынан айырылған кәмелетке толмаған бала;

- балалар үйі – ата-анасы қайтыс болған немесе балаларды күтуге қабілетсіз немесе оны қаламайтын балаларға арналған мекеме; кәмелетке толмағандарға арналған мекемелерге сондай-ақ топтық орналастыру, баспана, оңалту орталықтары, түнеуге арналған баспана және жастарды емдеу орталықтары жатады делінген.

Сонымен қатар, жетім балалардың құқығын қорғау саласында «фостерлік тәрбие беру», «туысқандық қамқорлық», «үйден тыс жерде орналастыру»,

«тұрақты орналастыру», «қамқоршылыққа орналастыру», «мекемедегі қамқорлық» ұғымдары бар.

Америкалықтар өздерінің отбасына және отбасылық құндылықтарға деген көзқарасымен жақсы танымал. Жалпы алғанда, американдық қоғамды – дәстүрлі қоғам деп айтуға болады, яғни американдықтар үшін үй, отбасы идеясы әлемді қабылдау жүйесінде үлкен рөл атқарады. Қоғамда бала ата-анасының қамқорлығында болуы және отбасы балалы болу үшін құрылуы керек деген ұғым қалыптасқан. Сондықтан да болар, бұл құрылыста балалар үйлері тамыр жаймаған. Жүз жылдан астам уақыт бұрын Нью-Йоркте, Филадельфияда және Бостонда әртүрлі өмірлік жағдайларға байланысты ата-анасыз және отбасынсыз қалған балаларды қорғау үшін баспаналар болған.

Сондай-ақ, олардың басты мақсаты – көшенің теріс әсеріне түскен балаларды қайта тәрбиелеу болып табылады. Алайда мұндай баспаналарды ұйымдастырушылар балалар үйі жағдайында балаға дұрыс тәрбие беру мүмкін емес екендігі, бұл ұйымдар балаларға тек баспана бере алатыны, тамақпен қамтамасыз ете алатыны, бірақ ешбір жағдайда әке мен ананың орнын баса алмайтындығы белгілі болды. Сол кезде мемлекет «фостерлі» отбасы тұжырымдамасын заңмен бекітті. Фостер (foster) ағылшын тілінен аударғанда «білім беру, қарау, қамқорлық жасау» дегенді білдіреді.

Қазір бұл механизм заңды түрде жетілдірілген және ең алдымен балаларды қамқорлыққа алу мен олардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Құзырлы органдар нақты бір баланың ата-анасыз немесе отбасысыз қалғанын растағаннан кейін оның тағдырын арнайы ведомство шешеді. Балаларға және отбасына қызмет көрсету департаменті (Department of children and family services – DCFS) мүмкіндігінше қысқа мерзімде «орынбасушы отбасын», яғни бала асырап алуға дайын және қабілетті адамдар табылғанша бала бірге болатын адамдарды табады. «Фостерлі» отбасында балаға өмір сүруі үшін барлық жағдай жасалады, бұл отбасы баланы қамқорлыққа алады, қажетті заттармен қамтамасыз етеді.

Балалардың «орынбасушы отбасында» болу уақыты ең алдымен отбасының және баланың қалауы бойынша анықталады. Әртүрлі жағдайларға байланысты отбасы балаға ыңғайсыз болуы мүмкін, бұндай жағдайда баланы неғұрлым қолайлы отбасына ауыстыру мәселесі қарастырылады. Бала «орынбасушы отбасында» кәмелеттік жасқа толғанша қалуы да мүмкін, ал егер асырап алғысы келетіндер табылған жағдайда сол жанұяға беріледі [<https://informburo.kz/mneniya/asem-ditch/v-ssha-est-broshennye-deti-no-net-detskih-domov-kak-usynovlyayut-detey-v-shtatah-.html>].

Сонымен қатар, АҚШ федералдық заңнамасымен жас адамдардың жасы 21 жас (кейбір штаттарда 23, ал Бостонда 24 жасқа дейін) деп анықталған. Осы жас аралығындағы жастар үшін түрлі бағдарламалар қарастырылған, яғни сол бағдарламалардың арқасында олар уақытша тұрғын үйде өмір сүріп оқиды немесе жұмыс істейді. Алайда бағдарлама уақыты аяқталғаннан кейін жас адам тұрғын үй мәселесін өзі шешуі тиіс.

Фостерлік отбасылардың және ұйымдардың түлектері тәуелсіз өмір сүру бағдарламасы бойынша мамандандырылған арнайы тұрғын үйде 21 жасқа дейін тұра алады. Бағдарлама бойынша пәтерде тұру жас адамның жұмыс орнының болуы немесе оқу орнында оқуы жағдайында ғана мүмкін. Тұрғын үй шығындарының бір бөлігін түлек өзі төлеуі тиіс. Егер жас адамның өз үйі және ата-анасының тұрғын үйінің бір бөлігіне құқығы болмаса, 21 жасқа толғаннан кейін ол «көшеге» кетеді, яғни тұрғын үй мәселесін өзі шешуі тиіс (Courtney M.E.Dworsky A.. 2005).

Мемлекет тарапынан түлектерге қолдау көрсету білім алуға субсидия бөлу және 26 жасқа толғанға дейін медициналық сақтандырумен қамтамасыз ету түрінде көрсетіледі. Дереккөз: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-sistem-zaschity-detey-ostavshihsya-bez-popecheniya-roditeley-v-rossii-i-ssha/viewer>

Бүгінде Германияда статистика бойынша ата-анасыз қалған 50 мыңға жуық бала бар. Олардың жартысынан көбі кәмелет жасына толмаған балалар. Кельн қаласындағы қала әкімшілігі қаржыландыратын ең көне балалар үйінің қызметкері: «400 баланың ішінде 20-ға жуық қана жетім бала бар, қалғандары әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалары. Кейбіреулерінің ата-анасы маскүнем немесе нашақор болса, басқалары ата-ана құқығынан айырылғандар» деп түсіндіреді [7]. Яғни, бұл балалардың балалар үйінде болған және балалар үйінен шыққаннан кейінгі өмірлеріне елдің мемлекеттік мекемелерімен қатар ата-аналарына да бірдей жауапкершілік артылады деп айтуға болады.

Германияда балаларды қабылдау және тарату орталықтары бар. Бұнда түсетін балалардың басым бөлігі ата-аналары ата-аналық құқықтарынан айрылған отбасылардың балалары болып табылады. Сот шешім қабылдағанға дейін, балалар мемлекеттің қамқорлығында болады, ол не осы жерде, не уақытша асырайтын отбасында тұрады. Баланы уақытша тәрбиелеуге алатындар мемлекет тарапынан көмек алады, олар әбден тексеруден өткен және сенімді, сонымен қатар педагогикалық білімдері бар отбасылары.

Германияның Кельн қаласының педагогтары мен әлеуметтік қызметкерлері, балалар, үй атмосферасына ұқсас жағдайда тәрбиеленулері тиіс деген шешімге келген. Сондықтан да тәрбиеленушілердің басым көпшілігі балалар коммуналарында, яғни кәдімгі пәтерлерде немесе үйлерде өмір сүреді. Бұл жерде баланың өз бөлмесі бар, бірақ балалар тәрбиешілердің тұрақты бақылауында болады.

Әр тәрбиеленушімен жеке жұмыс жүргізіледі және ата-аналарымен, отбасымен қарым-қатынас сақталуы қарастырылады. Коммунадағы бір үйде кереуеттен басқаның бәрі бар, себебі балалар бұл жерде күндіз болып, кешке ата-аналарына барады. Аптаның бес күнінде коммунада болып, демалыс күндерін ата-аналарымен өткізетін балалар да бар. Яғни, балалардың тәрбиесінен ата-аналарды шеттетіп тастау дұрыс емес деп есептеледі. Коммунаның қызметкерлері балалармен де, олардың ата-аналарымен де жұмыс істейді. Аталған коммунада балалар 21 жасқа дейін бола алады, бұл жерде балаларға ересектік өмірге қажетті дағдыларды үйренулеріне жағдай жасалған. Коммунадан кейін балалар өз ата-аналарына (отбасына) оралуына немесе өз бетінше өмір сүруге құқылы [7<https://www.dw.com/ru/%D0%B2->

[%D0%B4%D0%B5%D1%82%D1%81%D0%BA%D0%B8%D1%85-%D0%B4%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D1%85-%D0%B3%D0%B5%D1%80%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B8-%D0%B6%D0%B8%D0%B2%D1%83%D1%82-%D0%BD%D0%B5-](#)

[%D1%81%D0%B8%D1%80%D0%BE%D1%82%D1%8B/a-15259050](#)]. Сонымен қатар «Жастар үйі – SOS деревнялар» атты ұлттық жобалар түлектерді өз бетінше тәуелсіз өмір сүруге дайындауға бағытталған жоба болып табылады.

1989 жылы *Ұлыбритания* Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) Бала құқықтары туралы конвенциясына қосылды, нәтижесінде қазіргі заманғы саясаттың басты мақсаты баланың ең жоғары мүдделерін ең жоғары құндылық ретінде қамтамасыз ету болып табылады. Ол мүмкіндігінше баланың туған отбасында өмір сүруін (немесе онымен байланыста болуын) бала үшін өмір сүрудің ең жақсы нұсқасы, ал шешім қабылдаудағы негізгі сәт баланың қажеттіліктері мен тәжірибесі деп санайды. Онда «баланың жеке ерекшеліктеріне – жынысына, дініне, ұлтына, мәдени және тілдік ерекшелігіне, жыныстық бағдарына және егер бар болса, қажеттіліктеріне ерекше назар аудару керек» деп тұжырымдайды.

Ұлыбританияның «Балалар туралы» Заңына сәйкес, тек туған отбасы ғана балаға мүмкіндігінше толыққанды даму және оның әл-ауқатын қамтамасыз ету мүмкіндігін бере алады, сондықтан бұл ел туған ата-аналардың ата-ана құқығын сақтауда сөзсіз басымдықты мойындайды.

Отбасы әлеуметтік қызметтердің қамқорлығында және бала үйден тыс жерде болған жағдайда заң тұрғысынан мемлекеттік органдар, ата-ананың орнындағы орынбасушы отбасы және басқа тұлғалар баланың ата-анасымен немесе туыстарымен байланысын жеңілдетуге міндетті. Туған ата-ана балаға көмек көрсету шаралары туралы шешім қабылдау процесіне қатысуға құқылы, ал қиын отбасылық жағдайда баланы туыстарының немесе таныстарының/достарының отбасына орналастыру басымдыққа ие болады. Егер бұл мүмкін болмаса, балаға «туған отбасын алмастыратын» отбасы іздестіріледі.

Баланы үйден тыс жерде ұстау кезінде оны туған отбасына қайтару үшін белсенді шаралар қолданылуы тиіс. Ұлыбританияда балалардың 85%-ға жуығы фостерлік отбасында болғаннан кейін өз отбасыларына қайтады. Бұл отбасын оңалтуға тартылған әлеуметтік қызметтердің дамуының жоғары деңгейінің, сондай-ақ отбасымен белсенді әлеуметтік жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін заңнаманың болуының арқасында мүмкін болып отыр [8].

Сонымен қатар, Ұлыбританияда 1994 жылы құрылған бала асыраушы отбасылары Қауымдастығы бар.

Қауымдастықтың деректері бойынша:

- патронаттық тәрбиеші болуға дайын отбасы тек бір мекемемен байланысады;
- мекемемен немесе оның филиалдарымен ынтымақтасады деген заңнама бар;
- тұрғылықты жерін ауыстырған кезде бұл агенттік осы отбасы үшін жаңа агенттік табуға және қайта бағалаудан өтуге көмектесуі тиіс;
- әр асырап алушы отбасы 3 баладан артық бала ала алмайды;

- ата-аналарға жәрдемақымен қоса, баланың қажеттіліктеріне байланысты апталық қаражат төленеді;

- бұл ретте олар бұл ақшаның қалай жұмсалатынын көрсететін келісімге қол қояды;

- 18 жасқа толғаннан кейін фостерлік отбасының түлектері ересектерге арналған әлеуметтік қызметтердің бақылауына өтеді, олар жұмысқа орналастырылады немесе оқуға түсе алады;

- сонымен қатар, олар 21 жасқа толғанға дейін өз отбасыларында қалуларына болады;

- жергілікті билік жас адам тұратын бөлмесі мен тамағын төлей алауы үшін ақша төлейді немесе төлемді тікелей отбасына жасайды.

Ұлыбританияда интернаттық ұйымдардың түлектері өз қажеттіліктерін бағалауға, болашақ өмірін жоспарлауға, жеке кеңесшісінің болуына, тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне, қаражаттық көмек көрсетілуіне құқығы бар. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар 21 жасқа толғаннан кейін асырап алушы отбасында немесе интернаттық ұйымда қала алады. Қоғамдық және қайырымдылық қорлары интернаттан кейінгі қолдау көрсету процесінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, интернаттық ұйымдардың түлектері өздерінің болашақ өміріне байланысты мәселелер қарастырылатын отырыстарға қатысуға, қандай да бір шешіммен келіспеген жағдайда өз ұсынысын жасауға, әлеуметтік мекемеде құрылған өзінің жеке іс-қағаздарының мазмұнымен танысуға құқығы бар [9].

Норвегияда интернаттық типтегі ұйымдардың түлектерін әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша кең ауқымды деректер банкі құрылған. Жастардың интернаттан кейінгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға баса назар аударылады. Заңнама интернаттан кейінгі қолдау көрсетуді тұрғын үймен қамтамасыз ету, үстемеақылар алу, тәрбие мен білім алуға көмек көрсету, тәуелсіздік дағдыларына үйрету, жұмыс іздеуге және жұмысқа орналасуға көмектесу, медициналық қызмет көрсету, психологиялық кеңес алу тәрізді шаралар түрінде айқындайды [9].

Финляндияда интернаттық ұйымдардың түлектері түрлі әлеуметтік қызметтер түріндегі көмек алады. Ол бес жылға немесе жас адам 21 жасқа толғанша созылады. Қорғаншылық мерзімі аяқталғаннан кейін түлекке қажетті қызметтер мен қолдауды, оның ішінде қаржылай көмек көрсетуді, «жартылай тәуелсіз» өмір сүру практикасы арқылы тұрғын үймен қамтамасыз етуге көмек көрсетуді жалғастыру жоспары әзірленеді [9].

Жетім балалардың интернаттан кейінгі әлеуметтік бейімделуі, яғни олардың білім алуы, жұмысқа орналасуы, баспанамен қамтамасыз етілуі мәселелерін көптеген ғалымдар отбасы әлеуметтануы аясында зерттеген және зерттеп жатыр.

Олардың зерттеулерінің нәтижелері жетім балаларды тәрбиеудің отбасын алмастыратын патронаттық формасының пайдасын дәлелдеуге негіз болды. Балалар үйлері түлектерінің әлеуметтік бейімделуі, интернаттан кейінгі өмірі мәселелерін қамту, интернаттан кейінгі бейімдеу орталықтары, отбасы

орталықтары, әлеуметтік қонақ үйлер, интернаттан кейінгі блогы бар мектеп-интернаттар шеңберіндегі интернаттан кейінгі бейімделудің қолданыстағы үлгілеріне талдау жасалған.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерінің әлеуметтік (интернаттан кейінгі) бейімделуін зерттеудің нәтижесі мемлекеттік мекемелердің тәрбиеленушілерінің интернаттан кейінгі бейімделуіндегі кейбір проблемаларды, яғни отбасын алмастыратын патронаттық отбасында өмір сүрген тәрбиеленушілердің төзімділік деңгейі орташа нормаға жақын, ал интернат түлектері төмен көрсеткіштерді көрсеткен.

Еуропалық Одақ елдерінде жетім балаларды әлеуметтендірудің маңызды факторы ретінде асырап алынған балаларды, жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларды жоғары және орта білім беру ұйымдарында оқу ақысын төлеуден босату болып табылады. Сонымен қатар, Аустралия, Ұлыбритания, Франция, Германия, Австрия, Болгария, Польша тәрізді елдерде интернаттық ұйымдардың түлектерінің арнайы орта және жоғары білім алуы үшін тиісті жағдайлар жасауға баса назар аударылады.

Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың қызметін жетілдіру туралы» 2013 жылғы 18 маусымындағы хатында «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін отбасына жақын тәрбие беруге жағдай жасау мақсатында, сондай-ақ бұл ұйымдарды әлеуметтік жетімдіктің алдын алу және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды интернаттан кейін орналастыру мен сүйемелдеу шараларына тарту бойынша ұсыныстар», сонымен қатар «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерінің әлеуметтік (интернаттан кейінгі) бейімделу орталықтары туралы ереженің» үлгісі берілген.

Ереже бойынша аталған орталық мемлекеттік немесе муниципалды мекеме және заңды тұлға болып саналады.

Орталықтың негізгі бағыттары:

- өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғаларға әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, құқықтық, кеңестік және басқа да көмек көрсету;

- қызмет көрсетілетін адамдарға уақытша немесе біржолғы тұруды қамтамасыз ету;

- жетім балаларға арналған ұйымдардың түлектерінің өмірлік қиын жағдайдан шығуларына бағытталған әлеуметтік (интернаттан кейінгі) бейімделудің жеке бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

- жұмыспен қамту қызметімен бірлесе отырып жетім балаларға арналған ұйымдардың түлектерін кәсіптік бағдарлау және жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстарға қатысу;

- жетім балаларға және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарынан шыққан тұлғаларға арналған ұйымдар

түлектерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

- мемлекеттік, муниципалдық және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдарды (халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту қызметтері және басқалар), сондай-ақ қоғамдық және діни ұйымдар мен бірлестіктерді жетім балаларға арналған ұйымдардың түлектерінің әлеуметтік (интернаттан кейінгі) бейімделуі мәселелерін шешуге тарту және олардың осы бағыттағы қызметін үйлестіру болып табылады [10].

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ірі мекемелердің кең желісі бар Ресей үшін балалардың отбасылық формаларының дамуы аясында интернаттар мен балалар үйлерін отбасылық үлгідегі ұйымдарға қысқарту жолы ең қолайлы болып саналады. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мектеп-интернаттардан біртіндеп жергілікті жалпы білім беретін мектептерде қарапайым отбасы балаларымен тең дәрежеде оқытуға көшу осындай отбасылық балалар үйлері тәрбиеленушілерінің әлеуметтік байланыстар желісінің кеңеюіне және жан-жақты болуына ықпал етеді.

Интернаттан кейінгі қолдау көрсету – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 16 жастан 23 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік қолдау көрсету түрі ретінде түсініледі. Оның мақсаты – балаларға білім алуға, жұмысқа орналасуға, тұрғын үй құқығын қорғауға және қамтамасыз етуге, қоғамға бейімделу дағдыларын меңгеруге, бос уақытын ұйымдастыруға, дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдар; сот ата-ана құқығынан айырған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдар; заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы (қамқоршы) міндеттерінен босатылған тұлғалар тәрбиеші бола алмайды.

Интернаттан кейінгі тәрбиеші болғысы келетіндер «Тағдырға қатысушылық» атты қосымша жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқытылады. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және патронаттық отбасыларға арналған мекемелердің түлектерімен жұмыс істеуде интернаттан кейінгі тәрбиешілер құзыретін қалыптастыру және дамыту оның мақсаты болып табылады. Оқыту Психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау орталығының базасында жүргізіледі.

Балалар үйінен кейінгі тәрбиеші үштен көп емес жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қамқорлық жасай алады.

Дереккөз: <https://kirovipk.ru/wp-content/uploads/2021/07/adaptacziya-i-soczializacziya-detej-sirot-i-detej-ostavshihsya-bez-popecheniya-roditelej.pdf>

Осылайша, бүгінгі күні әлемдік қоғамдастық жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтік оқшаулануын еңсеру мәселелері бойынша айтарлықтай теориялық және эмпирикалық (бақылау немесе эксперимент барысындағы нақты қарым-қатынас арқылы) білім жинақтады.

Сонымен қатар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғау, әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 2010 жылғы 24 ақпанда қабылданған «Балаларға балама күтім көрсетудегі жетекші нұсқаулар (A/64/434)» атты № A/RES/64/142 Қарарында:

- баланы отбасы қамқорлығынан шығару ең соңғы шара ретінде қаралып, мүмкіндігінше, уақытша және ұзақтығы барынша аз болу керек. Шығару туралы шешім үнемі қайта қаралып, алғашқы шығару себептер аластатылып немесе жойылғанан кейін баланы ата-ана қамқорлығына қайтару керек, төмендегі тармақтарда көрсетілген бағаға сәйкес баланың ең жақсы мүдделеріне жауап беру керек;

- бір де бір бала ешқашан заңды қамқоршысының немесе басқа жауапты ересек адамның не мемлекеттік органның қолдауы мен қамқорлығынсыз қалмау керек;

- интернат типті мекемелерді қолдану осы нақты бала үшін сол орта ең қолайлы, қажетті және сындарлы болып табылған және оның ең жақсы мүдделеріне жауап берген жағдайлармен шектелуі керек;

- балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда интернат типті мекемелер мен отбасы негізіндегі күтім бірін бірі толықтырып отыратынын мойындап, интернат типті ірі мекемелер сақталған жерлерде олардың сатылы жойылуын қарастыратын, нақты анықталған мақсаттар мен міндеттері бар, жалпы деинституционализация стратегиясының аясында баламалар әзірлеу керек. Осы мақсатта мемлекеттерге жеке күтім мен кішігірім топтардағы күтім сынды баланың дамуына жәрдемдесетін жағдайлар мен сапаны қамтамасыз ету үшін күтім стандарттарын орнатып, әрекет етуші мекемелерді сол стандарттарға сәйкестік тұрғысынан бағалау керек. Мемлекеттік, сондай-ақ жеке меншік интернат мекемелерді құру туралы шешімді немесе жаңаларды ашуға рұқсат беруді осы мақсат пен стратегияны толық ескере отырып, қабылдау керек делінген.

Интернат типті мекемелердегі күтімге байланысты осы Қарарда:

- интернат типті мекемелер шағын әрі барынша отбасына немесе кішігірім топқа жақындатылған ортаға баланың қажеттілігі мен құқығын басшылыққа алуы керек. Тұтастай олардың міндеті болып уақытша күтім көрсету мен баланы отбасына біріктіру немесе мүмкін болса, балама отбасылық ортада, соның ішінде сәйкес жағдайларда асырап алу немесе ислам құқығы бойынша кафалды қоса, тұрақты күтімді қамтамасыз ету;

- құзіретті ұлттық немесе жергілікті орган балалар бұндай мекемелерге тек қана сәйкес жағдайларда ғана қабылдануын қамтамасыз ететін тексерудің қатаң тәртіптерін орнату керек;

- интернат типті мекемелерде тәрбиешінің балаға назарын аудыруын, сәйкес жағдайларда, нақты бір тәрбиешімен сенімді қарым-қатынасын орнату мүмкіндігін мемлекеттер қамтамасыз ету керек. Тәрбиешілер, сондай-ақ күтім көрсету міндеттері мен мақсаттарын тиімді орындап, балаларға қамқорлық көрсететіндей етіп бөлінуі тиіс;

- заң, саясат және ережелер ұйым, мекеме немесе жеке тұлғалардың тарапынан балаларды интернат типті мекемелерге орналастыруға тарту мен итермелеуіне тыйым салу керек.

Күтім көрсету аяқталғаннан кейінгі қолдау:

- мекеме және ұйымның күтім көрсету аяқталғаннан кейін және/немесе әрі қарайғы шараларға қажетті қолдауды қамтамасыз ету үшін, олардың балалармен жоспарлы және жоспардан тыс жұмыстарының аяқталуына қатысты нақты саясаты болу керек және олар келісілген іс-шаралар өткізу керек. Күтім көрсету мерзімінің барысында ең әуелі жергілікті қауым өміріне қатысу септігін тигізетін әлеуметтік және өмірлік дағдыларды иелену жолымен қауымға толық бірігіп, өзідігінен өзін қамтамасыз ете алатындай баланы жүйелі түрде дайындау керек;

- қамқорлықтан күтім көрсетудің аяқталу кезеңіне өту кезінде, ең әуелі қанауды болдырмау үшін, баланың жынысын, жасын, кемелдігін және ерекше жағдайларын ескеріп, кеңес беріп, қолдау көрсету керек. Күтім көрсетілген ортадан кеткен балаларды күтім аяқталғаннан кейінгі өмірді жоспарлауға жұмылдыру керек. Ерекше қажеттіліктері бар балалар, мысалы мүгедектер, интернат мекемелерге қажетсіз орналасуды болдырмайтын сәйкес қолдау жүйесінің қызметтерін қолдану керек. Мемлекеттік және жеке меншік сектор кәсіпорындарының әр түрлі күтім көрсету қызметерінен, әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балаларды жұмысқа алуын көтермелеу керек;

- мүмкіндігінше, әр балаға күтім көрсету аяқталғаннан кейінгі өз бетінше өмірге өтуді жеңілдететін арнайы қызметкердің бөлінуіне аса назар аудару керек;

- күтім көрсету аяқталғаннан кейінгі өмірге дайындық кез келген жағдайда бала оған күтім көрсетілген мекеме немесе ортадан кететін уақыттан бұрын және оны қамқорлыққа алғаннан кейін барынша ертерек басталу керек;

- жалпы және кәсіби дайындық бойынша жүйелі түрде мүмкіндіктер беру оларға күтім көрсетілген мекеме немесе ортадан кеткен жас адамдарға қаржылық тұрғыдан тәуелсіз әрі жеке табыс табу үшін көмектесетін өмірлік дағдыларды қалыптастырудың бір бөлігін құрау керек;

- оларға күтім көрсетілген мекемеден немесе ортадан кеткен, сондай-ақ осындай күтім көрсету аяқталғаннан кейін жас адамдарға сәйкес қаржылай көмекпен бірге әлеуметтік, заңдылық және медициналық қызметке қол жетімділікті қамтамасыз ету керек делінген [11].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, соңғы екі ғасырда жетім балаларды орналастырудың әлемдік тәжірибесі бейресми, тосын, заңмен реттелмейтін жеке жағдайлардан бастап – заңды түрде ресімделетін әлеуметтік институттың қалыптасуына дейін елеулі өзгерістерге ұшырады деп айтуға болады. Осы уақыт аралығында балаларды отбасына беру процесін реттейтін бірыңғай стандарттар әзірленді және енгізілді; асырап алуға құқығы бар кәмелетке толмағандардың санаттары мүмкіндігі шектеулі балаларды, ұлттық және нәсілдік азшылықтардың балаларын және т.б. балаларды қамтитындай кеңейтілді.

Шетелде жетімдікті заң аясына алудан басталған және дамып келе жатқан процесі барысында балалық шақты әлеуметтік қорғаудың бүкіл жүйесі өзгертілді, балалардың отбасылық өмір сүру формаларына бағытталған оң қоғамдық пікір қалыптасты. Осыған байланысты жетім балаларды стигматизациялау (таңбалау) нормативтік-құқықтық актілерде де, бұқаралық сана деңгейінде де мүмкін болмай қалды. «Жетім» сөзі заңды қолданудан жойылды, ең кең тарағаны «қамқорлықтағы балалар» тіркесі болды. Бұл санатқа ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мемлекет қамқорлығын қажет ететін барлық балалар кіреді.

Шет елдердің балалар үйлері түлектерінің әлеуметтік бейімделуі бойынша тәжірибесін зерделеудің нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады:

- жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға интернатта болған кезден бастап өздігінен өмір сүруге қажетті дағдыларды меңгеруге жағдай жасау;

- балалар үйі түлектерінің өз бетінше өмір сүріп бастауының бастапқы кезеңінде кешенді немесе педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, заңгерлік және қажет болған жағдайда медициналық көмек, кеңес беру;

- жұмысқа орналасу, кәсіптік білім беретін оқу орындарына түсу;

- қарым-қатынас жасау, білім алу және еңбекке араласу ынтасын қалыптастыру, мінез-құлық нормаларын сақтау немесе бейімделу мәселелері бойынша кеңес беру;

- түлектердің өзін-өзі қамтамасыз ету проблемаларын шешуіне, өмірлік қиын жағдайларды жеңуінде өзінің күш-жігерін пайдалану бойынша қолдау көрсетуге назар аударылған.

2 Қазақстандағы балалардың интернаттан кейінгі әлеуметтік бейімделу жағдайын зерттеу

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаға қорғаншылық, қамқоршылық немесе патронат белгіленеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарының қорғалуы үшін ол баланы қабылдайтын отбасына берілуі мүмкін. Жасы он төртке толмаған балаларға қорғаншылық белгіленеді, ал он төрттен бастап он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға қамқоршылық белгіленеді. Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз ету белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады [12].

Ресми қорғаншылық аяқталғаннан кейін балалар үйінің түлектерінің білім алуына, жұмысқа орналасуына, қорғалуына және тұрғын үй алуына, медициналық қызметке құқығының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге мемлекеттік кепілдіктер қамтамасыз етіледі.

«Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысына сәйкес балалар үйінен шыққаннан кейін түлектерге материалдық және заттай көмек (киім, жиһаз және т.б.) немесе қаржылық төлемдер беріледі. Аталған кепілдіктер жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінен білім алушыларға негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтағаннан кейін (түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) берілетін киім-кешек, аяқ киім, жұмсақ мүкәммал, жабдықтар нормасы мөлшерге, көздерге және түрлерге сәйкес белгіленеді [13].

Сонымен қатар, өмірге алғаш қадам басқан кезде меншікті баспананың болуы – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерін әлеуметтендірудің, бейімдеудің және олардың кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі көрсете білуінің аса маңызды шарты болып табылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 126-V Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй алу құқығын бірінші кезекті іске асыруды көздейді [14].

Бүгінгі таңда жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау көкейтесті мәселелердің бірі. Бала балалар үйінде немесе интернаттық мекемеде тәрбиеленген кезде, баланың құқығы бар тұрғын үйдің бөлігі сатылып кететін жағдайлар кездеседі. Алайда оған тұрғын үйдің бөлігінің қандай да бір құны өтелмейді. Осыған байланысты, Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1271 қаулысымен Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидалары бекітілді.

Аталған қаулыға сәйкес жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың тұрғын үйінің сақталуын бақылауды жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – органдар) қамтамасыз етеді.

Балаларды қорғаншылыққа немесе қамқоршылық, патронаттық тәрбиелеуге бергенге, білім беру ұйымдарына, медициналық және басқа да ұйымдарға орналастырғанға дейін олардың тұрғын үйін сақтауды органдар қамтамасыз етеді.

Балаларды қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронаттық тәрбиелеуге беру, білім беру ұйымдарына, медициналық және басқа да ұйымдарға орналастыру кезінде олардың тұрғын үйін сақтауды балалардың заңды өкілдері қамтамасыз етеді.

Тұрғын үй құқығы – адамның әлеуметтік құқықтарының бірі, сонымен қатар екінші ұрпақтың да құқығы болып табылады. Халықаралық құжаттарда бұл құқықты «жеткілікті өмір сүру деңгейі құқығы» деп атайды.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 11-бабын ескере отырып, әркімнің өзі және отбасының жеткілікті тамақтануын, киімі мен баспанасын қамтитын, жеткілікті тұрмыс деңгейінде өмір сүру және тұрмыс жағдайын үнемі жақсарту; шығындар бойынша қолжетімділік; өмір сүруге жарамдылығы; қолжетімділігі; орналасқан жері; мәденет тұрғысынан сәйкестігі тәрізді элементтерді қамтитынын атап өту қажет.

БҰҰ-ның Адам құқықтары бойынша халықаралық келісімшарттарының №4 жалпы ереже ескерпелерінде бұл құқық жеке тұлғаның, сонымен қатар отбасының жасына, экономикалық жағдайына, қандайда бір топқа немесе басқа мүшелікке немесе мәртебеге жататындығы және басқа да факторларға қарамастан жеткілікті тұрғын үйге құқығы бар деп тұжырымдалады [15].

Елімізде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатындағы балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету кепілдіктері «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңымен, сонымен қатар

«Білім туралы», 6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті 4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы: 12) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», 7-бап. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекетте баланың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі өкілеттіктері 4-1) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

«Неке және отбасы туралы», 77-бап. Ата-ана құқықтарынан айырудың салдары 4. Ата-анасы ата-ана құқықтарынан айырылған бала тұрғын жайға меншік құқығын немесе тұрғын жайды пайдалану құқығын, сондай-ақ ата-аналарымен және басқа да туыстарымен туыстық фактісіне негізделген мүліктік құқықтарын, оның ішінде мұра алу құқығын сақтайды.

124-бап. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және білім беру, медициналық ұйымдардағы және басқа да ұйымдардағы балалардың құқықтары 3) тұрғын үйге меншік құқығын немесе оны пайдалану құқығын сақтауға, ал тұрғын үйі болмаған жағдайда, оны Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес алуға;

«Отбасылық үлгідегі балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлері» 3. Органның, әкімшіліктің және тәрбиеші ананың міндеттері 3.1.10. балаға тиесілі мүліктің тізімдемесін және оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтерді; 3.1.11. иелікте бұрын болған тұрғын үй-жайдың кәмелетке толмағандарға бекітілгені туралы құжаттарды және балаға және оның ата-аналарына жылжымайтын мүлікке және онымен жасалған мәмілелерге құқықтарының мемлекеттік тіркелгені туралы әділет органдарының мәліметтерін; Қазақстан Республикасының заңдарында да реттеледі.

Жеке тұлғалардың және мемлекеттің қамқоршылығындағы жетім балалар тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтайды, ал тұрғын үйі болмаған жағдайда олардың тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй алуға құқығы бар.

Қандай да бір себептермен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жағдайларда балалардың құқықтарын қорғау (ата-анасының қайтыс болуы, ата-ана құқықтарынан айыруы және т.б. оның ішінде ата-аналары балаларын білім беру, емдеу және басқа да осыған ұқсас мекемелерден алудан бас тартқан кезде) қорғаншылық және қамқоршылық органдарына жүктеледі.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан орган жалдаған тұрғын үй балаларда олар білім беру ұйымдарында, медициналық және басқа да ұйымдарда, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін ұйымдарда болған кезеңде, қорғаншылықта немесе қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеде болғанда кәмелетке толғанға дейін сақталады.

Осылайша, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына заңға сәйкес қорғаншылар мен қамқоршылардың қызметіне бақылауды жүзеге асырудың негізгі міндеттері жүктеледі. Осы мақсаттарға жету үшін жоғарыда аталған органдар жылына кемінде екі рет олардың өз міндеттерін орындауын тексереді, сондай-ақ жыл сайын қорғаншылардан қамқорлыққа алынғандардың денсаулық жағдайы, оларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыс туралы есеп беруді талап етеді; кәмелетке толмағанның мүлкін түгендеу және сипатталған мүлікті қорғау шараларын қабылдайды [16].

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан орган жалдаған тұрғын үй балаларда олар білім беру ұйымдарында, медициналық және басқа да ұйымдарда, оның ішінде қоғамнан уақытша

оқшаулауды қамтамасыз ететін ұйымдарда болған кезеңде, қорғаншылықта немесе қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеде болғанда кәмелетке толғанға дейін сақталады.

Он төрт жасқа толмаған жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін иеліктен шығаруға, оның ішінде айырбастау немесе сыйға тарту бойынша мәмілелер жасауға немесе олардың атынан кепілгерлік шартын, тұрғын үйді өтеусіз пайдалануға тапсыру немесе кепілге қою бойынша мәмілелер, заң жүзінде, өсиет бойынша оларға тиесілі мұрагерлік құқықтардан бас тартуына, олардың тұрғын үйін бөлуге немесе одан үлес бөліп алуға әкеп соқтыратын мәмілелер жасасуға жол берілмейді [17]. Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат <https://egov.kz/cms/kk>

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу үшін Қазақстан Республикасында баспана алуға кезекке қою үшін тиісті елді мекенде тұру мерзіміне қарамастан тұрақты тұру қажет. Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар коммуналдық немесе мемлекеттік пәтерлер коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан ала алатын тұлғалардың қатарына жатады (1-2-кестелер) [18].

1-кесте – Білім беру жүйесінің ұйымдарындағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы мәліметтер (2019)

Аймақ	Барлық түлектер	Бекітілген тұрғын үйлері бар	Оның ішінде	
			меншік құқығы бойынша	жалпы меншік немесе үлестік меншік құқығында
Қазақстан Республикасы	24 857	3 353	981	2 372
Ақмола	1 644	90	35	55
Ақтөбе	951	197	26	171
Алматы	2 806	257	60	197
Атырау /	547	72	27	45
БҚО	817	145	34	111
Жамбыл	1 448	226	67	159
Қарағанды	2 949	492	114	378
Қостанай	2147	174	34	140
Қызылорда	891	83	24	59
Маңғыстау	502	122	79	43
Павлодар	1 597	304	38	266
СҚО	1 192	91	48	43
Түркістан	1 679	334	106	228
ШҚО	2 624	270	85	185
Нұр-Сұлтан қ.	842	49	14	35
Алматы қ.	1 356	267	79	188
Шымкент қ.	865	180	111	69

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі – ҰБДҚ) статистикасалық деректері бойынша 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасы бойынша 24 857 жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың 3 353-сінде өздеріне бекітілген тұрғын үйлері бар балалар. Олардың 981-і меншік құқығы бойынша және 2372-сі жалпы меншік немесе үлестік меншік құқығындағы баспаналар.

2-кесте – Білім беру жүйесінің ұйымдарындағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету (2020 ж.)

Аймақ	Барлық түлектер	Бекітілген тұрғын үйлері бар	Оның ішінде	
			меншік құқығы бойынша	жалпы меншік немесе үлестік меншік құқығында
<i>Қазақстан Республикасы</i>	23 928	3 146	858	2 283
Ақмола	1 572	107	22	85
Ақтөбе	911	184	33	151
Алматы	2 746	282	77	205
Атырау /	567	53	12	41
БҚО	833	101	29	73
Жамбыл	1 352	223	65	158
Қарағанды	2 642	439	75	364
Қостанай	2 003	170	38	132
Қызылорда	847	94	18	76
Маңғыстау	491	129	54	75
Павлодар	1 613	269	29	240
СҚО	1 148	43	7	36
Түркістан	1 643	279	111	168
ШҚО	2 486	256	62	194
Нұр-Сұлтан қ.	865	56	14	36
Алматы қ.	1 344	281	911	180
Шымкент қ.	865	180	111	69

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

Қазақстан Республикасы ҰБДҚ «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинағының деректері бойынша 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасы бойынша 23 928 жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың 3 146-сында өздеріне бекітілген тұрғын үйлері бар балалар. Олардың 858-і меншік құқығы бойынша және 2283-сі жалпы меншік немесе үлестік меншік құқығындағы үйлер.

Кестелердегі деректерді қорытындылай келе елімізде жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемасының бар екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 286 бұйрығына 1-қосымшасындағы «Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға

әлеуметтік қолдау көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына сәйкес білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары тұлғаларға беріледі [19].

Жыл сайын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарындағы түлектер колледждер мен ЖОО-ларға түсіп, білім беру гранттарының (мемлекеттік білім беру гранттарының, облыс әкімі, кәсіпорын гранттарының және т.б.) иегерлеріне айналады.

Колледждер мен жоғары оқу орындарына түскен кезде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының 1%-ы мөлшеріндегі қабылдау квотасы белгіленген.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы студенттер оқу кезеңінде стипендия алады, бұдан басқа, колледждерде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі және жол жүру өтемақысы беріледі [20]. Сонымен қатар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыруға да басым назар аударылады.

Төмендегі кестелерде негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарын аяқтаған түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» 2020-шы және 2021 жылдарғы Ұлттық жинақтарының деректері берілген (3-6-кестелер).

3-кесте – Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының негізгі орта мектепті бітірушілерінің (9-сынып) жұмысқа орналасуы (2020 ж.)

	9-сынып түлектері								Жұмысқа орналаспаған бітірушілер саны
	Барлығы	Мектептегі 10 сыныпта	Колледжде	Курстарда	Жұмыс істейді	Мүгедектік берілгедер	Қайтыс болғандар	Басқа себептер	
Қазақстан Республикасы	660	202	449	0	0	7	1	1	0
Ақмола	46	1	45	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе	8	0	8	0	0	0	0	0	0
Алматы	55	12	36	0	0	6	1	0	0
Атырау	8	8	0	0	0	0	0	0	0
Батыс Қазақстан	9	1	8	0	0	0	0	0	0
Жамбыл	22	1	20	0	0	0	0	1	0
Қарағанды	119	78	41	0	0	0	0	0	0
Қостанай	69	11	58	0	0	0	0	0	0
Қызылорда	6	5	1	0	0	0	0	0	0
Маңғыстау	4	0	4	0	0	0	0	0	0
Павлодар	59	6	53	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан	39	10	29	0	0	0	0	0	0
Түркістан	28	21	7	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан	119	28	90	0	0	1	0	0	0
Нұр-Сұлтан қ.	18	6	12	0	0	0	0	0	0

Алматы қ.	38	7	31	0	0	0	0	0	0
Шымкент қ.	13	7	6	0	0	0	0	0	0

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

Қазақстан Республикасы бойынша 2019-2020 оқу жылында негізгі орта білім беру ұйымдарын аяқтаған 660 жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың 202-сі жалпы орта білім алу үшін 10-сыныпқа, 449-ы кәсіптік және техникалық білім алу үшін колледждерде білімін жалғастырған, 7 бала мүгедектік алуларына байланысты мүгедек балаларға арналған арнайы мектеп интернаттарға орналастырылған.

4-кесте – Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының негізгі орта мектепті бітірушілерінің (9-сынып) жұмысқа орналасуы (2021 ж.)

	9-сынып түлектері								Жұмысқа орналаспаған бітірушілер саны
	Барлығы	Мектептегі 10 сыныпта	Колледжде	Курстарда	Жұмыс істейді	Мүгедектік берілгендер	Қайтыс болғандар	Басқа себептер	
Қазақстан Республикасы	578	134	438	1	0	5	0	0	0
Ақмола	37	0	37	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе	11	0	11	0	0	0	0	0	0
Алматы	41	15	21	1	0	4	0	0	0
Атырау	1	0	1	0	0	0	0	0	0
Батыс Қазақстан	16	0	15	0	0	1	0	0	0
Жамбыл	13	0	13	0	0	0	0	0	0
Қарағанды	98	41	57	0	0	0	0	0	0
Қостанай	67	9	58	0	0	0	0	0	0
Қызылорда	9	8	1	0	0	0	0	0	0
Маңғыстау	5	2	3	0	0	0	0	0	0
Павлодар	56	12	44	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан	33	4	29	0	0	0	0	0	0
Түркістан	23	18	5	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан	100	17	83	0	0	0	0	0	0
Нұр-Сұлтан қ.	17	1	16	0	0	0	0	0	0
Алматы қ.	38	0	38	0	0	0	0	0	0
Шымкент қ.	13	7	6	0	0	0	0	0	0

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

2020-2021 оқу жылын еліміздің негізгі орта білім беру ұйымдарын 578 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала аяқтап шыққан. Олардың 5-уі мүгедектік алуларына байланысты арнайы мектеп-интернаттарға орналастырылған. 134-і жалпы орта білім алу үшін 10-сыныпта және 438 түлек кәсіптік және техникалық білім алу мақсатында колледждерде білімдерін жалғастыруда. 1 білім алушы курсқа барып мамандық игеруде.

5-кесте – Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түлектерінің (11-сынып) жұмысқа орналасуы (2020 ж.)

Аймақ	11-сынып түлектері				Жұмысқа орналаспаған бітірушілер саны/
	Барлығы	Колледжде	Жоғары оқу орнында	Басқа себептер	
<i>Қазақстан Республикасы</i>	167	79	87	1	0
Ақмола	6	1	5	0	0
Ақтөбе	9	3	6	0	0
Алматы	9	5	4	0	0
Атырау	1	0	1	0	0
Батыс Қазақстан	1	0	1	0	0
Жамбыл	2	1	1	0	0
Қарағанды	52	28	24	0	0
Қостанай	7	2	4	1	0
Қызылорда	4	1	3	0	0
Маңғыстау	2	0	2	0	0
Павлодар	4	2	2	0	0
Солтүстік Қазақстан	4	2	2	0	0
Түркістан	24	13	11	0	0
Шығыс Қазақстан	19	16	3	0	0
Нұр-Сұлтан қ.	5	0	5	0	0
Алматы қ.	7	2	5	0	0
Шымкент қ.	11	3	8	0	0

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

2019-2020 оқу жылында еліміздің жалпы орта білім беру ұйымдарын бітірген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 167 түлектің 79-ы колледждерге, 87-сі жоғары оқу орындарына мамандық алу мақсатында оқуға түскен, тек бір түлек басқа себептермен оқуын жалғастырмаған, бірақ жұмысқа орналастырылған.

6-кесте – Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түлектерінің (11-сынып) жұмысқа орналасуы (2021 ж.)

Аймақ	11-сынып түлектері				Жұмысқа орналаспаған бітірушілер саны/
	Барлығы	Колледжде	Жоғары оқу орнында	Басқа себептер	
<i>Қазақстан Республикасы</i>	171	88	82	1	0
Ақмола	3	2	1	0	0
Ақтөбе	0	0	0	0	0
Алматы	20	8	12	0	0
Атырау	4	4	0	0	0
Батыс Қазақстан	1	0	1	0	0

Жамбыл	0	0	0	0	0
Қарағанды	45	26	19	0	0
Қостанай	8	2	6	0	0
Қызылорда	4	0	4	0	0
Маңғыстау	2	1	1	0	0
Павлодар	4	2	2	0	0
Солтүстік Қазақстан	3	1	2	0	0
Түркістан	34	21	13	0	0
Шығыс Қазақстан	21	9	11	1	0
Нұр-Сұлтан қ.	5	3	2	0	0
Алматы қ.	6	6	0	0	0
Шымкент қ.	11	3	8	0	0

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

2020-2021 оқу жылында республика бойынша 171 жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жалпы орта білім аттестатын алған. Олардың 88-і кәсіптік және техникалық білім алу үшін колледждерге, ал 82 бала жоғары оқу орындарына оқуға түскен. 1 түлек басқа себептерге байланысты оқуын жалғастырмаған.

Жоғарыдағы кестелердің мәліметтерін қорытындылай келе, елімізде мектепті аяқтағаннан кейін балалар үйлерінің түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету жолға қойылғанын және балалар үйінің қызметкерлерінің бұл мәселені назарда ұстайтындығын айтуға болады.

«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына сәйкес елімізде балалар үйлері; ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған балалар үйлері; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар; пана үйлері; отбасы үлгісіндегі балалар үйлері; кәмелетке толмағандардың бейімдеу орталықтары; өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтары; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидалары бекітілген.

Сонымен қатар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасында өмір сүріп, тәрбие алу құқығын іске асыру, отбасылық жағдайларға жақындатылған жағдайларда өмір сүрулерін қамтамасыз ету мақсатында «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы № 113 Заңы қабылданды.

Бұл Заң жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасында тұрып, тәрбиелену құқықтарын қанағаттандыру, сондай-ақ оларға имандылық-рухани, еңбек тәрбиесі мен білім беруді жан-жақты қамтамасыз ету мақсатында құрылатын отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарының және жасөспірімдер үйлерінің құқықтық жағдайын айқындайды [21].

Пана үйі – жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету және бұдан әрі өмірге баулу тәсілімен әлеуметтік көмек беру үшін құрылған білім беру мекемесі.

Пана үйіне күнтізбелік жыл бойы 3 жастан 18 жасқа дейінгі аралықтағы балалар қабылданады [22].

Осы Заң аясында елімізде отбасылық үлгідегі балалар ауылдары, SOS Қазақстан балалар ауылы, отбасылық үлгідегі балалар үйі құрылды.

Отбасы үлгісінде жұмыс істейтін балалар үйінде балалар 8-10 адамдық топтарда тұрады, ағайындылар мен апалы-сіңлілер, олардың достары бір отбасыға бөлінеді, отбасыға жеке тұрғын блоктары бөлінеді және т.б.

Балалар ауылдарының және отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлерінің келесі міндеттерді орындауға бағытталған:

- тәрбиеленушілердің бағып-күтілуі, тәрбиеленуі, олардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуы үшін, соның ішінде олардың дене бітімі, психикалық, имандылық және рухани дамуына әсер ететін жағдайлар жасау;

- тәрбиеленушілердің әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету;

- тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, олардың психофизикалық жай-күйін нығайту және профилактикалық шаралар жүргізу;

- тәрбиеленушілерге еңбек ету дағдыларын сіңіру, еңбек рыногында талап етілетін кәсіптерге оқытып-үйрету;

- тәрбиеленушілерге болашақ кәсібін дұрыс таңдауға және жұмысқа орналасуына жәрдемдесу [21].

Ұлттық заңнама балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін баспанамен қамтамасыз ету мәселелерін жақсы реттейді.

«Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында тәрбиеленушінің балалар ауылында болған бүкіл кезеңінде тұрғын үйдің басқа да меншік иелерімен бірге ортақ меншік; мұрагерлік немесе сыйға тарту тәртібімен және басқа да заңды негізде ауысқан тұрғын үйге меншік; мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған тұрғын үйге меншік құқығын сақтайтындығы, сонымен қатар тұрғын үйі жоқ тәрбиеленушінің балалар ауылында болуы аяқталғаннан кейін, республиканың тұрғын үй заңдарына сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқылы екендігі айқындалған.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары кәмелетке толмағандарды уақытша ұстауды және қабылдауды қамтамасыз ететін білім беру органдарының қарауындағы мемлекеттік ұйым болып табылады.

Орталықтың негізгі мақсаты қадағалаусыз және панасыз қалған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ қатыгездік салдарынан әлеуметтік бейімсіздік пен әлеуметтік депривацияға әкеліп соғатын өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қабылдауды, уақытша күтіп бағуды, бейімдеуді және әрі қарай орналастыруды қамтамасыз ету болып табылады [23].

Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтары – тұрақты немесе уақытша (күндіз) болуды ұсына отырып, сондай-ақ қызметі өмірлік қиын жағдайдың алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асырумен байланысты заңды тұлғаларға ақпараттық, консультациялық, делдалдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну жолымен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін білім беру органдарының қарамағындағы ұйымдар.

Бұл орталықтарда жетім балалар; девиантты мінез-құлықты балалар; арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін балалар; ата-аналарын немесе өзге де заңды өкілдерін анықтау үшін қадағалаусыз және панасыз қалған балалар және т.б. балалар қабылданады [23].

Отбасы үлгісіндегі балалар ауылындағы отбасы – балаларды тәрбиелеудің жаңа нысанынан туындайтын, отбасылық қатынастарды нығайтуға және еңбек дағдыларын сіңіруге, оқыту мен тәрбиелеуге жәрдемдесуге бағытталған жеке мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысты адамдар тобы (тәрбиеші-ана, тәрбиеленушілер).

Балалар ауылының, балалар үйінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттың балансындағы жатақхана немесе пәтерлер жасөспірімдер үйі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Жетім балалар және ата-аналарының қамқорынынсыз қалған балаларға арналған интернаттық мекемелер желісі туралы деректері бойынша елімізде соңғы он жылда (2016 – 2020 ж.ж.) балаларға арналған интернаттардың жалпы саны 210-нан 98-ге дейін азайған, балалар үйінің саны 54-56-дан 23-ке дейін қысқарған (7-кесте).

7-кесте – Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар желісі

	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
<i>Балаларға арналған интернаттардың жалпы саны</i>	210	210	196	188	188	146	149	138	119	107	98
балалар үйлері	54	55	55	56	52	47	41	40	23	23	23
мектеп-интернаттар	23	24	21	15	15	11	10	9	9	9	7
отбасылық типтегі балалар үйлері	27	22	17	16	17	9	9	9	9	7	5
отбасылық типтегі балалар ауылы	10	11	11	11	13	14	14	14	14	15	15
жасөспірімдер үйі	29	34	34	35	35	14	14	14	14	13	13
балалар мен отбасыларды қолдау орталықтары	-	-	-	-	-	-	-	3	12	16	18

Дереккөз: <https://bala.stat.gov.kz/set-internatnyh-uchrezhdenij-dlya-detej-sirot-i-detej-ostavshih-sya-bez-popecheniya-roditelej/>

Ескерту: кестеде әдістемелік ұсынымдардың тақырыбана сәйкес келетін деректер ғана іріктеліп алынған.

Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау мақсатында құрылған отбасылық типтегі балалар ауылында тәрбиеленушілердің жалпы орта білім және тәрбие алуларын, олардың денсаулығын сақтау бойынша емдеу-профилактикалық және психологиялық-диагностикалық жұмыстарға әдістемелік көмек көрсетілуін бақылауды қорғаншы және қамқоршы органдар жүзеге асырады, сонымен қатар тәрбиеші аналарға психологиялық-медициналық-педагогикалық мәселелер бойынша консультациялар беру де бұл органдардың міндетіне жатады.

Әлеуметтік жетімдікті алдын алу мен отбасыларын нығайту бойынша Ұлттық бағдарламасының (SOS Балалар ауылдары) мақсаты – отбасыларын нығайту мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалу қаупі бар балаларға қолдау көрсету болып табылады. Яғни балаларды олардың биологиялық отбасынан айыруды алдын алуға бағытталған шаралар тізбегі жүзеге асырылады. Ата-аналарды білім, білік және ресурстармен қамтамасыз ету, өз балаларының үйлесімді дамуы мен отбасылық ортада өсу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Бағдарлама отбасыларына толыққанды және өз балаларына қамқорлық пен қорғаншылықты қамтамасыз ете алатындай болуға көмектесуге бағытталған.

Сонымен қатар, осы Бағдарлама аясында жергілікті қоғамның әлеуетін нығайту бойынша шаралар жүргізіледі [24].

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша елімізде қазіргі таңда жасөспірімдерді бейімдеудің 13 орталық бар.

Бұл орталықтарда балалар үйінің түлектері 23 жасқа дейін бола алады. Орталықтың қызметкерлері балаларды күнделікті тұрмыста қажетті дағдыларды қалыптастыруға, яғни тамақ пісіруге, өз заттарына ұқыпты қарауға, қаражаттарын жұмсауға үйретеді. Коммуналдық қызмет шығындары жергілікті бюджеттен қарастырылады. Тұрғын үйдегі кезектерін қадағалап отырады. Жұмыс орындарымен байланыста болады. 23 жастан асқан тұлғалардың өзіне бөлінген тұрғын үйі болмаған жағдайда, жалдамалы пәтерге орналасуға көмектеседі.

Ақтөбеде қиын жағдайға тап болған балаларды қолдайтын «Аяла» орталығы бар. Мекеме «Алға» балалар үйі мен кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының бірігуінен құрылған. Бұл өңірде балалар үйі тәрбиеленушілерінің саны азайғандығына байланысты.

Орталықта балаларды тәрбиелеуге және оқытуға, бос уақыттары мен демалысын ұйымдастыруға, медициналық, психологиялық қолдау көрсетуге қажетті жағдайлар жасалған. Ұстаздар мен психологтар балаларға мамандық таңдауға, өз бетімен өмір сүруге көмектеседі. Орталыққа 3-18 жас аралығындағы балалар қабылданады [25].

Орталықтан кейін балалар «Жастар» әлеуметтік орталығына ауыстырылады. Бұл орталықта жастар 29 жасқа дейін бола алады.

Отбасылық типтегі жеке меншік балалар үйінің үлгісі ретінде – Ақмола облысы Целиноград ауданы Малотимофеевка ауылындағы «Светоч» балалар үйін атауға болады. «Светоч» балалар үйін 1999 жылы отбасы және отбасылық қатынастарды дамыту қайырымдылық орталығының негізінде ауыл тұрғыны Лилия Вениаминовна Соловьева құрған. Ол ата-аналары тастап кеткен, қоғамнан шеттетілген көше балаларын өз үйіне жинап, өзінің кішкентай пәтерінде тәрбиеге алған, қазіргі кезде балалар үйінде жетім балалар және ата-аналық құқықтарынан айрылған отбасылардың балалары тәрбиеленуде.

Балалар үйінде балалар ар-ожданға сай өмір сүруге, өзін-өзі тәрбиелеуге және қоғамға нұр, тыныштық, махаббат әкелуге; жұмыс істеуге, яғни көкөністер мен жемістер өсіруді үйренеді. Сонымен қатар, балалардың өз-өзіне қызмет көрсетулеріне: киім-кешектерін тазалауға, жууға, тамақ пісіруге, тігуге, ағаш өңдеуге, үй шаруашылығын жүргізуге басты назар аударылады.

Балалар үйінің жанында мектепте білім беру мемлекеттік стандартқа сәйкес жүзеге асырылады. Мектепте математика, қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, тарих, информатика кабинеттерімен қатар қол өнері, тігін, ағаш өңдеу шеберханалары да бар. Балалар тату отбасы ретінде өмір сүреді және олар мектеп пен өз үйінің өміріне өте белсенді қатысады.

Отбасылық балалар үйінің тәрбиеленушілері аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық көрмелер мен жарыстарға қатысып,

дипломдармен, спорттық кубоктармен, мақтау қағаздарымен марапатталған. Балалардың қамқоршысы – ана олардың жан-жақты дамуына назар аударады, сондықтан да өз ісінің шебері болып танылған хореографтармен, театр және балет қызметкерлерімен, спорт жаттықтырушыларымен келісіп, олар балалармен қосымша сабақтар жүргізеді.

Балалар үйінің алғашқы түлектері Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде, Қазақстан-Ресей университетінде, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжінде», Мәскеу мемлекеттік геодезия және картография университетінде, Косыгин атындағы Ресей мемлекеттік университеті (Мәскеу қ.), Н.А. Кедышко атындағы Минск мемлекеттік сәндік-қолданбалы өнер кәсіптік-техникалық колледжінде және басқа оқу орындарында білім алуды жалғастыруда [26].

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңына сәйкес, әлеуметтік оңалту – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағанды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық жағынан қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені делінген [27].

Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымдары оқу-тәрбие немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесі болып бөлінеді. Бұл ұйымдар:

1) әкімшілік жазалау шараларына әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды жүйелі түрде жасайтын;

2) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алудан қасақана жалтаратын;

3) отбасынан және балалардың оқу-тәрбие ұйымдарынан үнемі кетіп қалатын;

4) қылмыстық процесс бойынша іс жүргізу кезеңінде өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдырыла алмайтын күдікті;

5) өзге де қоғамға жат іс-әрекеттер жасайтын он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуді, оқытуды және әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз ету үшін құрылады [28].

Кәмелетке толмағандарды: әлеуметтік бейімдеу және оңалту; олардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз және панасыз қалуының және қоғамға жат қылықтарының алдын алу; құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; заңға бағыну мінез-құлықтарын қалыптастыру; оқыту және тәрбиелеу процесінің үздіксіздігі мен біртұтастығын қамтамасыз ету – девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернаттардың негізгі міндеттері болып табылады.

Аталған мектеп-интернаттарда қыз балалар мен ұл балаларды бөлек орналастыру қамтамасыз етіледі. Ер және әйел жынысты тәрбиеленушілердің,

сондай-ақ 11-14 жастағы тәрбиеленушілердің жатын корпусарын 15-18 жастағылардан оқшау орналастыру міндетті болып табылады.

Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернатқа жасөспірімдер жергілікті жер сотының шешімі бойынша бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

Қазақстанда заңмен қайшылыққа түскен, әр түрлі себептермен үйлерінен кетіп қалатын, мектепте оқығысы келмейтін және сабақтан себепсіз қалатын балалар және жасөспірімдерге білім беретін және тәрбиелейтін арнайы ұйымдары бар. Ол жерде құқық бұзшылықтың және әлеуметтік ортаға қарсы мінез-құлықтың алдын-алу шаралар бойынша әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар өткізіледі.

Балалар мен жасөспірімдердің арасында девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептерін отбасылардың әлеуметтік қолайсыз жағдайларына байланысты келесі топтарға бөлуге болады:

- балалардың әлеуметтік ыдырауына әсер ететін жағдайларды:
 - балалар мен жасөспірімдерді қайыр сұрауға мәжбүрлеуді;
 - балалар мен жасөспірімдерді құмар ойындарға тартуды немесе қатыстыруды;
 - балалар мен жасөспірімдерді жезөкшелікке мәжбүрлеуді;
 - балалар мен жасөспірімдерді есірткі пайдалануға үйрету немесе сатуға қатыстыруды жатқызуға болады.

➤ Балалардың тұрмыстық тәртіпке келтірілмегендік жағдайын жасайтын себептер деп:

- баланың тамақтануының тұрақты болмауы немесе отбасында азық-түліктің болмауын;
- баланың жыл мерзіміне сәйкес киім-кешегінің және аяқ киімінің болмауын;
- қажетті гигиеналық құралдардың болмауы, баланың тазалыққа үйретілмеуін айтуға болады.

➤ Балалардың ата-аналарының девианттық мінез-құлқымен сипатталатын жағдайларға:

- ата-аналардың әдепке сәйкес келмейтін өмір салтын ұстануларын;
- ата-аналардың маскүнемдікке салынуын;
- ата-аналардың нашақорлыққа берілуін жатқызуға болады.

➤ Балалардың қараусыз қалу жағдайларын жасайтын жағдайларға:

- баланың қараусыз және қадағалаусыз болуы себептерінен көше кезіп кетуін;

- баланың білім алу құқығын бұзуға әкелетін жағдайларды айтуға болады.

➤ Балалардың девиантты мінез-құлқының пайда болуына әсер ететін жағдайларға:

- баланың заңға қайшы әрекеттер жасауына әкелетін жағдайларды;
- баланы алкогольді ішімдіктер ішуге, темекі шегуге, есірткі пайдалануға тарту тәрізді себептерді жатқызуға болады [29].

Девиантты мінез-құлықты балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарының негізгі принциптері:

- баламен, мектеп ұжымымен, отбасымен, баланы қоршаған ортамен қарым-қатынастың кешенділігі;

- тұлғалық, мінез-құлықтық, коммуникативтік қасиеттерді түзетудің жүйелілігі;

- нақты өмірде және нақты жағдайда қолдана білудің практикалық бағыттылығы;

- түзету жұмысының субъектісі ретінде баланың белсенділік принципі;

- балаға қатысты жұмыстың бірізділігі немесе жүйелілігі (түзетуден кейін бала бақылауда қалдырылады және екінші профилактикалық топқа ауыстырылады);

- мамандар жұмысының үздіксіздігі, білім беру ұйымындағы девиантты балалар туралы мәліметтердің деректер банкінің қалыптастыру мүмкіндігі.

Девиантты мінез-құлық және ерекше тәрбиелеу режимі бар балаларға арналған мектеп-интернаттардың түрлерін және олардағы тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдер санын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректерінен көруге болады (8-кесте).

Кестенің соңғы бес жылдағы деректерін талдау арқылы келесідей қорытынды жасауға болады:

- мектеп-интернаттардағы балалар саны 2016 жылы – 233 болса, келесі жылы 71 балаға азайған, ал 2018 жылы керісінде – 138 балаға көбейген, 2019 жылы 70 балаға көбейсе, 2020 жылы – 97 балаға азайған;

- балалар мен жасөспірімдердің құқық бұзушылығын жастарына қарай қарастыратын болсақ, 11-ден 13-ке дейінгі жас аралығында 2020 ж. – 16 бала әр түрлі құқық бұзушылық жасаған, ал 13-тен 16 жас аралығындағы құқық бұзушылық жасаған жасөспірімдер саны – 126 және 16 мен 18 жас аралығындағы 131 жас қоғамға жат құлық көрсеткен, яғни балалардың құқық бұзушылық мәселесі өз шешімін тапқан жоқ деуге болады.

Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернаттан кеткен 195 бала мен жасөспірімнің 2020 жылы – 14-і; 2019 ж. – 2; 2018 ж. – 2; 2017 ж. – 9; 2016 ж. – 5-уі ешқайда оқуға немесе жұмысқа орналаспаған, яғни интернаттан кейінгі қолдау көрсету бойынша әлеуметтік сала мамандары, аудандық/қалалық білім бөлімдерінің мамандары, жергілікті жердің білім беру ұйымдарының әкімшілігі, әлеуметтік педагогтары және басқа да жауапты тұлғалар бұл тараптағы жүргізілетін жұмысты жандандырулары қажет.

8-кесте – Девиантты мінез-құлқы және ерекше тәрбиелеу режимі бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы балалар саны

	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Девиантты мінез-құлқы және ерекше тәрбиелеу режимі бар балаларға арналған мектеп-интернаттарындағы балалар саны, барлығы	332	292	264	238	249	237	233	162	300	370	273
ұлдар	210	186	148	155	150	140	120	139	197	238	150
қыздар	122	106	116	83	99	97	113	23	103	132	117
11 жастан 13 жасқа дейін	34	23	13	33	16	31	16	17	29	25	16
13 жастан 16 жасқа дейін	158	152	119	107	111	111	110	89	174	212	126
16 жастан 18 жасқа дейін	140	117	132	98	122	95	107	56	97	133	131
оның ішінде санаттар бойынша:											
отбасынан және балалардың оқу-тәрбие ұйымдарынан қасақана кетіп қалғандар	233	211	215	196	211	182	205	114	163	258	84
әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар	31	35	31	29	21	31	20	39	65	119	66
іс-әрекетінде жауапқа тартылатын қылмыс жасағандар	65	46	11	13	8	19	8	9	55	66	53
басқа қоғамға қайшы іс-әрекеттерді жасағандар	3		7	0	9	5	0	0	17	50	72
Жалпы санынан кеткендер, барлығы	286	261	205	169	190	161	171	117	197	195	195
оның ішінде:											
мектепке оқуға	217	211	160	119	141	109	135	72	116	107	89
колледжге оқуға кеткендер	49	38	29	31	34	35	21	24	20	41	59
жұмысқа тұрғандар	16	12	15	10	3	8	10	12	20	42	30
орналаспай қалғандар	4	0	1	9	12	9	5	9	2	2	14

Дереккөз: <https://bala.stat.gov.kz/kz/shkoly-internaty-dlya-detej-s-deviantnym-povedeniem-i-osobym-rezhimom-vospitaniya/>

3 Девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған балалар үйлері мен интернат ұйымдарының түлектерін әлеуметтік бейімдеуді және психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлері мен интернаттар қаншалықты сақталса, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өз бетінше өмір сүруге бейімделу кезеңінде арнайы көмек пен қолдау жүйесін ұйымдастырудың әлеуметтік қажеттілігі соншалықты болады. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуді мемлекеттік мекемелерден шығарудың біршама табысты процестеріне қарамастан, жыл сайын балалар үйлері мен интернаттарды жүздеген түлектер бітіреді.

Кешегі күні жетім балалар ұйымдарының тәрбиеленушілері болған жас жігіттер мен қыздар өздерінің жас ерекшеліктеріне тән жеке әлеуметтік мәселелерді шешіп қана қоймай, өз бетінше өмір сүруге үйренулері тиіс болады. Жетім балалардың дербес өмірге ену процесі ғылыми әдебиеттерде интернаттан кейінгі бейімделу деп аталды. Бүгінгі күні бұл өмірдің қарқынды және серпінді, көп қырлы және күрделі процесі ретінде қарастырылады, оның барысында балалар интернатының түлегі тиісті бейімделу реакцияларының негізінде әлеуметтік ортаның талаптарына сәйкес тұрақты дағдыларды дамытады.

Қоғам, түлектің түсетін әлеуметтік ортасы басқа кез келген жастан күтетіндей оған да неғұрлым жоғары талаптар қояды. Балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының түлектері белсенді өмірлік ұстанымды ұстанады, білім алуға және болашақ кәсіби қызметіне саналы көзқарас қалыптастырады, адамдар арасында өз орнын таба алады, әлеуметтік нормалар мен мүдделерді құрметтейді, қоғам алдындағы және өзіне деген жауапкершілікті сезінеді деп күтіледі. Балалар үйі ұйымының және интернаттық мекеменің түлектерінің әлеуметтік бейімделу процесінде мінез-құлық (негізгі әлеуметтік рөлдерді), яғни адамның әлеуметтік қызметін орындауға дайындық қалыптасуы, сонымен қатар кез келген түлек өзін-өзі бақылауға және өз-өзіне күтім жасауға қабілетті, маңайындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға қабілетті, өзін-өзі дамытуға және жүзеге асыруға қабілетті болуы тиіс.

Әрине, бұл нәтижеге жету үшін түлектің бойында тұлғалық дербестік, ерік-жігер, белсенділік, мақсаттылық, өз өмірін түсініп, жоспарлай білу сияқты іргелі қасиеттердің болуы шарт. Тұлғаның дәл осы қасиеттерін қалыптастыру балалар үйлері мен мектеп-интернаттарда тәрбиенің нақты жағдайларына, сондай-ақ отбасынан айырылу нәтижесінде баланың өмірінде пайда болған психологиялық мәселелерге байланысты қиындық тудырады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сонымен қатар девиантты мінез-құлықтарына байланысты интернаттық ұйымдарда болған балалардың дамуының әлеуметтік жағдайы осы санаттағы балалардың ерте депривациясымен, яғни негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілетінің

төмендеуінен немесе толық айырылуынан пайда болатын жоғалту, айрылып қалу қорқынышымен сипатталады. Сонымен қатар, өзі үшін маңызды ересектермен толыққанды қарым-қатынастың болмауымен, өмірді ұйымдастыру отбасынан алшақ мекемеде тәрбиеленуімен ерекшеленеді. Осы факторлардың барлығы ішкі тұрақсыздық, агрессивтілік, қарым-қатынаста қиындықтар, тәуелділік позициясының қалыптасуы, даралықтың жеткіліксіз дамуы мәселелерін тудырады.

Девиантты мінез-құлық нормаларға сәйкес келмейтін, топтың немесе бүкіл қоғамның өмір-салтына сәйкес келмейтін мінез-құлық деп түсініледі.

Мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің барлығында дерлік ересектермен қарым-қатынаста жағымсыз тәжірибесі мен мінез-құлықтың жағымды үлгілерінің жоқ екені белгілі. Бұл топтағы балаларға қарым-қатынас проблемалары, қақтығыстар, агрессивтілік тән. Жетімдік жағдайы баланың, одан кейін ересек адамның өмірінде із қалдырады.

Мектеп-интернаттың мінез-құлық ауытқулары бар балалармен жүргізетін барлық тәрбие және түзету жұмыстары – ауытқулардың алдын алу және профилактикалық сипатта болуы керек, яғни балалар мен жасөспірімдердің қандай ерекшеліктері (кемшіліктері) болуы мүмкін болса да, жеке және жасына байланысты қызығушылықтарын ескере отырып, олардың әлеуетін жүзеге асыру және олардың қабілеттерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Мектеп-интернаттың педагогикалық шарттары тәрбиенің құрамдас бөлігі болып табылады. Ол балалардың толыққанды өмір сүруін қамтамасыз ететін өзара байланысты материалдық және рухани құндылықтардың болуын көрсетеді. Тәрбие-түзеу және оңалту жұмысындағы ең маңызды бағыт – педагогтар мен мектеп-интернат мамандарының тығыз байланыста құрылатын және ұйымдастыратын тәрбие ортасы, жалпы оқу-тәрбие процесінің тиімділігі осыған байланысты болады.

Девиантты мінез-құлықты балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеудегі негізгі қиындық тәрбиеленушілердің отбасында, мектепте, қоғамда мінез-құлық нормалары мен ережелерін сақтау қалыптаспауында болып табылады. Олар үшін қоғамдық тәртіпке, әлеуметке қарсы, аутоагрессивті іс-әрекеттер тән және кейбір жағдайларда ғана олар жасөспірімдердің жеке басының дамуындағы ауытқуларға байланысты болады. Көп жағдайда жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы – бұл олардың отбасылық тәрбие үлгісіне және отбасында туындаған қиын өмірлік жағдайға реакциясы екенін де атап өту қажет. Оңалтудан өткен жасөспірімдердің көпшілігі мектепке бармау немесе сабақтан қашу, темекі шегу, ішімдік ішу, есірткі қолдану тәжірибесі болады, қоғамға қарсы әрекеттер мен қылмыстар жасайды. Тәрбиеленушілер қылмыс жасау тәжірибесін (көбінесе ұрлық, бұзақылық) ересектерден жасырмайды.

Мектеп-интернаттардың негізгі міндеті – тәрбиеленушілердің девиантты мінез-құлқын, құрдастар ұжымында, білім беру ұйымдарындағы, қоғамдағы олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіру, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастарын жақсартуға және үйлестіруге көмектесу.

Девиантты мінез-құлықты балалар мен заңмен қақтығысқа түскен жасөспірімдерді оңалту бірнеше кезеңнен тұрады:

- бірінші кезең – жабық. Бұл кезеңде мамандардың күш-жігері кәмелетке толмағандарда әлеуметтік қолайлы және маңызды мінез-құлық формасын қалыптастыруға және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған жұмыс жүргізіледі. Бұл кезеңде баланың қоғаммен тәуелсіз қарым-қатынасы барынша шектеледі. Қоғаммен өзара әрекеттесу моделі мен ережелерін мектеп-интернаттың тәрбиешісі, педагог-психологы, әлеуметтік педагогы және әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандары қалыптастырады.

Екінші кезең – жартылай жабық. Кәмелетке толмаған баланы қоғамдық өмірге қатысуға, әртүрлі әлеуметтік институттармен өзара әрекеттесуге, мәдени және ойын-сауық орталықтарына баруға тартады. Қоғаммен өзара әрекеттесу мамандардың қадағалауымен жүреді.

Үшінші кезең – ашық. Бұл кезеңде жасөспірімде жеткілікті күшті сенімдер, әлеуметтік бағдарлар қалыптасқан кезде толық қайта әлеуметтену орын алады. Бала қоғамдық өмірге дербес қатысады, оң мінез-құлық үлгісі қалыптасады. Мамандардың рөлі қолдауға дейін азаяды.

Балалардың девиантты мінез-құлқының алдын алуда жалпы білім беру ұйымдарында жүргізілетін жұмыстардың орны ерекше болып табылады. Атап айтқанда: мектеп біліміндегі олқылықтардың орнын толтыруға, үй тапсырмаларын орындауға көмек пен бақылауға, мұғалімдермен және сыныптастармен тиімді қарым-қатынас дағдыларына үйретуге, баланың оң тәжірибесі мен жетістіктеріне сүйену арқылы мектептегі ынтаны қалыптастыруға бағытталған қосымша сабақтар өткізу. Сынып жетекшісінің мектеп ұжымымен, отбасымен тығыз байланысы, білім алушының сабаққа қатысуын үнемі бақылауда ұстауы маңызды рөл атқарады. Мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалардың мектепке үнемі баруын, сонымен қатар мектеп-интернаттан келген жасөспірімдердің аралық тоқсандық аттестаттауда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаларының болмауын қадағалау да қажет.

Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернаттардың оқу-тәрбие процесі әлеуметтік-педагогикалық, профилактикалық (алдын алу), мәдени-әлеуметтік, бағыт ретінде қарастырылатын еңбек тәрбиесі бағыттарында жүргізілуі тиіс. Әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ:

Әлеуметтік-педагогикалық бағыт – бұл баланың жеке тұлғасын және оны қоршаған ортаны зерттеу арқылы оның жеке мәселелерін шешуге ықпал ететін нақты балаға бағытталған әрекет; баламен қарым-қатынас жасаудың барабар жолдарын іздеу; балаға өз мәселесін өз бетінше шешуге көмектесетін құралдарды анықтау болып табылатын іс-әрекет. Бұл қызмет

- балаға жеке-тұлғалық көзқарас;
- бала тұлғасының жағымды жақтарына сүйену;
- балаға объективті көзқарас;
- құпиялылық принциптері арқылы жүргізіледі.

Әлеуметтік-педагогикалық бағыт профилактикалық іс-шаралар кешені түрінде, сондай-ақ балалар өмірінің әртүрлі салаларын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Профилактикалық бағыт – бұл жасөспірімдердің мінез-құлқындағы әртүрлі девианттық ауытқуларды тудыратын негізгі себептер мен жағдайлардың алдын алуға, жоюға немесе бейтараптандыруға бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік-медициналық және ұйымдастырушылық-тәрбиелік іс-шаралар жиынтығы болып табылады.

Тәрбие жұмысындағы профилактика немесе алдын алу дегенді – дер кезінде қабылданған, яғни:

әлеуметтік қауіп тобындағы кәмелетке толмаған тұлғаның бойында мүмкін болатын физикалық, психологиялық, әлеуметтік-мәдени жағдайлардың алдын алуға;

баланың қалыпты өмір сүру деңгейін және денсаулығын сақтауға, қолдауға және қорғауға;

балаға әлеуметтік маңызды мақсаттарға жетуге және оның ішкі мүмкіндіктерін ашуға көмектесуге бағытталған шаралар деп қарастыру қажет.

Баланың өзінде де, әлеуметтік және табиғи ортада да ыңғайсыздық көздерін жоюға және сонымен бірге кәмелетке толмаған тұлғаның алдында туындаған мәселелерді шешу үшін қажетті тәжірибені алуы үшін жағдай жасауға назар аудару;

- балаға алдына қойған мақсаттарға жетуге немесе денсаулықты сақтауға көмектесетін жаңа дағдыларды үйрету;

- әлі туындамаған мәселелерді шешу, олардың пайда болуының алдын алу тәрізді компоненттер болған жағдайда ғана алдын алу шараларының тиімділігі қамтамасыз етілуі мүмкін деп саналады.

Профилактикалық технологияларда, ең алдымен, кәмелетке толмағандарды олардың құқықтары мен міндеттері туралы, мемлекет, қоғам қоятын талаптар, белгілі бір жас тобы үшін белгіленген әлеуметтік нормалардың орындалуы туралы ақпараттандыруға бағытталған *ақпараттық тәсіл* ерекше орын алады. Бұл жеткіншектің құқықтық санасын қалыптастыру, білімін арттыру, адамгершілік-этикалық нормаларды бойына сіңіру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары (баспа, теледидар), кино, театр, көркем әдебиет, сондай-ақ оның қоғамдағы мінез-құлық нормаларын қоғамдық тәрбие жүйесі арқылы меңгеруі арқылы жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-алдын алу тәсілі әр түрлі жағымсыз мінез-құлық құбылыстарын тудыратын себептер мен жағдайларды анықтауды, жоюды және бейтараптандыруды басты мақсат ретінде қарастырады. Жасөспірімдік шақ барлық балалық шақтың ішіндегі ең қиыны мен күрделісі және адам дамуы кезеңдеріндегі девиантты мінез-құлықтың пайда болуы үшін ең қауіпті кезі болып табылады. Оны өтпелі жас деп те атайды, өйткені бұл кезеңде балалық шақтан ересектікке өтудің бір түрі орын алады, сондықтан жасөспірімдердің ауытқуларының алдын алу мәселесі өзекті болып табылады.

Жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтік маңызы бар іс-әрекеттерге араласпауы немесе тартылмауы, бос уақытының көп болуы, не істерін білмеуі – олардың келеңсіз құбылыстарға баруының басты себебі болып табылады. Сонымен қатар, жасөспірімдік кезеңнің жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды қоғамға жат әрекеттерге итермелеу жеңіл.

Мәдени-әлеуметтік бағыт.

Тәрбиеленушілердің бос уақытын және демалысын ұйымдастыру механизмін жетілдіру мәселесі мектеп-интернат үшін өзекті болып саналады, өйткені балалар онда үнемі тұрады. Балаларды ынталандыра отырып, тұлғаның шығармашылыққа, оқу-ағарту, мәдени және әлеуметтік-бос уақытын өткізуге саналы қажеттілігін қалыптастыру қажет.

Балалардың бос уақытын ұйымдастырудағы түзеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдер ұсынылады:

- қызығушылығын ояту және әрекетке баулу мақсатын көздейтін әдісі;
- қалпына келтіру әдісі;
- бекіту және байыту әдісі;
- көмектесу және шығармашылық әдісі.

Тәрбиеленушілердің жалпы білім беретін пән сабақтарына ғана емес, үйірмелер мен секцияларға да қатысуына баса назар аудару қажет. Жасөспірімдердің сабақтан кейінгі бос уақыттарын пайдалы іспен толықтыруларына қолдау көрсету қажет. Бұл өте маңызды, өйткені оңалтудан өткеннен кейін баланың бос уақыттағы қызығушылығы қалыптасады және ол интернаттан кейін үйірмеге немесе секцияға баруды жалғастыра алады.

Тәрбиеленушілердің эстетикалық талғамын, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін және олардың жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін театрларға, циркке, мұражайларға және басқа да жерлерге экскурсиялар ұйымдастырудың тәрбиелік мәні зор. Балаларды патриоттық тәрбиелеу мақсатында тарихи жерлерге, батырларға арналған мемориалдық ескерткіштерге саяхат, белгілі адамдармен кездесулер ұйымдастырылады және өткізіледі.

Ата-аналармен және тәрбиеленушілермен отбасылық қатынастарды үйлестіруге бағытталған жұмыс аясында медициналық-әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық оңалту бағдарламасына сәйкес жеке жұмыс, яғни мектеп-интернаттың немесе жалпы білім беру ұйымдарының психологы және басқа да мамандары консультациялар мен сабақтар өткізеді. Ата-аналармен балалардың жеке және жас ерекшеліктерін түсінуге, туындаған жанжалды жағдайларды сындарлы түрде шешуге бағытталған оқыту сабақтары өткізіледі.

Қызығушылығын ояту және әрекетке баулу мақсатын көздейтін әдісі – жеткіншектердің белгілі бір жағымды іс-әрекетке қатысуға деген көзқарасы мен ынтасын ояту мақсатында қолданылады және мұны педагог қалыптастырған нақты тәрбиелік мақсатты жүзеге асырудың бастамасы деп санауға болады.

Бұл әдіс арқылы тәрбие эмоционалды-тиімді деңгейде жүзеге асырылады. Педагог қызығушылықты әңгімелесу, көрсету, оқу, ойнау және т.б. тәсілдерді

қолдану арқылы оятады. Ол жеткіншектердің зейінін, эмоциясын, ой-өрісін қажетті әлеуметтік қасиеттердің қалыптасуына ықпал ететін мақсаттар мен әрекеттерге бағыттайды. Жасөспірімдерде белгілі бір қоғамдық құнды іс-әрекеттерге және осындай әрекеттермен байланысты мақсаттарға деген көзқарастың пайда болуы тәрбиенің бұл деңгейінің негізгі нәтижесі болып табылады.

Қалпына келтіру әдісі – ұйымдастырған оқу-тәрбиелік және түзету іс-әрекетінің сол деңгейде іс жүзінде орындалуын қамтамасыз етеді. Бұл әдістің көмегімен жасөспірімді белгілі бір әрекетті орындауға және белгілі бір тұлғааралық қарым-қатынастарды орнатуға бағытталған тәрбие процесінің іс жүзінде репродуктивті деңгейіне, сонымен қатар қызметтің бағыттылығы ең алдымен, педагогтің қорында бар нақты жаттығулар, тапсырмалар, «жарылыс», режим, дәстүр, ынталандырулар, талаптар тәрізді әдістемелерге қол жеткізіледі.

Олардың көмегімен жасөспірімдердің іс-әрекеті нақтыланады, олардың реттілігі анықталады, барлық қатысушылар арасындағы байланыс, әрекетке қойылатын талаптар, оның сипаты нақтыланады. Жасөспірім тарапынан әрекетті, қарым-қатынасты жаңғырту бұрын қолданылған тыңдау, бақылау, жазу әдістерін қолдану арқылы жүзеге асады. Демалыс саласындағы әлеуметтік-педагогикалық тәжірибеде бұл әдіс арқылы педагог жасөспірімге білім мен дағдының минимумын алуға, өз бетінше әрекет ету үшін жеке әлеуметтік тәжірибе жинақтауға, оның әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектеседі.

Топтастыру және байыту әдісі жасөспірімдердің бойында қажетті әлеуметтік қасиеттердің одан әрі қалыптасуына әсер етеді. Бұл әдістің көмегімен жасөспірімдердің өз бетінше әрекеті белсендіріледі, олардың өзін-өзі ұйымдастыруы ынталандырылады. Жеткіншектердің дербестігін арттыру мақсатында олардың бойында қажетті әлеуметтік қасиеттерді нығайтуды мұғалім ескі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, бірақ жаңа міндеттермен және білім берудің жаңа деңгейімен байланыстырады. жаңа әдіс-тәсілдердің ішінде, ең алдымен жеке үлгі, сын мен өзін-өзі сынау, пікірталас, болашақты белгілеу, қоғамдық пікір және т.б. қолданылады. Жұмыс орны немесе ұжымы, мектеп, отбасы және т.б. әртүрлі бағыттағы әлеуметтік қауымдастықтарда өмірге қажетті жеке қасиеттердің шоғырлануы байқалады.

Жасөспірім тұлғасының әлеуметтік қасиеттерін одан әрі жетілдіру бұл әдістің негізгі нәтижесі болып табылады.

Көмектесу және шығармашылық әдіс оқу-тәрбие процесінің дамуын ең жоғары деңгейге – жеткіншектердің оны сезінуіне және жүзеге асыруына әкеледі.

Жастардың бос уақытын өткізу саласының өзіндік ерекшеліктері бар. Жасөспірімдердің бос уақытты өткізуі, басқа жас топтарының бос уақытынан өзінің ерекше рухани және физикалық қажеттіліктеріне және өзіне тән әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты айтарлықтай өзгешеленеді. Бұл ерекшеліктерге эмоционалдық ұтқырлықты, қозғалыстық белсенділікті, көңіл-күй өзгерістерін, көрнекі және интеллектуалдық

сезімталдықты жатқызуға болады. Жасөспірімдер барлық жаңашылдыққа, белгісіз нәрсеге жақын болады. Жастарға тән ерекшеліктерге олардың ізденіс белсенділігінің басым болуы жатады. Ойын-сауық, жеңіл музыка, би, ойындар, ойын түріндегі телебағдарламалар тәрізді жасөспірімдерге арналған демалыстың ең тартымды түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Демалысты ұйымдастырудың формасы ретінде қызығушылығы бойынша үйірмелерді, көркемөнер және техникалық шығармашылық үйірмелерін, дискотекаларды айтуға болады.

Жастардың бос уақыт саласындағы қызметі еріктілікке, жеке бастамаға, қарым-қатынасқа және шығармашылыққа деген қызығушылыққа негізделген.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту мақсатын жүзеге асыра отырып, бос уақыт жағдайында жеке бастамашылық пен еріктілікті, тұлғалардың іс-әрекет түрін ескере отырып, бос уақытты ұйымдастырушылар өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа арналған бағдарламаларды қамтитын іс-шаралар өткізеді.

Сондықтан жасөспірімдерді әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға: оларды балалар үйінің қоғамдық өміріне тартуға, үйірме жұмыстарына, әртүрлі әлеуметтік маңызды жобалар мен акцияларға тартуға ықпал ету маңызды. Дегенмен, педагогтің міндеті білім алушыларды ересек өмірге дайындау ғана емес. Балалардың жан-жақты дамуының кепілі ретінде олардың өмірін «осында», «қазір», «бүгін» лайықты, мағынаға толы ету қажет.

Арнайы білім беру саласы ретінде жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алуда мектеп-интернаттардағы қосымша білім берудің өзіндік басым бағыттары бар. Қосымша білім беру педагогтерінің жұмысы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеу мәселелерін шешеді, оларды әлеуметтік және рухани тәжірибені игеруге бағыттайды.

Оқыту арқылы балаларымызды кәсіби және әлеуметтік тәрбиелеу жүзеге асырылады, тұлғаның қалыптасуы жүреді, балаларымыздың қазіргі қоғамға бейімделуіне бағытталған дербес өмірге дайындық жүргізіледі. Пішу және тігін, сәндік-қолданбалы өнер, хореография би, техникалық шығармашылық, театр үйірмелерін, сұлулық салонын қосымша білім беру ретінде ұсынуға болады.

Бос уақыттағы сүйікті іс-әрекеттер балалардың эмоционалдық денсаулығын нығайтады, күйзелістен және болмашы уайымдардан арылуға көмектеседі. «Қиын» бала үшін оңтайлы ұйымдастырылған бос уақыттың ерекше құндылығы оның ішіндегі ең жақсысын ашып, жүзеге асыруға көмектесуі.

Бос уақытта сүйікті іс-әрекеттерімен айналысу балалардың эмоционалдық денсаулығын нығайтады, күйзелістен және болмашы уайымдардан арылуға көмектеседі. «Қиын» бала үшін оңтайлы ұйымдастырылған бос уақыттың ерекше құндылығы – тұлғаның бойындағы жақсы қасиеттерді ашуға және жүзеге асыруға мүмкіндік беруінде болып табылады.

Еңбек тәрбиесі бағыт ретінде тәрбиеленушілер үшін нақтылық, ұқыптылық, шыдамдылық, табандылық, өзіне және өз күшіне деген сенімділік,

барлық жұмысқа құрметпен қарау өмірлік құнды тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу құралы болып табылады. Бұл өз кезегінде, әлеуметтену проблемаларының бірі болып саналатын – девиантты мінез-құлықты балалардың бос уақытын ұйымдастыру мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Үйірмелерде олар әрбір болашақ үй иесіне қажетті инемен, тігін және тоқу машинасында жұмыс істеудің қарапайым білімдері мен дағдыларын алып қана қоймайды, сонымен қатар шығармашылық қиялдарын дамытады.

Жазғы демалыс кезінде еңбек бригадаларының ауыл шаруашылығы жұмысын ұйымдастыруға көңіл аудару қажет, олар: интернат жанындағы бау-бақшада көкөніс және жеміс-жидектер өсіру; гүлзарларды күту, мектеп-интернат аумағын абаттандыру мен жобалауға белсенді қатысу.

Волонтерлік қозғалыс девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс істеу және оларды әлеуметтік маңызды іс-әрекеттерге тарту бағыттарының бірі ретінде жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауын, өзіне деген сенімділіктерін арттыруға көмектеседі.

Девиантты мінез-құлық балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының көп болуы және осы уақытты тиімді ұйымдастыра алмаушылық, оның еңбекпен немесе басқа да әлеуметтік маңызды істермен толтырылмауымен байланысты болатыны белгілі.

Балаларды еңбекке, оқу іс-әрекетіне, бос уақытты белсенді өткізуге баулу заңды мінез-құлыққа, тұлғаның жағымды қасиеттеріне, айналасындағылармен сындарлы қарым-қатынасқа оң мотивацияны қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді. «Тәуекел тобының» балаларының белсенді қызметі олардың қарым-қатынас жүйесін өзгертуге, өмірлік дұрыс ұстанымдарын нығайтуға және дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын түзету бойынша тәрбие жұмысының қолданыстағы бағыттары девиантты мінез-құлықты бақылауға алуға бағытталған, оған мыналар кіреді: біріншіден, девиантты мінез-құлықтың аса қауіпті нысандарын қоғамдық пайдалы немесе бейтарап түрлерімен ауыстыру, ығыстыру; екіншіден, қоғамдық мақұлданған немесе бейтарап арнадағы баланың әлеуметтік белсенділігінің бағыты.

Тұлға мен мінез-құлықтың бұл ерекшеліктері мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің әлеуметтік бейімделуін қиындатады, өзіндік кедергілер ретінде әрекет етеді.

Әлеуметтік бейімделудегі осы және басқа да көптеген кедергілерді жеңу үшін кейде бір адамның қолынан келмейтін айтарлықтай күш-жігер қажет. Міне, сондықтан да балалар үйінің және интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілерінің әлеуметтік бейімделу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін мекемелердің әлеуметтік жұмыс мамандарының және басқа да мамандардың (психологтар, мұғалімдер, тәрбиешілер) бірлескен қызметі қажет. Олардың іс-әрекетін үш кезеңге бөлуге болады.

1. Дайындық кезеңі – баланың мемлекеттік мекемеге түскен сәтінен басталады және осы уақыттан бастап оның алдында ұзақ мерзімді жаңа жағдайларға еріксіз бейімделу мәселесі туындайды. Оның жаңа жағдайларға

бейімделуіне көмектесу үшін мамандарға осы баланың мінез-құлық ерекшеліктері, оның бейімділігі мен қызығушылықтары, көзқарастары мен әдеттері туралы ақпарат қажет. Психологиялық және әлеуметтік диагностика жүргізу – бұл кезеңдегі басты міндет болып табылады. Ол үшін әңгімелесу, сұхбат, бақылау, тестілеу, өмірбаяндық және т.б. әртүрлі әдістер қолданылады. Әлеуметтік-психологиялық диагностика тәрбиеленушілердің тұлғалық ерекшеліктерін, олардың қажеттіліктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын, әлеуметтік ортасын, проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әлеуметтік дамуының болжамдарын әзірлеу және өзгеру динамикасын бақылау, әлеуметтік тәуекел тобындағы білім алушылармен әлеуметтік-профилактикалық жұмыстың бағыттарын белгілеу қажет.

Бұл кезеңде баланың отбасынан айырылуына байланысты болған психологиялық жарақатымен жұмыс істеу қажет. Бұл жұмыста негізінен ойын терапиясы, арт-терапия (арт-терапияның өзі, ертегі терапиясы, музыкалық терапия т.б.), сонымен қатар әртүрлі релаксация жаттығулары қолданылады. Жоғарыда аталған әдістердің негізгі мақсаты – балаға өз сезімін оған жағымсыз эмоционалды тәжірибемен байланысты ауыр ішкі уайымдардан арылуға мүмкіндік беретін, ол үшін ең қолайлы формада (ойын, сурет салу және т.б. арқылы) білдіруге көмектесу.

2. Екінші кезең – тәрбиеленушінің мекеме жағдайына бейімделуіне көмектесуді көздейтін әлеуметтік топқа қосуды қарастырады. Бұл кезеңде тәрбиеленушіні мекемемен, ұжыммен таныстыру қажет (мекеменің мақсаты мен міндеттерін түсіндіру, күнделікті жұмыс тәртібімен, көмек көрсету қызметі мен әкімшіліктің орналасуымен таныстыру). Бұл жағдайда әңгімелесу, кеңес беру, мекеменің күнделікті өмірі мен бос уақыты туралы стендтер мен альбомдарды, әртүрлі техникалық құралдарды пайдалану арқылы әңгімелеу тәрізді әртүрлі әдістерді қолдануға болады – мұның бәрі тәрбиеленушінің бойындағы сенімсіздікті, қобалжуды азайтуға, бейімделуді жеңілдетуге мүмкіндік беруі тиіс.

Бұл кезеңдегі әлеуметтік бейімделудің сәттілігі бөлме мен көршілерді таңдау, психологиялық климат, дәстүрлер және т.б. көптеген факторларға байланысты болады.

Қолайлы психологиялық микроклимат құруды мекеменің бүкіл ұжымы, яғни әлеуметтік жұмыс мамандары, мұғалімдер, психологтар, тәрбиешілер, медицина қызметкерлері және т.б. бірлесіп жүзеге асырады. Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыс маманы бұл процесте үйлестіруші рөлін атқарады, тәрбиеленушілердің мүдделерін ескере отырып топ мүшелерімен өзара әрекеттеседі, туындайтын қайшылықтарды шешуге қатысады. Бұл кезеңде жеке және топтық жұмыс түрлерін байланыстыру өте маңызды (мысалы, білім алушыларды біріктіруге бағытталған әлеуметтік-психологиялық тренингтер және т.б.). Көптеген балалар үйлерінде және интернаттарда білім алушылардың еңбекке, қоғамдық өмірге қатысуы, бос уақытты өткізуі, қарым-қатынас жасауы

тәрізді бейімделуге ықпал ететін факторларды қамтитын әлеуметтік бейімделу бағдарламалары әзірленеді.

Көптеген мамандар балалардың:

- өз мінез-құлықын өздігінен бақылау, жағымсыз әсерлерге қарсы тұруы;
- педагогикалық әсерлерге адекватты көзқарас танытуы;
- ересектер мен құрдастар арасындағы қарым-қатынасты үйлестіруі;
- балалар ұжымының өміріне белсенді қатысуы балалар үйі жағдайында

әлеуметтік бейімделуін болжайтындығын атап көрсетеді.

3. Үшінші кезең – қоғамдағы өмірге әлеуметтік бейімделу. Бұл кезеңдегі жұмыс білім алушылардың қоғамдық іс-әрекетке қатысуы, жаңа әлеуметтік тәжірибені, білім, білік, дағдыларды меңгеруі арқылы қоғамдық пайдалы рөлдерді меңгерулеріне бағытталған.

Бұл кезең өте маңызды және ол баланың мекемеде болған барлық уақытына созылады деп айтуға болады, өйткені балалар үйі немесе интернат жетім және девиантты мінез-құлықты балалардың кәмелеттік жасқа толғаннан кейін кететін уақытша тұратын жері болып табылады. Тәрбиеленушілердің қоғамға бейімделуінің сәттілігі балалар үйінен немесе интернаттан кейінгі өмірге қаншалықты дайындай алатындығына байланысты.

Интернаттық мекемелер тәрбиеленушілерінің әлеуметтік бейімделуінің негізгі бағыттарын:

- әлеуметтік-еңбек;
- жеке тұлғалық;
- әлеуметтік-тұрмыстық;
- отбасылық бейімделу деп бөлуге болады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды және девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге арналған интернаттардың түлектерін әлеуметтік-еңбекке бейімдеу мазмұны келесі компоненттерді қамтиды:

- өзін-өзі кәсіби анықтауға жағдай жасау;
- оқу дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіптік бағдар беру;
- өндірістік қатынастар туралы тәжірибе жинақтау [30].

Интернаттық мекемелер тәрбиеленушілерінің жеке тұлғалық бейімделуі:

- балалардың бойында өзіндік сана-сезімінің қалыптасуын;
- әңгімелесу, тыңдау, жанжалдық жағдайлардағы мінез-құлық стратегиясы тәрізді коммуникативтік дағдылардың қалыптасуын;

- эмоциялардың көрінуін түсіну, оларды әлеуметтік қолайлы формада көрсету жолдарын іздеу тәрізді эмоционалдық сфераны дамытуды қамтиды.

Әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу жетім балалардың бойында жеке өмір сүруге қажетті өзін-өзі күту, үй шаруашылығын жүргізу және т.б. нақты білім мен дағдыларды қалыптастыруды білдіреді. Интернаттық мекемелерде өмір сүретін балалардың отбасылық бейімделуі олардың әлеуметтік бейімделуінің маңызды саласы болып табылады. Ол балаларды тәуелсіз отбасылық өмірге және патронаттық отбасылардағы өмірге дайындауға бағытталған [31].

Тәжірибеде мектеп-интернаттардың бұрынғы тәрбиеленушілері өмірдің жаңа әлеуметтік жағдайларына бейімделуде айтарлықтай қиындықтарды бастан кешіретіндігі белгілі. Бұл бейімделу процесі барлық түлектер үшін бірдей қиын дегенді білдірмейді. Олардың кейбіреулері қоғамға сәтті және жеңіл кірігеді. Алайда, көпшілік түлектерге өз-өзіне сенбеушілік, өмірдегі өз орнын анықтай алмаушылық, көпшілік жағдайда ерте және жауапсыз некеге тұру мен ата-ана болу, кәсіптік білім алуды аяқтаудан бас тарту, жұмысқа тұрудағы проблемалар – бірінші жұмыс орнында тұрақтамаудан бастап мүлдем жұмыс істегісі келмеу, объективті және субъективті себептерге байланысты пайда болатын тұрғын үй алудағы қиындықтар, өз денсаулығына деген немқұрайлы көзқарас, ішімдік ішу, соның салдарынан заң бұзушылық тәрізді әлеуметтік және жеке мәселелер тән.

Әлеуметтік қызметтер мен жүйелі көмекке көбірек көңіл бөлуді қажет ететін балалар үйлері мен мектеп-интернаттары түлектерінің ең осал санаттарына келесі топтар жатады:

- жалғызбасты аналар мен мүгедек балалары бар аналар;
- бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан және босатылған түлектер;
- мүгедектігі бар түлектер;
- жұмыс табуда қиындықтарға тап болған (жұмысынан айырылған, жұмыссыз, жұмыс істегісі келмейтін, жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген және/немесе тіркелмеген) түлектер;
- тұрғылықты жері белгісіз, өздеріне бекітілген тұрғын үйді тастап кеткен түлектер;
- мінез-құқықтық тәртіпті және заңды бұзатын, әлеуметке қарсы мінез-құлық танытатын түлектер;
- тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемалары бар түлектер (тұрақты баспанасы жоқ; апатты жағдайдағы тұрақты тұрғын үйі бар; ата-анасымен және/немесе қоғамға жат өмір салтын ұстанатын басқа да туыстарымен бірге тұратын).

Осылайша, түлектердің әлеуметтік бейімделу процесі, балалар үйі ұйымдарынан және интернаттық мекемелерден кейінгі бейімделу мақсаттарын қамтамасыз ету үшін түлек пен қоғам тарапынан айтарлықтай күш-жігерді және жеке, әлеуметтік-экономикалық ресурстарды тартуды талап етеді. Түлектерге қоғам ұсынатын әлеуметтік кепілдіктерді жүзеге асыру және өз бетінше өмір сүруді ұйымдастыру кезеңінде кәсіби көмек көрсету жүйесін құру – интернаттан кейінгі бейімделудің сәттілігіне айтарлықтай әсер ететін екі қажетті фактор болып табылады.

Қоғамның әлеуметтік және экономикалық шығындары өзін-өзі ақтайды, өйткені интернаттан кейінгі сәтті бейімделу жағдайында қоғамға толыққанды мүшелер қосылады. Ал, керісінше, түлектердің әлеуметтік бейімсіздігі өткір әлеуметтік проблемаларды, соның ішінде әлеуметтік жетімдіктің тудырады.

Балалар үйлері және мектеп-интернат түлектерін интернаттан кейінгі қолдау бүгінгі күні жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған

балаларға тәуелсіз өмірде және интернаттан кейінгі сәтті бейімделуге көмек (қолдау) жүйесі ретінде қарастырылады.

Жетім балаларға интернаттан кейінгі қолдауды мазмұндық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қарастыруға болады.

Мазмұндық жағынан интернаттан кейінгі қолдауды балалар үйінің түлегімен өзара қарым-қатынас, яғни оған өмірлік қиын жағдайларда шешім қабылдауға бағытталған әр түрлі көмек көрсету, оның қоғамдағы тәуелсіз өмірлік жағдайға бейімделу процесінде өз ресурстарын белсендендіруді көздейтін өзара әрекеттесу процесі деп айтуға болады.

Интернаттан кейінгі қолдаудың мазмұны мен негізгі мақсатын, түлектермен жұмыстың негізгі бағыттарын түсінумен байланысты. Кез келген әлеуметтік орта және жеке тұлға әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесіне қатысатын тараптар болып табылады. Адамның бейімделуінің сәтті немесе сәтсіздігі қоршаған ортамен ғана емес, сонымен қатар оның жеке басының ішкі, мотивациялық құрылымымен де анықталады, жеке тұлғаның қажеттіліктерінің, мақсаттарының және ынтасына байланысты, ол кейіннен сәйкес мінез-құлық стратегиясын таңдауды және жүзеге асыруды анықтайды. Интернаттан кейінгі қолдаудың мақсаттарын айқындау барысында бейімделудің әлеуметтік және психологиялық жақтары өзара байланысты және біртұтастықты құрайтынын, олардың болуы бейімделу үшін қолайлы жағдайлар жасайтынын ескеру қажет. Қоғам түлектерге көмектесу үшін маңызды ресурстар ұсына алады, бірақ бейімделу процесіне тұлғаның ішкі бейімделу ресурстары тартылмайынша сәтті болмайды.

Қазіргі уақытта түлектерге интернаттан кейінгі бейімделуге іс жүзінде көмек көрсететін барлық субъектілердің қызметі, бірінші кезекте оларды әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың кешегі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік әл-ауқатының негізін қалайды, бірақ олардың әлеуметтік-психологиялық мәселелерін шешпейді.

Осыған байланысты, интернаттан кейінгі қолдаудың мақсаты – түлектерді әлеуметтік қана емес, психологиялық жағынан да қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Интернаттан кейінгі қолдаудың мақсаты жетім балалардың өзінің дербестігімен, ұтқырлығымен және жауапкершілігімен ерекшеленетін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде табысты интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады. Түлекпен жеке жұмыс процесінде сенім және әлеуметтік жетістік атмосферасын құру, түлектің белсенді өз бетінше әрекеті мен өзін-өзі қамтамасыз етуге тұрақты ынтасы; оның өз күшіне деген сенімін, өз өмірін жоспарлау және ұйымдастыру қабілетін дамыту интернаттан кейінгі қолдаудың тиімділігінің ең маңызды психологиялық-педагогикалық шарты болып саналады.

Интернат түлегі өміріне қатысатын барлық мамандар қызметінің негізін құрайтын дәлелдеусіз қабылданатын негізгі пікірлерге келесілер жатады: гуманистік көзқарасқа бағдарлау (баланы және оның дамуын білім берудің

басты құндылығы ретінде түсіну); жүйелі және мақсатты жұмыстың қажеттілігі, оның үздіксіз сипаты, тұлға дамуының жағымды ішкі мүмкіндіктеріне сүйену; ықпал етуден гөрі түлекпен өзара әрекеттесу; жас адамның өзіндік шығармашылық белсенділігін, оның өзекті мәселелер мен даму міндеттерін өз бетінше шешу қабілетін қолдау.

Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алғанда, түлектің субъективтілігін дамыту, яғни оның ішкі ресурстарын және өмірдегі ұстанымын белсендіру интернаттан кейінгі қолдаудың өзегі болып табылады.

Бұл міндет интернаттан кейінгі бейімделудің барлық кезеңдерінде: тәрбиеленушіні өз бетінше өмірге дайындау кезінде, түлек алғашқы дербес қадамдар жасай бастаған кезеңде және болашақта ол өзіндік дербес еңбек әрекетін бастағанда және отбасын құрғанда да негізгі міндет болып табылады.

Ұйымдастыру тұрғысынан алғанда, түлектерді интернаттан кейінгі қолдау – бұл жетім балалармен жұмыс істеудің осы саласына жауапты құрылымдық элементтері болып табылатын мекемелер мен қызметтер, яғни өте күрделі механизм, көмек жүйесі.

Интернаттан кейінгі қолдау көрсету процесінде мемлекеттік мекемелер мен қызметтер қолданыстағы заңнама негізінде жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мүдделерін қорғауға және қоғамға кірігуіне бағытталған өзара байланысты құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және басқа да шаралар кешенін жүзеге асырады.

Интернаттан кейінгі бейімделу күрделі сипатқа ие және мектеп-интернат түлегі өмірінің барлық салаларын, яғни:

- білім алумен байланысты, оқу әрекетін;
- тұрғылықты мекен жайы бойынша өмірлік әрекеттерін;
- жұмыс істейтін жеріндегі өмірлік әрекеттерін;
- бос уақытын өткізу және мәдени өміріндегі әрекеттерді қамтиды.

Осыған байланысты интернаттан кейінгі бейімделу кешенді және күрделі сипатқа ие болады: түлек өзінің тұрғылықты жерін ғана емес, кейде ауылдан қалаға және керісінше қаладан ауылға қоныс аударумен байланысты болуы мүмкін бүкіл таныс әлеуметтік ортасына өзгеріс енгізеді; оқу ұжымында да өзгеріс пайда болады; қарым-қатынас жасап жүрген бұрынғы ортасынан жаңа ортаға келеді; күнделікті белгілі күн тәртібі мен ұйымдастырылған тамақтанудың орнына ендігі уақытта өз қажеттіліктерін өзі қанағаттандыру қажеттілігімен ауыстырылады. Сонымен қатар, балалар үйіндегі тәрбиешілер тарапынан әдеттегі қамқоршыл (ата-аналық) көзқарастың орнына, жатақханада мектеп бітіруші өз өміріне ересектер сияқты жауап беру талаптарымен бетпе-бет кездеседі, көпшілік жағдайда маңайындағылардың немқұрайлы көзқарасын, түсінбеушілігін сезінеді, тіпті дұшпандық қатынасқа тап болады.

Олардың шешімі көбінесе бір-бірімен байланысты емес және әртүрлі ведомстволық бағыныстылығы бар қызметтер мен бөлімдердің қызметімен байланысты. Сонымен қатар, балалар үйлерінің және интернаттық

мекемелердің түлектерін қолдау кешенді болуы және түлектердің барлық проблемалары мен мүдделерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Интернаттан кейінгі қолдаудың ұйымдастырушылық элементі жетім балаларды интернаттан кейінгі бейімдеу саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылмен байланысты.

Қазіргі уақытта интернаттан кейінгі қолдауға кіретін мекемелердің ауқымы айтарлықтай кең. Балалар үйлері мен мектеп-интернаттар, кәсіптік білім беретін оқу орындары, халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары интернаттан кейінгі тікелей қолдау көрсету мекемелеріне жатады.

Жетім балалардың интернаттан кейінгі бейімделуінің сәтті өтуі үшін әлеуметтік серіктестік негізінде құрылған бұл ұйымдардың өзара іс-қимылы, ортақ мақсаттар, жауапкершіліктер өте маңызды болып табылады. Әрбір ұйым немесе мекеме мамандарының қызметі бейімделудің белгілі бір кезеңімен байланысты болады.

«Интернаттан кейін» терминінің өзі бейімделу үдерісінің жетім балалардың балалар үйінен шыққанынан кейін басталатынын білдіретініне қарамастан, оның басталуын осы кезеңмен байланыстыру қателік болар еді. Интернаттан кейінгі бейімделудің мәні түлек өміріндегі алдыңғы – интернатта болу кезеңімен тығыз байланысты болуы тиіс.

Интернаттан кейінгі қолдау – мектеп бітірушілер мен қорғаншылықтағы адамдарға қиын өмірлік жағдайлардың алдын алуға немесе еңсеруге, қоғамда табысты әлеуметтік бейімделуге бағытталған жүйелі кәсіби көмек көрсету болып табылады.

Интернаттан кейінгі қолдаудың жүйелілік принципі жүзеге асырылатын адамның өмірінің негізгі салаларын қамтитын кешенді тәсілді болжайды және тұтас, көп деңгейлі, дамушы жүйе болып табылады.

Балалар үйінің түлектерін қолдау жұмысы келесі шаралар тізбесін тұрады:

- әлеуметтік-психологиялық – кеңес беру, түлектің келісімімен психологиялық диагностика жүргізу, психологиялық қызметтер алуға көмектесу;

- әлеуметтік-педагогикалық – түзету, кеңес беру, бос уақытын ұйымдастыруға көмектесу;

- әлеуметтік құқықтық – құжаттарын реттеуге көмек көрсету, заңға байланысты қызметтер алуға көмектесу, құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына жәрдемдесу және т.б.

Жетім балалардың және девиантты мінез-құлықты балалардың әлеуметтік бейімделуінің жетістігі балалар үйінен немесе интернаттан шыққаннан кейін балалардың әлеуметтік бейімделуі баланың мекемеден шыққанға дейін қандай тәрбие алғанымен тікелей байланысты болады.

Түлектердің бейімделу ресурстары балалар үйінде болған кездің өзінде қалыптасуы тиіс. Сондықтан да жетім балалардың интернаттан кейінгі бейімделуі интернаттан, тәуелсіз өмірге шығар алдында басталады деп сеніммен айтуға болады.

Балалар үйлері мен мектеп-интернат түлектерін интернаттан кейінгі қолдау процесі *дайындық, бейімделу, интеграция (ықпалдасу, кірігу)* кезеңдеріне бөлінеді.

Балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбие жұмысы аясында жүзеге асырылатын жетім және девиантты мінез-құлықты балаларды дербес өмірге сапалы дайындау – *дайындық кезеңінің мақсаты* болып табылады.

Тәуелсіз өмірге дайындық жұмыстары келесі бағыттар бойынша жүргізілуі тиіс:

- даралықты дамыту және тұлғаны қалыптастыру – тұлғалық дағдарысты жеңуге көмектесу, жеке өмір желісін қалыптастыру;

- жеке өмірлік стратегияны әзірлеу, өзін-өзі тануға мүмкіндіктер мен жағдайларды қамтамасыз ету (психологиялық және физикалық қасиеттер, қабілеттер, дағдылар және т.б.);

- қызмет құрылымын меңгеру – мақсат қою, оған жету құралдарын таңдау, нәтижелерді жоспарлау және бағалау дағдыларын дамыту;

- адам өміріндегі еңбектің қажеттілігі туралы тұрақты қызығушылықтарын, ынталарын, идеяларын қалыптастыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, еңбекке қабілеттілігін дамыту.

Мамандар жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар мен кәсіптік білім беру ұйымдарының интернаттан кейінгі қолдау көрсету ұйымдары арасындағы жұмыста сабақтастық пен жүйелілікті жүзеге асыруы қажет.


Екінші кезең – бейімделу кезеңі кәсіптік мамандық алу кезімен (кәсіби білім беру оқу орнының түріне байланысты 2 жылдан 4 жылға дейін, кейбір мамандықтар бойынша одан да көп) байланысты. Бейімделу процесі девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге арналған мектеп-интернаттарда болған балалар оқуын жалпы білім беретін мектептерде жалғастырған жағдайда білім беру ұйымында жалғасуы тиіс.

Үшінші кезең – интеграциялық кезең тұлғаның өзінше дербес өмір сүріп бастаумен, яғни еңбек жолының басталуымен немесе отбасын құрумен байланысты болады. Бұл кезде түлекті халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары жетекшілік етуі тиіс.


Интернаттан кейінгі қолдаудың әрбір кезеңінің нақты мақсаттары анықталады (1, 2, 3-суреттер).

Сонымен қатар, әлеуметтік кепілдіктерді жүзеге асыруға байланысты жеке мәселелерді шешуге және түлектердің басқа да маңызды мәселелерін шешуге қатысатын бірқатар органдар мен мекемелер белгіленген (4-сурет).


Осылайша, балалар үйінің және мектеп-интернат түлектерінің интернаттан кейінгі бейімделуін қамтамасыз ету үшін жетім балалардың мәселелерін шешуге тартылған барлық субъектілердің күш-жігерін біріктіру, олардың үйлестірілген және мүдделі өзара әрекеттесуі, ортақ мақсаттарға бағынуы тиіс.



1-сурет. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды балалар үйінен кейінгі қолдаудың дайындық кезеңінің негізгі мақсаттары



2-сурет. Балалар үйінен кейінгі бейімделу кезеңін қолдау мақсаттары



3-сурет. Балалар үйінен кейінгі қолдау кезеңінің интеграциялық міндеттері

Қалалық/аудандық атқару комитеттерінің басқармалары Администрации городских/районных исполнительных комитетов
Қалалық/аудандық білім бөлімдері Қорғаншылық және қамқоршылық органдары
Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі
Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемелері
Кәсіпкерлік субъектілері (түлектердің жұмыс орындары) Әлеуметтік және идеологиялық мәселелер жөніндегі бөлімдер
Денсаулық сақтау органдары
Ішкі істер органдары
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдары

4-сурет. Балалар үйлері ұйымдарының және мектеп-интернаттары түлектерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүйесіне кіретін органдар мен мекемелер

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл халыққа, бұл жағдайда жетім балаларға әлеуметтік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру тәсілі болып табылады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл балалар үйі және мектеп-интернат түлектерінің қоғамға әлеуметтік кірігуін қамтамасыз етуге бағытталған және нақты аумақтық бірліктер шегінде жүзеге асырылатын әртүрлі ведомстволық бағыныстағы әлеуметтік қызметтердің келісілген, өзара бір-біріне тәуелді және келісілген іс-әрекеттерінің механизмі ретінде қарастырылады.

Жетім балаларды, сонымен қатар девиантты мінез құлықты балаларды интернаттан кейінгі қолдау жүйесіндегі барлық мамандар қызметінің жалпы мақсаты олардың қоғамға оның толыққанды мүшелері ретінде кірігуін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл өмірді реттеуге және тәуелсіз өмірге

бейімделуге көмек көрсету, мектеп бітірушінің интернаттан кейінгі бейімделу мәселелерін алдын алу және шешу, қоғамда бейімсізденуге әкелетін өткір әлеуметтік мәселелердің туындауының алдын алу және жүйелі жұмысты талап етеді, сонымен қатар әлеуметтік жетімдіктің көбеюіне жол бермеу болып табылады.

Бейімделудің соңғы нәтижесін және табыстылығын анықтауға арналған көрсеткіштер түрі көп. Алайда түлектердің интернаттан кейінгі жалпы бейімделуін олардың қоғамға тиімді кірігуі негізгі әлеуметтік кепілдіктің жүзеге асуымен жүзеге асырылады немесе түлектің өзінің өмірлік іс-әрекеттерінің негізгі көрсеткіштеріне қанағаттанушылығына, өзін психологиялық тұрғыда қорғалғанмын деп есептеуіне, білім алушының, жұмысшының, үй иесінің, азаматтың әлеуметтік ролдерін атқара алуына, өзін-өзі жүзеге асыра алуына байланысты жағдайларда ғана біз бейімделу сәтті өтті деп айта аламыз.

Интернаттан кейінгі бейімделудің барысы мен нәтижелерін бағалау бойынша мамандар оқу орны түлектерінің әлеуметтік бейімделу критерийлерінің жүйесін пайдалануларына болады.

Әлеуметтік бейімделу критерийлері:

- білім алу;
- еңбек қызметі;
- әлеуметтік мәртебеге ие болу;
- қажетті әл-ауқат деңгейіне ие болу;
- өзінің тұрғын үйінің болуы;
- денсаулық;
- әлеуметтік қолдау ортасы;
- бос уақытын ұйымдастыру;
- мінез-құлық пен жағдайларды өздігінен реттеу қабілеті;
- әлеуметтік ширақтық;
- өзін-өзі бағалау;
- эмоционалды жағдай;
- өмірлік белсенділікке қанағаттанушылық.

Сонымен қатар, интернаттан кейінгі қолдауды ұйымдастыру келесі принциптерге негізделуі тиіс:

Мамандардың бақылауы мен қамқорлығынан дербестікке *біртіндеп көшу* принципі.

Қолдау түлектің өміріне бір қадамдық араласу емес, оның аясында түлекті әлеуметтендіру және оған көмек көрсету мәселелері дәйекті және кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын ұзақ мерзімділік принципі.

Түлектің өзінің белсенді позициясы – өзара әрекеттесу процесінде түлек міндетті түрде белсенді позиция ұстана алуы керек.

Тәртіптілік – қолдау кешенді тәсілді қажет етеді. Бұл қағидатты жүзеге асыру үшін – шараларға әртүрлі профильдегі мамандар: әлеуметтік педагогтар, психологтар, педагогтар, заңгерлер және т.б. қатысады.

Түлектердің мүдделеріне сәйкестік – бұл принципті сақтау әлеуетті ресурстық мүмкіндіктерді анықтауды және бейімделу процесінің жеке траекториясын жобалауды қамтиды.

Жүйелілік принципі – қолдау көрсету үдерісі түлектің өзімен, оның жеке ерекшеліктерімен және тіпті оқу орнын аяқтаған кездегі оның әлеуметтік ортасымен жұмыс істеумен шектелмейді. Ол түлектердің өмір сүру ортасының барлық компоненттерін қамтиды.

Орташа нормадан бас тарту принципі – бұл принцип таңбалаудан бас тартуды және ымырасыз қорытындыларды білдіреді. Ол норманың не екенін түсінуді анықтайды.

Үздіксіздік принципі – түлектің бейімделу мүмкіндіктеріне жұмсалған күш-жігерді сәйкестендіруді білдіреді.

Позитивті-ресурстық диагностика принципі – тірек іргетасы түлектің субъективті ресурстық әлеуетін анықтауға, яғни оның бейімделу мәселелерін сәтті шешуіне мүмкіндік беретін факторларды анықтауға жағдай жасайтын диагностика болуы тиіс.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардан шыққаннан кейін, түлектер олардың болашақта өздігінен алаңсыз өмір сүремін деген пікірлерінің қате екендігі, балалар үйінен тысқары жерде белгілі бір білімді, тәжірибені және ересек адамның қолдауын қажет ететін өмірдің бар екені, тәуелсіз өмір сүру үшін өмірлік білімнің қажеттігі тәрізді көптеген мәселелерге тап болады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда болу жасөспірімдердің бойында белгілі бір із қалдырады, яғни олар бірнеше жылдар бойы мемлекет тарапынан толық қолдауға ие бола отырып, өз бетінше таңдау жасау, шешім қабылдау және өз қызметін жоспарлау мүмкіндігінен айырылады. Балалар үйінің тәрбиеленушілерінің көпшілігінде ата-ана, бауыр, туыс, жұбай тәрізді ұғымдар туралы қарапайым көзқарас қалыптаспаған. Балалар үйінің қабырғасынан өзіндік өмірге шыққаннан кейін, түлектер алғашқы дербес өмір жолдарында кездескен проблеманың алдында мүлдем дәрменсіз екендіктерін сезінеді.

Әлеуметтену процесі мамандар мен түлектердің бірлескен күш-жігерін талап ететін бірқатар қиындықтарға, тығырықтық жағдайларға толы болуы мүмкін. Осыған байланысты интернаттан кейінгі бейімделу сатысында, түлек өзі тәрбиеленген балалар үйінің мамандарының жан-жақты көмегін қажет болады.

Интернаттан кейінгі қолдау 18 жасқа толған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (олардың жеке өтініші бойынша) ұйымда болу мерзімін аяқтаған балалар үшін жүзеге асырылады.

Интернаттан кейінгі қолдауды жүзеге асырудың негізгі міндеттері:

- білім беру ұйымы білім алушылары мен түлектерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- білім беру ұйымы түлектерінің интернаттан кейінгі қоғамда сәтті әлеуметтену процесінде жеке кешенді қолдауды жүзеге асыру;

- білім беру ұйымының тәрбиеленушілері мен түлектеріне қиын өмірлік жағдайларды шешуде, оның ішінде жұмысқа орналасу мен еңбекке бейімделуде, жеке қиындықтарды анықтауда, өмірлік мәселелерді шешуде консультациялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;

- мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, білім беру ұйымдарының түлектері оқитын немесе жұмыс істейтін мекемелермен және кәсіпорындармен, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, халықты жұмыспен қамту мекемелерімен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

- білім беру ұйымының білім алушылары мен түлектерін интернаттан кейінгі қамтамасыз етудің жүзеге асырылуын бақылау, жұмыстың неғұрлым тиімді нысандары мен әдістерін анықтау.

Интернаттан кейінгі қолдауды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету:

Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы Конвенциясы.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктермен Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелерінде өзара іс-қимылы бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 373 бұйрығы.

«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығы.

«Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 мамырдағы № 283-IV Заңы.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Түлектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету бойынша нормативтік құқықтық базаны іске асыру тетіктері: (тұрғын үй алу кезегіне қоюдың дұрыс ресімделуі, жұмыс істемейтін түлектерге бала күту демалысын ресімдеу, есепке алу, басқа аудандардан, облыстардан келгендерді есепке алу, жетім балалардың тұрғын үй-жайларын жөндеу).

Түлектерді интернаттан кейінгі қолдау келесі *принциптерге* негізделуі тиіс:

- жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың интернаттан кейін қоғамға сәтті кірігуін қамтамасыз ететін мемлекеттік кепілдіктерді жүзеге асыру принципі;
- жүйелілік принципі (түлектерді интернаттан кейінгі қолдау – бұл біртұтас, көп өлшемді, көп деңгейлі дамушы жүйе);
- түлектерді интернаттан кейін бейімдеудің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру принципі;
- барлық бейімдеу шараларын түлектің мүдделеріне бағыттау принципі;
- бейімдеу шараларының жеке тұлғаға бағытталу принципі;
- әлеуметтік қызметтердің іс-әрекеттерінің бірізділік/өзара байланыстылық принципі;
- мамандардың командалық жұмысындағы өзара байланыстылық, мультимедиялық тәсілдеріне негізделген кешенді сүйемелдеу принципі;
- түлектің өзіндік белсенділігін, оның маңызды мәселелерді және даму міндеттерін өз бетінше шешу қабілетін қолдау принципі;
- интернаттан кейінгі қолдау нысандарының, мазмұны мен қарқындылығының түлектің өзгертін қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкестігі принципі;
- түлектің дағдарыстық жағдайлары мен өмірлік қиындықтарының алдын алуға бағыттау, алға бастыру принципі;
- көмекті қабылдаудағы еріктілік, түлектің өмірлік қиын жағдайлардан шығуға белсенді қатысуы принципі;
- түлектің өз мүмкіндіктеріне сүйене отырып дамуы үшін жасырын ресурстарды іздеу және осы негізде өзін-өзі дамыту үшін психологиялық жағдай жасау принципі;
- жеке тұлғаның нақты жетістіктері мен мінез-құлқына қарамастан адамға сенім, құрмет, оның құндылығын мойындау принципі;
- адрестілік, заңдылық, құпиялылық, қолжетімділік, алдын алу, кәсіби құзыреттілік принципі;
- кәсіби этика нормаларының сақталуына жауапкершілік принципі.

Девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған балалар үйлері мен интернат ұйымдарының түлектерін интернаттан кейінгі әлеуметтік бейімдеу механизмдері, әдістері, формалары және технологиялары

Интернаттан кейінгі бейімдеу кезеңінде жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік және педагогикалық-психологиялық жұмыстың технологиялары мен әдістерін дамыту, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан шыққан адамдарды интернаттан кейінгі қолдауды әдістемелік қамтамасыз ету әлеуметтік жұмыс тәжірибесін жетілдірудің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану қажеттілігі әлеуметтік жұмыстың көп салалы сипатына байланысты болғандықтан әлеуметтік қызметтер әртүрлі көптеген функцияларды орындауы керек. Жетім балаларды интернаттан кейінгі қолдауды жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыс мамандарының қызметінің құрамына әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттерді біріктіреді, бұл әлеуметтік жұмыстың мазмұнын айтарлықтай кеңейтеді, сонымен қатар мамандардың жоғары кәсібилігін талап етеді.

Себебі, әдетте көмек көрсететін қызметкерлер көмек қажет етушінің тұрғылықты жерде тіркеудің, тұрғын үйдің, тұрмыстық заттардың жоқтығы, жұмыссыздық тәрізді көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемалармен, кәсіби білімнің болмауы, керенаулық позиция, әлеуметке қарсы мінез-құлық және т.б. әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық проблемалар кездеседі. Аталған проблемалар қызметкердің жұмысын қиындатады, жұмыстың әртүрлі механизмдерін, әдістерін, формалары мен технологияларын тәжірибеде қолдануды анықтайды.

Әлеуметтік бейімдеу және оңалту әдістері балалар үйінің түлегін жаңа өмір жағдайлары мен өмірлік іс-әрекеттеріне бейімдеуге, бұзылған немесе жоғалған әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарды (туыстарымен, көршілерімен), әлеуметтік және тұлғалық маңызды сипаттамаларын, қасиеттері мен мүмкіндіктерін қалпына келтіруге ықпал етеді. Бұл әдістер балалар үйінің түлектері үшін өзекті болып табылады, өйткені олардың барлығы жаңа өмір жағдайларына бейімделеді, бірақ олар жетім балалар арасындағы ерекше санаттағы адамдарға – девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернаттық мекемелерден оралған, дамуында психофизикалық ерекшеліктері бар тұлғаларға, жалғызбасты аналарға және т.б. аса қажет. Бұл әдістерге патронат, патронаж (глоссарийді қараңыз), еңбек терапиясы, кеңес беру, нұсқау беру және т.б. жатқызуға болады.

Сонымен қатар, түлектерді интернаттан кейінгі қолдауды ұйымдастырудың келесідей әдістері де бар:

- тренингтер жүргізу;
- психологиялық тестер жүргізу;
- білім алуға және жұмысқа орналасуға, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу;

- түлектерді мемлекеттік және жергілікті басқару органдарында өкілдік ету;
- мекемеде уақытша тұруды қамтамасыз ету;
- психологиялық қолдау тобы;
- түлектердің құқықтық құзыреттілік деңгейін арттыру сабақтары;
- түлектердің бірлестіктері (клубтары);
- тақырыптық кездесулер, семинарлар, конференциялар және басқа да іс-шаралар;
- жасөспірімдермен өзара әрекеттесу немесе қарым-қатынас жасау әдісі (1-қосымша).

Әлеуметтік бақылау әдістері интернаттан кейінгі бейімделу нәтижелерінің әлеуметтік нормалар мен заңдылықтарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік бақылау әдістері ресми (құқықтық нормалар арқылы) және бейресми (өзара бақылау және қоғамдық пікір арқылы) нысанда жүзеге асырылады. Бұл әдістерге әлеуметтік қадағалау, бақылау және нәтижелерді тексеру, қоғамдық пікір жатады.

Интернат түлектеріне интернаттан кейінгі қолдау көрсететін мамандарға әлеуметтік жұмыс әдістерінің келесі топтарын қолдану ұсынылады.

Әлеуметтік диагностика әдістері мектеп-интернат түлектерінің әлеуметтік мәселелерін құраушы элементтерге бөлу арқылы талдауды көздейді, соған сәйкес шағын зерттеулер және диагностика жүргізіледі. Әлеуметтік диагностика әдістеріне бақылау, сауалнама және әңгімелесу, тестілеу, құжаттарды талдау, өмірбаяндық әдіс және т.б. жатады.

Диагностика – интернаттан кейінгі қолдау көрсететін маманның негізгі міндеттерінің бірі. Бұл техникалық қызмет көрсету процесін дұрыс жоспарлау және оны жүзеге асыру нәтижелерін қорытындылау үшін қажет.

Диагностика нақты көрсеткіштер негізінде түлектің әлеуметтік мінез-құлқына жан-жақты объективті баға беруге мүмкіндік береді. Түлектің әлеуметтік дағдылары мен әлеуметтік желісін зерттеуге бағытталған негізгі диагностикалық құрал ретінде әдістер, яғни әлеуметтік ортаның ресурстары мен тәуекелдері қабылданған.

Әлеуметтік дағдылардың қалыптаспауы – басқалармен қарым-қатынасты сақтай алмау, жеке жұмыс орнын өзгерту немесе басқа адамдарға агрессивті мінез-құлық көрсету тәрізді ортаға бейімделе алмайтын, тіпті әлеуметке қарсы мінез-құлықтың пайда болуының маңызды факторы болып табылады. Әлеуметтік дағдылардың жеткілікті дәрежеде дамымауы түлектің оқшаулануына, қорқынышына және әлеуметті ортадан өзін бөлек ұстау әкелуі мүмкін.

Әлеуметтік дағдылардың даму деңгейін зерттеу әдісін жалпы орта білім беру ұйымдарының 7-9 және 10-11-сыныптарында оқитын жасөспірімдерді тексеру үшін қолдануға болады және ол әсіресе әртүрлі әсер ету нәтижесінде дағдылардың даму деңгейін анықтау немесе салыстырмалы әдіс ретінде тиімді болып саналады. Бұл әдіс қысқа мерзім ішінде түлектің бойындағы әлеуметтік дағдылардың қалыптасу деңгейін, сонымен қатар ол үшін қандай әлеуметтік

дағды ең қарапайым, қайсысы қиын екенін анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың бастапқы кезеңінде тұлғаның белгілі бір дағды бойынша әлеуметтік табысын өзі қалай бағалайтыны туралы ақпарат алуға болады. Алайда бұл жеткіліксіз болып табылады, өйткені біз тұлғаның әлеуметтік дағдыларды орындаудың қандай деңгейіне бағытталғанын, өзін кіммен салыстыратынын білмейміз. Осы белгілерді анықтау үшін зерттеудің екінші бөлімі өткізілуі, онда зерттелушінің пікірінше бұл дағдылар, оның құрдастарының бойында қаншалықты дамығанын бағалануы тиіс. Осы ақпаратты алғаннан кейін ғана зерттеуге қатысып отырған нақты бір түлек үшін қандай дағдылар және олар қаншалықты маңызды екенін түсінуге болады (2-қосымша).

Бұл әдістемеде А.П. Гольштейн жасаған әлеуметтік мінез-құлық үлгісі қолданылады. Бұл модель 5 санатқа бөлінген негізгі дағдыларды анықтайды, олар:

Бастапқы дағдылар – адамға басқа адамдармен байланыс орнатуға, әңгімеге қатысуға мүмкіндік беретін ең төменгі дағдылардың кейбірі.

Әңгімелесуде өзін-өзі көрсету – бұл өз сезімдері мен тәжірибелерін білдіру немесе ақпаратты басқа адамға жеткізу білігі.

Басқа адамның әңгімедегі пікіріне немесе оның басынан өткергеніне реакциясы.

Алдағы іс-әрекеттерді жоспарлау дағдылары – басқа адамдармен сөйлеспес бұрын немесе бірдеңе жасамас бұрын, оны жоспарлау және алдағы әрекетке қалай дайындалу керек.

Агрессивті мінез-құлыққа баламалар – қақтығыстар мен қарым-қатынастардың бұзылуын болдырмау немесе жанжалды жағдайда өзін қалай ұстау керек.

Түлектердің ресурстарын анықтау үшін «Негізгі әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудың сараптамалық бағасы» атты арнайы диагностикалық әдіс қолданылады.

12 мен 21 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастардың негізгі әлеуметтік дағдыларын сараптамалық бағалау.

Сараптамалық бағалауды интернаттан кейінгі қолдауды көрсететін маман жүргізеді. Оның міндеті – әдістемеге енгізілген және сауалнамада көрсетілген әрбір дағдыны түлектің қаншалықты меңгергендігін бағалау.

Бағалау алты параметр бойынша жүргізіледі:

оқуға немесе жұмысқа қатысу – мамандықты немесе жұмысты таңдауға көмектесетін білім мен дағдыларды меңгеру білігі;

бос уақытты мәнді өткізу – бос уақытты пайдалы өткізу, қызықты істерді табу білігі;

өзінің жеке тұрғын үй кеңістігін және күнделікті өмірін құру және ұстау – тұратын орнын жайластыру және үй шаруашылығын жүргізу білігі;

басшылықпен, мемлекеттік мекемелермен және билік органдарымен өзара іс-қимыл – жоғары тұрған басшылардың нұсқауын заңды түрде қабылдау;

қабылданған мінез-құлық нормалары шеңберінде өз мүдделерін қорғау қабілеті;

денсаулығына және сыртқы келбетін қамқорлық жасау – өзінің дене пішіні мен сыртқы келбетіне, дұрыс тамақтануға, қауіп факторларын болдырмауға қамқорлық жасау;

достық пен әлеуметтік байланыстарды құру және қолдау – достық байланыстарды орнату және қолдау, ашық болу, басқаларға сену және құпия ақпаратты сақтау, серіктестіктің маңызды рөлін түсіну.

Әрбір параметр 4 балдық шкала бойынша бағаланатын 10-12 көрсеткішті қамтиды:

0 – бітірушінің дағдыларды мүлде меңгермеген;

1 – дағдыларды аз ғана дәрежеде меңгерген;

2 – дағдыны көп мөлшерде меңгерген, бірақ мінсіз емес;

3 – дағдыны мінсіз меңгерген.

Интернаттан кейінгі қолдау көрсету туралы шарт жасау уақытына түлекпен кіріспе (алғашқы) диагностика және интернаттан кейінгі қолдау көрсету процесінде түлектің бойында дағдының нақты бір түрінің қалыптасуы, сонымен бірге интернаттан кейінгі қолдау шараларының тиімділігінің нәтижесі туралы айтуға болатын қорытынды диагноз жүргізіледі. Аралық диагностика да жүргізілуі мүмкін, оның нәтижелері бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарына түзетулер енгізіледі.

Желілік орта картасы

Түлектің «табиғи қолдау жүйесін» құрайтын, ол эмоционалдық, физикалық, экономикалық және ақпараттық қолдау алатын ең жақын адамдар тобы – түлектің әлеуметтік қолдау желісі болып табылады. Әлеуметтік желі жасөспірімнің әлеуметтенуі қарқынды жүретін шақта, ересек адамның әлеуметтік мінез-құлқының қалыптасуына негіз болатын білімдер, нормалар, құндылықтар жүйесі, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру кезінде жасөспірімдік кезеңде қалыптаса бастайды. Жасөспірімнің ересек қоғамдағы психологиялық бейімделу мүмкіндіктерін, оның одан әрі әлеуметтік және психикалық дамуын негізінен қалыптасып келе жатқан әлеуметтік желінің сапалық және сандық сипаттамалары анықтайды.

Желілік орта картасы бірнеше маңызды деңгейлерді (микрожүйелерді) қамтиды:

1. Отбасы (ата-ана, бауырлар).

2. Туыстар – түлектердің «тамыр жүйесі», олар әлеуметтік желіге тұрақтылық береді. Олардың қатарында ана жағынан да, әке жағынан да туыстар, сондай-ақ олармен некеде тұрған адамдардың барлығы жатады. Егер ажырасқан ата-ана жаңа отбасын құрған болса, онда ол отбасының мүшелері де туысқан болады. Тіпті олармен жанжалдасқан жағдайда да, туысқан болуды «тоқтату» мүмкін емес. Байланыс үзіледі, бірақ туыстар туыс болып қала береді. Егер түлек отбасын құрса, онда жұбайының барлық туыстары оның туыстары болады.

3. Балалар үйі немесе мектеп-интернат. Бұл сала түлектердің күнделікті өмірінің негізін құрады, себебі осы микрожүйеде түлек күн сайын болды, өмір сүрді. Түлек бұл үшін ерекше күш салмай-ақ адамдармен танысып, араласып кетті. Нәтижесінде олардың айналасындағы адамдардың маңыздылығы артып, не қолдау факторы ретінде әрекет етеді, не тітіркенуді тудырады. Қолдау факторы ретінде маңызды ересектер (интернат үйінің мамандары) немесе достар әрекет етеді.

4. Мектеп; үкіметтік емес ұйымдар (бұдан әрі – ҮЕҰ), колледждер мен жоғары оқу орындары; жұмыс. Түлек интернаттық ұйымда/мекемеде болған кезеңінде мектепте оқыды. Балалар үйінен немесе интернаттық мекемеден шыққаннан кейін кәсіптік-техникалық білім беру ұйымында немесе жоғары кәсіптік білім беру мекемесінде оқыған немесе қазір оқып жатыр. Болашақта түлек өмірінің күнделікті негізін уақыттың басым бөлігі өтетін, өзінің үйіндей болып кететін жұмыс құрайды. Түлек өмірінің аталған кезеңдерінде көмекші фактор ретінде мекеме немесе жұмыс қызметкерлерінің және оқу кезеңінде пайда болған достарының арасынан елеулі ересек адамдар әрекет етеді.

5. Басқалар. Бұл секторда басқа микрожүйелерде көрсетілмеген мамандар, елеулі үлкендер, таныстар, достар және т.б. көрсетіледі.

Желілік орта картасын толтыру. Картаны түлектің өзі толтырады. Картаның ортасында түлектің өзі тұрады, яғни барлық жүйелердің қиылысында орналасады. Орталыққа неғұрлым жақын көрсетілген адам, соғұрлым маңызды болып табылады, ол түлектің өмірінде маңызды (кейде теріс те) рөл атқарады.

Желілік орта картасы:

- түлектің байланыс желісінің толық суретін құрастыруға;
- маманға түлекпен байланыс орнатуға;
- түлекке өз өмірінің жағымды сәттері туралы ойлауға;
- түлекке қарым-қатынасты және байланыс желісіндегі байланыстарды өзіне және мамандарға түсінікті етуге мүмкіндік береді.

Желілік орта картасы түлекке оның өміріне, проблемаларына және қазіргі жағдайына қандай да бір қатысы бар барлық адамдарды еске түсіруге жағдай жасайды. Сонымен қатар, жағдайды өзгерту бойынша жұмысты жалғастыру үшін жақсы бастама болып табылады.

Әлеуметтік қолдау желісін диагностикалау нәтижелері (әлеуметтік қолдау желісінің мүшелерін, ерекше маңызды адамдар тобын, қауіпті мінез-құлық түлектерінің әлеуметтік қолдаушы желісі бойынша тұлғаларды анықтау) түлектің әлеуметтік картасында және интернаттан кейінгі қолдау жоспарында көрсетіледі. Түлектердің бейімделуінің төмендігі мәселелерінің әлеуметтік маңыздылығы, оларды тәуекел көрсеткіштерін төмендетуге бағытталған шаралар жүйесін іске асыру негізінде бағдарламалық әдістермен шешуді қажет етеді.

Жастардың жеке ресурстары, әлеуметтік қолдау көрсететін байланыстардың болуы, әлеуметтік қажетті дағдылар, түлектердің өзіне және мүмкіндіктеріне деген көзқарасы, сонымен қатар балалар үйінің түлектерін

сүйемелдеу бойынша педагогтың, әлеуметтік қызметкердің диагностиканың көмегімен нақты жоспарланған іс-әрекеті маңызды болып табылады [32].

Алынған әлеуметтік диагноз жастардың интернаттан кейінгі бейімделу үдерісіндегі теріс тенденциялардың алдын алуға және тежеуге бағытталған шешім қабылдау және практикалық әрекеттер үшін негіз болады. Сұхбат, сараптамалық бағалау және өмірбаяндық тәсілдер әлеуметтік диагностика әдістеріне жатады.

Интернаттан кейінгі қолдау оның әлеуметтік жағдайын талдаудан басталады. Яғни интернат түлектерінің нақты жағдайымен және проблемаларымен байланысты әлеуметтік шындықтың аспектілерін бөліп көрсетуді білдіреді. Бұл жетімге қатысты барлық мәселелер кешенін егжей-тегжейлі қарастыруға, сонымен қатар талдау нәтижелері мамандарға мәселелерді шешудің мерзімдерін, реттілігін, жолдарын, әдістерін, нысандары мен технологияларын таңдау және қолдану бойынша барабар шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Диагностикалық жұмыс түлектің әл-ауқатының деңгейін, атап айтқанда физикалық жағдайын, аурулардың болуын, өмір сүру жағдайлары мен салаларын, басқалармен қарым-қатынасын зерттеуден немесе проблемалар бойынша нәтижелерді талдау және өңдеу, бітірушілердің сәтті бейімделуіне кедергі келтіретін фактілерді анықтаудан тұрады.

Дамытушылық және түзету жұмыстары. Балалар үйінен немесе интернаттан кейінгі көмек көрсетудің жеке маршруттарын әзірлеу. Өз эмоцияларын қабылдау қабілетін дамыту, күйзеліске қарсы тұруға тәрбиелеу, эмоцияларды әлеуметтік қолайлы формада көрсету жолдарын табу. Тұлғааралық қабылдау механизмдері, психологиялық қорғаныс, қарым-қатынастағы кедергілер, белсенді және пассивті тыңдау, конструктивті қарым-қатынас ережелері тәрізді тиімді қарым-қатынас технологияларымен таныстыру.

Балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын алдын алу және түзету жұмыстары олардың жалпы білім беру ұйымдарында білім алып жүрген кезінде, яғни интернатқа жібермес бұрын, девианттылық мінез-құлқы байқалған уақыттан басталуы тиіс. Егер баладан медициналық ауытқулар анықталмаса, денсаулығы оқыту мен тәрбиелеудің арнайы медициналық жағдайларын талап етпесе, онда баланың материалдық-тұрмыстық өмір сүру жағдайы зерттелуі тиіс. Баласына қажетті жағдай жасай алмайтын азаматтарды әлеуметтік қолдау шараларының түрлерін және ауқымын анықтау үшін, отбасы туралы мәліметтер ең алдымен әлеуметтік қызметкерлерге жіберілуі тиіс.

Психологиялық-педагогикалық диагностика балаларын қараусыз және қадағалаусыз қалдыратын және олардың девианттылығына жол беретін отбасылармен жұмыстың, білім алушылар үшін –медицина қызметкері, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психологтың, яғни мектептегі қолдау тобымен жүйелі түрде жүргізетін медициналық-психологиялық-педагогикалық көмегінің негізгі түрі болып табылады. Білім беру ұйымдарында балалар мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекеттері бойынша жұмыс ұйымдастырылуы тиіс.

Девиантты мінез-құлықты балалармен жүргізілетін түзету жұмысының негізгі екі бағытын – жалпы білім беру ұйымдары базасындағы және медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету орталықтарының жұмыстарын ұсынамыз (3-4-қосымшалар).

Кеңес беру жұмысы. Түлектерге тұлғааралық қарым-қатынастардың салауаттылығы мәселелері бойынша; іскерлік қатынастарда кәсіп тұрғысынан өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі реттеу; отбасылық және құқықтық қатынастар туралы жеке кеңес беру.

Түсіндіру жұмыстары. Мемлекеттік мекемелердің сайтында балалар үйлері мен интернаттық ұйымдардың түлектерін интернаттан кейінгі қолдау мәселелері бойынша ақпараттар және материалдар орналастыру. Анонимді сенім телефондары, жедел жәрдем қызметі телефондарының номерлері бар парақшалар тарату. Мекеменің жоспары бойынша және интернаттан кейінгі қолдау мамандарының жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесе отырып атқаратын іс-шаралары туралы түлектерге хабарлау.

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс. Түлектерге интернаттан кейінгі көмек көрсетумен айналысатын мамандардың әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысу. Мекеме базасында түлектердің кездесу кештерін ұйымдастыру және өткізу. Түлектерге көмек көрсету бойынша әлеуметтік-құқықтық құжаттамалармен және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету. Балалар үйінің түлектеріне интернаттан кейінгі қолдау көрсететін мамандарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу және басып шығару. Интернаттан кейінгі қолдау бағдарламаларын әзірлеу (5-қосымша).

Балалар үйлері мен интернат ұйымдарының түлектеріне интернаттан кейінгі қолдау көрсету формалары

Философияда форма түсінігі (латынша forma, грекше μορφή) «мазмұн» және «материя» ұғымдарына қатысты анықталады. Мазмұнға сәйкес, форма мазмұнды ретке келтіру, оның ішкі байланысы мен реттілігі деп түсініледі. Материяға қатысты, форма мен материяның бірлігі болып табылатын болмыс туралы білімнің мәні және мазмұны деп түсіндіріледі [33].

Педагогикада форма – педагогикалық процесті оның барлық құрамдас бөліктерінің бірлігінде тұрақты, толық ұйымдастыру деген мағынаны білдіреді.

Оның құрамдас бөліктеріне дәстүрлі түрде таңдалған жұмыс формасын нақтылайтын әдістер, құралдар мен әдістер кіреді.

Интернаттан кейінгі қолдау аясында форманы интернат түлегімен маманның өзара әрекетін ұйымдастыру тәсілі ретінде қарастыруға болады.

Интернаттан кейінгі қолдау жүйесін талдай келе, қолдау көрсететін нысандарды олардың күрделілік дәрежесіне қарай жіктеуге сәйкес интернаттан кейінгі қолдау нысандарын қарапайым, құрамдас және кешенді деп бөлуге болады (5-сурет).

Қарапайым • әдістер мен құралдардың ең аз мөлшерінде құрылған, негізінен бір тақырыпқа арналады (экскурсия, баяндама, кеңес беру)	Құрамдас • қарапайым немесе олардың түрлі сәйкестіктеріндегі формаларда құрылады (кәсіби шеберлік байқауы, мерекелік кеш; еңбек лагері)	Кешенді • мақсатқа бағытталған қарапайым және құрамдас формалар топтамасы (кешені) ретінде құрылады (таңдалған мамандыққа арналған күн; адам құқығын қорғау күні)
--	--	--

5-сурет. Интернаттан кейінгі қолдау көрсету формаларының жіктелуі

Балалар үйінің және интернаттық ұйымдардың түлектеріне интернаттан кейінгі қолдау көрсетудің қарапайым формаларына баяндама, оқыту семинарлары, тренинг, экскурсия, белгілі адамдармен кездесу кештері тәрізді шараларды жатқызуға болады.

Баяндама және оқыту семинары – жаңа білім меңгеруге бағытталған оқыту формасы болып табылады. Аталған формалардың көмегімен интернат түлектерін түрлі әлеуметтік қызметтердің іс-әрекеттері, өмірлік проблемаларды шешу тәсілдері, заңнамалардағы және әлеуметтік қолдау көрсету саласындағы өзгерістер туралы хабардар етуге болады. Оқыту семинарлары әлеуметке қарсы мінез-құлықтың алдын алумен, жанжалды жағдайларды шешу, шаруашылық-тұрмыстық дағдыларына және т.б. үйретумен байланысты болуы мүмкін. Аталған формалар жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, девиантты мінез-құлықты интернаттарда болған жасөспірімдерді интернаттан кейінгі сүйемелдеудің барлық кезеңдерінде орын алуы, сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметтердің, сондай-ақ халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының мамандарының да қолдануы мүмкін.

Тренинг – бұл білім алудың ерекше формасы. Бұл термин ағылшын тілінің «training» сөзінен шыққан және дайындық, оқыту, жаттықтыру тәрізді бірнеше мағынаны білдіреді. Қатысушыларға ақпарат пен білімнің белгілі бір мөлшері берілетін семинарларға қарағанда, тренингтер дағдылар мен біліктер қалыптастыруға бағытталған.

Тренингтердің ортақ сипаттамаларына:

- оқытудың қысқа мерзімділігі (бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін);
- 1 адамды немесе 12-15 адамнан тұратын шағын топты оқыту;
- тренингтің қарқынды сипаты және қатысушылар үшін әртүрлі жаттығулардың көптігі жатады.

Тренинг жетім балаларды интернаттан кейін әлеуметтік және педагогикалық қолдау формасы ретінде көптеген міндеттерді атқара алады. Мысалы: әр түрлі жағдаяттардағы мінез-құлық, қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу тәжірибесін қалыптастыру, дағдыларды дамыту, мінез-құлық нормаларын сіңіру.

Экскурсия форма ретінде пайдалы және жетім балаларды интернаттан кейінгі қолдаудың бастапқы кезеңінде, яғни түлектерді балалар үйінде болған кезде өздігінен өмір сүруге үйрету барысында қолданылады. Болашақ мамандықты таңдауға дайындық бұл жұмыстың негізгі бағыты болып табылады. Экскурсия мүмкін болатын мамандықтар туралы білім алуға ғана емес, сонымен қатар қызметкерлердің еңбек жағдайларын, проблемаларын, осы немесе басқа мамандықтың қадір-қасиетін көруге мүмкіндік береді. Бұл форма кәсіби тестілеу әдісімен үйлескенде әсіресе тиімді болып саналады (6-қосымша).

Белгілі адамдармен кездесу кештері. Жетім балалар үшін маңызды адамдардың қатарына өмірлік тәжірибесі бар, соның ішінде өмірлік қиындықтарды жеңген немесе өмірде және мансапта табысқа жеткен адамдарды қарастыру маңызды (интернаттың бұрынғы түлектері, есірткіге тәуелділікпен күрескен және жеңген, басқа қиындықтарды жеңген адамдар, спортшылар және т.б.).

Мұндай кездесулер әлеуметтік қызмет мамандарының пікірлеріне қарағанда нәтижелі болуы мүмкін, өйткені, өмірлік сәтсіздіктерді, қиындықтарды бастан кешірген, табысқа қол жеткізген, тәуелсіз өмірінің алғашқы жылдарында сәтсіздікке тікелей тап болған адамдардың пікірі басқалардың пікірінен гөрі беделді және маңызды болады. Бұл форманың тиімділігі балалар үйінің тәрбиеленушілері мен түлектерінің адамдарды «біздікі» және «бейтаныс» деп екіге бөлуімен де байланысты. Интернаттың бұрынғы түлегінің, яғни «біздің» тұлғасының беделі маңыздырақ болады. Ондай тұлға өзге түлектерге өмір жолында үлгі-өнеге, дербес өмірде жол көрсетуші бола алады.

Үйге бару, рейдтер – интернат түлектерінің қоғамдағы бейімделу деңгейін, өмірлік жағдайын диагностикалаудың бір түрі болып табылады.

Үйге бару, рейдтік іс-шаралар жетім балалардың интернаттан шыққаннан немесе олар тұрғылықты жерін ауыстырғаннан кейінгі алғашқы айларда (жылдарда) қолданылады. Үйге бару немесе рейд жасау интернат түлектерінің мамандардың көмегі мен қолдауына мұқтаждық дәрежесін, өзін-өзі қамтамасыз ету қабілетін бағалауға, өзекті әлеуметтік проблемаларды, мүмкін болатын жанжалды жағдайларды анықтауға және одан әрі іс-әрекеттер жоспарын болжауға мүмкіндік береді.

Сенім телефоны, «жедел желі», хат алмасу мамандардың жетім балалармен қашықтан өзара әрекеттесу нысандары болып табылады.

Сенім телефонын ұйымдастыру ең танымал және мобильді қызметтердің бірі болып саналады, өйткені ол түлекке қажетті ақпаратты жылдам, айтарлықтай қаржылық шығындарсыз және жолға уақыт жоғалтпай алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, клиенттің өтініші бойынша анонимділік пен құпиялылық сақталады. Егер түлектер қоңырау шалу және қажетті психологиялық көмек алу мүмкіндігі туралы жақсы хабардар болса, онда сенім телефоны жұмыс түрі ретінде өзін ақтайды.

Сенім телефонына қарағанда, «жедел желі» жергілікті газеттер, теледидар, радионың, яғни бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі – БАҚ) мамандарымен бірлесіп ұйымдастырады, мұқтаж жандар «жедел желінің» хабарға шыққан күні мен уақытында БАҚ-тың сенім телефонына хабарласып, өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша тікелей эфирде кеңес ала алады. Сонымен қатар тікелей эфирдің барлық тыңдармандары (көрермендері) де осыған байланысты мәселелер бойынша ақпарат алып, хабарласу мүмкіндігіне ие болады. Одан кейін көтерілген сауалдар мен жауаптар жергілікті газеттерде жарияланады.

Психофизикалық дамуы ерекшеліктері бар түлектерге қатысты түлектердің *интернат мұғалімдерімен хат алмасуы және олармен телефон арқылы байланысы* ерекше өзекті болып саналады. Әдетте, дәл осы санаты жетім балалар интернат ұжымына көбірек жақын және интернаттан кейінгі бейімделу кезеңінде жалғыздықты қатты сезінеді. Бұл жұмыс формасының әсері өте жақсы, өйткені ол түлектің әл-ауқатын жақсартады, жалғыздық дәрежесін төмендетеді және сәтті бейімделуге ықпал етеді.

Балалар мектеп-интернатының түлектерін интернаттан кейінгі қамтамасыз етудің құрылымдық нысандарына жиналыс, дөңгелек үстел, үйірме, студия, еңбек шеберханасы, еңбек лагері, туристік саяхат, өзіндік көмек көрсету топтары кіруі тиіс.

Олардың кейбірінің ерекшеліктеріне тоқталайық.

Жиналыс түлектермен жұмыстың тұрақты түрі болуы мүмкін. Жиналыс – бұл қарым-қатынас мектебі, жағдайды бағалау, қарым-қатынас және басқару дағдыларын меңгеру, ақпарат алу және ұқсас проблемалары бар құрдастармен кездесу түрі болып табылады. Өкінішке орай, кездесулердің жүйелілігінің өзі күнделікті және шамадан тыс ұйымдастырылу қаупін қамтиды. Сонымен қатар, іс-шараның ауқымды сипаты балалар интернаттарының барлық түлектерін қамтуға және белсенді қызметке тартуға әрқашан мүмкіндік бермейді. Осыған қарамастан, жиналыс түлектерге заңнамадағы өзгерістер, әлеуметтік қызметтерді көрсету тәртібі және т.б. туралы жылдам хабарлауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі басқаратын бірлестіктер, клубтар, ассоциациялар, өз-өзіне және өзара көмек топтарын құру әлеуметтік жұмыстың тиімді түрі болып табылады. Әдетте, мұндай бірлестік бастамашылар жиналысының шешімімен құрылады, олар қызметтің мақсаттарын белгілейді, қолдаушыларды тартады, клуб жарғысының жобасын әзірлейді, оны талқылайды және жиналыста бекітеді. Әлеуметтік жұмыс мамандары бұл халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді жақсартудың және әлеуметтік дағдылар мен қасиеттерді дамытудың ең жемісті жолдарының бірі екенін білуі керек. Сондықтан олар ең белсенді түлектерді анықтап, оларға қолдау көрсете білуі керек, кейбір жағдайларда мұндай топтардың ұйымдастырушысы ретінде әрекет етуі немесе олардың пайда болуы мен белсенділігіне көмектесуі тиіс.

Клуб – жетім балалармен жұмыс істеудің өте кең тараған топтық түрі, өйткені ол ұқсас проблемалары бар жастарды біріктіруге, олардың қарым-

қатынас аясы мен қызығушылықтарын кеңейтуге мүмкіндік береді. Клуб негізінде интернаттан кейінгі қолдаудың басқа да түрлері ретінде туристік сапарлар, слеттар, экскурсиялар жиі қолданылады (7-қосымша).

Өз-өзіне көмек көрсету топтары – бұл тәжірибелі мәселелер мен дағдарыстық өмірлік жағдайлардың ұқсастығымен біріктірілген, осы мәселелерді бірлесіп шешу және өзара көмек пен қолдау көрсету үшін мамандардың көмегімен ерікті түрде өздігінен пайда болатын немесе ұйымдастырылған адамдар тобы болып табылады.

Өз-өзіне көмектесу топтарының мақсаттары:

- өткен, сондай-ақ ықтимал травматикалық тәжірибелерді талқылау;
- «бұл тек сенің басыңнан ғана өткен жоқ» тәрізді теріс қабылдауды азайту;
- дағдарыстық жағдайлардан шығу құралдарын (жолдарын) әзірлеу;
- топтық бірлікті қалыптастыру;
- әлеуметтік бірегейлікті сақтау;
- жан-жақты әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету [34].

Еңбек лагері – бұл жастардың мектептен немесе негізгі жұмысынан бос уақытында бірлескен іс-шараларға қатысу үшін ерікті түрде бірігу нысаны (8-қосымша).

Интернаттан кейінгі кезеңде жетім балаларға арналған еңбек лагерлерінің ең көп таралған түрлері құрылыс және ауылшаруашылық лагерлері болып табылады. Лагерлердің бұл түрлері қосымша ақша табуға ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз өмір үшін маңызды дағдыларды – ауылшаруашылық жұмыстарының жекелеген түрлерін, қарапайым жөндеу жұмыстары дағдыларын және т.б. меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интернаттан кейінгі қолдаудың бұл түрі жетім балалардың тапқан ақшасын жұмыс орындарында ауыл шаруашылығы өнімдерін арзандатылған бағамен сатып алуға, күзгі-қысқы маусымға дайындық жұмыстарын жүргізуге жағдай жасайды. Оларды ұйымдастыру кезінде бұрын жиі кездесетін студенттік құрылыс жасақтарының жұмыс тәжірибесін ескеруге болады.

Балалар үйлерінің және интернаттардың түлектеріне интернаттан кейінгі қолдау көрсетудің кешенді формалары көп деңгейлі ұйымдық құрылымдар болып табылады. Оларды іске асыру қарапайым және құрамдас формалары, осы санаттағы жастарды интернаттан кейінгі қолдаудың әртүрлі әдістерін қамтиды. Кешенді формаларға: әлеуметтік жатақхана (қонақ үй), интернаттардағы интернаттан кейінгі бейімдеу бөлімі, отбасылық орталық, ресурстық еңбек орталығы, еңбек биржасы және т.б. жатады.

Бүгінгі таңда елімізде осы жетім балаларды интернаттан кейін қолдау көрсету саласында кешенді формадағы жұмыс істейтін орталықтар құрып, жұмыстарын ұйымдастыруды ұсынамыз.

Әлеуметтік жатақхана (қонақ үй) баспанасы жоқ және тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін есепте тұрған интернаттардың, балалар үйлерінің түлектеріне, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, өмірлік қиын жағдайға тап болғандар балаларға (бала тууы,

жұмысының, тіркеу жоқтығы және т.б.) уақытша тұруға және жан-жақты көмек көрсетуге арналған. Бұл мекеменің қызметі жетім балалармен жеке жұмыс істеуге бағытталған. Түлектердің әлеуметтік жатақханада болу мерзімі нақты жағдайға және бар проблемаларға байланысты жеке анықталады.

Әлеуметтік жатақханада (қонақүйде) өздігінен (дербес) өмір сүру моделі жүзеге асырылады. Ол үй шаруашылығын жүргізу және тұрғын үй мәселелерін шешу; қаражатты ұтымды пайдалану дағдыларын; азаматтық құқықтарын қорғау қабілетін қалыптастыру; қарым-қатынас дағдыларын дамыту, жанжал жағдайындағы мінез-құлыққа үйрету тәрізді міндеттерді шешуді қамтиды. Сонымен қатар, әлеуметтік жатақхананың (қонақүйдің) мамандары жетім балаларға жоғалған тіркеуді қалпына келтіруге, баспана алуға көмектеседі; ақшаны ұтымды жұмсауды үйретеді; жұмысқа орналасуға, жаңа өмір жағдайларына бейімделуге көмектеседі.

Жетім балалар мен әлеуметтік жатақхана (қонақ үй) әкімшілігі, қызметкерлерінің арасындағы құқықтары мен міндеттерін айқындайтын іс жүргізу ережелерін қатаң бақылауға мүмкіндік беретін шарттық жүйе болады [35].

Ресурстық еңбек орталықтары мен еңбек биржасы қоғамдық жұмыстың нысаны ретінде жетім балалар арасынан шыққан адамдарды жұмыспен қамту, осы санаттағы жастарды уақытша және қайталама жұмысқа орналастыру мәселелерін шешуге арналған.

Аталған мекемелер келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

- еңбек нарығындағы бос жұмыс орындары мен ұсыныстардың мәліметтер базасын құру;
- жетім балалар арасынан білім алушыларға және студенттерге уақытша жұмыс, сондай-ақ жетім санаттағы адамдарға қосымша жұмыс іздейді;
- кәсіпорындардағы, компаниялардағы бос жұмыс орындарының, презентацияларын ұйымдастыру, еңбек нарығы туралы ақпаратқа ие болу.

Сонымен қатар, ресурстық еңбек орталығының (еңбек биржасының) міндеттеріне:

- жетім балалардың, жастардың еңбек ынтасын қалыптастыра отырып, еңбекке дайындау;
- еңбек ұжымын жетім баланы жаңа мүше ретінде қабылдауға дайындау;
- жұмыс орнына тіркеуге қолдау көрсету: еңбек кітапшасын тіркеу, еңбек шартын жасау, оның мазмұнын түсіндіру; лауазымдық нұсқаулықтармен, ұжымдық шарттармен, ішкі тәртіп ережелерімен және т.б. таныстыру;
- жаңадан келген адамды кәсіпорынның ұйымдық мәдениетімен таныстыру, ұйымда қабылданған тәртіптер бойынша түсіндіру жұмыстары, яғни жұмысқа келу және жұмыстан шығу уақыты; ауырып қалған жағдайдағы іс-әрекет; киіну тәртібі; тамақтану; жұмысқа кешігіп келу немесе жұмысқа шықпай қалған жағдайдағы ұйымда қолданылатын жазалар және жұмыс істеуіне байланысты берілетін марапаттауларды және т.б. қарастырады.

Интернаттан кейінгі бейімдеу бөлімі интернаттық мекеменің құрылымдық бөлімшесі және мектеп-интернат түлектерінің оқуды бітіргеннен

кейінгі алғашқы жылдары тұруына арналған ұйым болып табылады. Көбінесе бөлімде тұрғын үй мәселесі шешілмеген түлектер тұрады – тұрақты тұрғын үй алаңы жоқ немесе қандай да бір себептермен онда тұру қиын, кәсіптік білім беретін оқу орнында жатақхана жоқ.

Бөлім түлектердің өз бетінше өмір сүруіне жағдай жасайды, бірақ бөлімге мектеп-интернаттың педагогикалық қызметкері бекітіледі, ол интернаттан кейінгі қолдауды қамтамасыз етеді, түлектердің жаңа өмір жағдайларына әлеуметтік бейімделу барысын бақылайды.

Сонымен қатар, интернаттан кейінгі қолдау қызметі келесі қызметтерді жүзеге асыра алады:

- балалар үйінің түлектері кәсіптік білім алатын колледждермен және жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимыл. Осы оқу орындарының жағдайымен таныстыру, оқуға түсу кезінде түлектерге педагогикалық қолдау көрсету, балалар үйі қызметкерлерінің жаңа оқу орнына бейімделу бойынша білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен қарым-қатынасын жүзеге асыру, түлектерді проблемалық мәселелерді шешуге үйрету;

- тұрғын үй мәселесін шешу бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен өзара іс-қимыл жасау. Қажетті құжаттарды уақтылы ресімдеу, балалар үйінің түлектерін тұрғын үймен қамтамасыз ету реттілігін бақылау;

- жұмыспен қамту мәселелерін шешу үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарымен өзара әрекеттесу. Еңбек нарығын зерделеу, түлектерді сұранысқа ие мамандықтармен, кәсіпорындар мен мекемелердегі жұмыс орындарымен таныстыру, одан әрі жұмысқа орналасуға көмектесу;

- сот және құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу; еңбекпен түзету мекемелерімен байланыс, девиантты мінез-құлықты балалар интернаттарында болған балалармен профилактикалық жұмыс;

- түлектердің өздеріне және отбасыларына (болған жағдайда) жүйелі әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету;

- психологтар мен педагогтердің түлектермен жұмысы; тұрмыстық және медициналық мәселелерді шешуге көмектесу.

Девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған балалар үйлері мен интернат ұйымдарының түлектерін әлеуметтік бейімдеуді және психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастырудың бір түрін осы балаларды әлеуметтік-мәдени оңалту мәселелерін шешумен де байланыстыруға болады. Аталған мәселені шешу үшін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалып балалар үйлерінде тәрбиеленген және мінез-құлқындағы мәселелерге байланысты интернаттарда болған түлектерге арналған қайырымдылық қорларын құруды ұсынамыз. Бұл қор жетім балаларға, патронаттық отбасыларға, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және түлектеріне мекемелерден шыққаннан кейін дербес өмірге көшу кезеңінде қолдау көрсетеді.

Жақын туыс адамдарының қолдауының болмауы, балалық шақтың бастан кешкен ауыр оқиғалары, бәрі «берілген» және «бала үшін шешілетін» жабық жүйедегі өмір балалар үйінде өскен жастардың табысты өмір сүруіне қажетті дағдылар мен қасиеттерді дамытуға мүмкіндік шектеулі болады.

Көптеген түлектер балалар үйінен шыққанда «жетім» мәртебесі оларға белгілі бір жеңілдіктер беретініне және барлық қажетті нәрселермен қамтамасыз ететініне сенімді болып шығады.

Балалар үйлерін жақсы материалдық қамтамасыз ету, еріктілердің назарын аудару және көптеген ойын-сауық шаралары жетім балалардың тәуелді жағдайын одан әрі нығайтып, қоғам оларға өмір бойы қамқорлық жасайды деген елес тудырады. Ал еңбек нарығындағы бәсекелестіктің жоғары деңгейі қосымша қиындықтар әкеледі. Нәтижесінде көптеген балалар оқуға, жұмыс істеуге, өзін және балаларын қамтамасыз етуге қабілетсіз болып, әлеуметке қарсы өмір салтын ұстана бастайды. Балаларға тәуелділіктен шығуға көмектесуді, олардың өзіне және айналасындағыларға деген қызығушылығын, сенімі мен құрметін оятуды басты міндетіне айналдыра отырып, қайырымдылық қорының қызметкерлері дамытушылық және білім беру бағдарламаларының кең ауқымын ұсынады.

Балалар үйлері түлектерінің қоғамға табысты әлеуметтік интеграциялануы шарттарының бірі келесі міндеттерді жүзеге асыру үшін барлық қоғамдық құрылымдар мен әлеуметтік институттардың күш-жігерін біріктіру болып табылады:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернат түлектерінің қоғамға бейімделуіне жағдай жасау;

- балалардың осы санатына қатысты жағымсыз әлеуметтік стереотиптерді жою;

- балалар үйлері және мектеп-интернат түлектерін әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша әртүрлі құрылымдардың қызметінде сабақтастықты қамтамасыз ету;

- жетім балаларды интернаттан кейінгі қолдаудың қолда бар үлгілері мен технологияларын талдау, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды интернаттан кейінгі бейімдеудің инновациялық нысандарын әзірлеу және енгізу.

Балалар үйінің түлектерінің табысты әлеуметтенуі үшін жағдай жасау жалпы орта мектепті бітіріп балалар үйінен шыққанға дейін басталуы керек, өйткені түлектің әлеуметтік ортаға табысты кірігуіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Осы уақыт ішінде түлек болашақ білім беру бағытын таңдауы тиіс, өйткені мамандық таңдау табысты әлеуметтенудің негізгі және маңызды шарты болып табылады.

Түлектердің әл-ауқатының деңгейін зерттеу диагностикасының көмегімен түлектің әлеуметтік жағдайын, жаңа жағдайларда алғашқы бейімделу жоспарын, одан әрі күтім мен қолдау қажеттілігін, әлеуметтік мінез-құлықтарындағы ауытқуларды және оларды тудыратын себептерді анықтау қажет. Түлекпен бірге қажетті дағдыларды дамытуды қамтитын жеке даму, сондай-ақ оның әлеуметтік мінез-құлығындағы ауытқуларын түзету жоспарын жасау керек. Сонымен қатар, түлектердің қоршаған ортамен қарым-қатынасын оңтайландыру қажет. Түлектердің әлеуметтік-құқықтық тәрбиесін

ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, тұлғааралық қақтығыстарды шешу жолдарын үйрету (кешірімді қалай дұрыс сұрау және қабылдау, тиімді іскерлік әрекеттесу әдістері, шиеленіс жағдайларын кезең-кезеңімен талдау және т.б.).

Төмендегі бағыттар бойынша жұмыс істейтін интернаттан кейінгі қолдау қызметі жоғарыда аталған функцияларды жүзеге асыра алады:

1. Түлектер кәсіби білім алатын оқу орындарымен өзара әрекеттесу. Осы оқу орындарының жағдайымен таныстыру, оқуға түсу кезінде түлектерді педагогикалық қамтамасыз ету, балалар үйі қызметкерлерінің жаңа оқу орнына бейімделу бойынша білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен қарым-қатынасын жүзеге асыру, түлектерді оқыту, проблемалық мәселелерді шешу.

2. Тұрғын үй мәселесін шешу үшін қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен өзара іс-қимыл жасау. Қажетті құжаттарды уақтылы ресімдеу, балалар үйінің түлектерін тұрғын үймен қамтамасыз ету реттілігін бақылау.

3. Жұмыспен қамту мәселелерін шешу үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарымен өзара әрекеттесу. Еңбек нарығын зерделеу, түлектерді сұранысқа ие мамандықтармен, кәсіпорындар мен мекемелердегі жұмыс орындарымен таныстыру, одан әрі жұмысқа орналасуға көмектесу.

4. Сот және құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу; түзеу еңбек мекемелерімен байланыс, сотталғандармен жұмыс; профилактикалық жұмыс.

5. Психологтар мен мұғалімдердің түлектермен жұмысы; тұрмыстық және медициналық мәселелерді шешуге көмектесу.

Осылайша, балалар үйлері түлектерінің интернаттан кейінгі бейімделуінің анықталған проблемалары оларды шешуде ерекше күш салуды талап етеді, мұны жетім балаларға арналған мекемелердің түлектерін әлеуметтік бейімдеу жүйесін, оның ішінде оларды әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету, баспанамен қамтамасыз ету, әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру деп санау қажет. Кәсіптік білім беру және жетім балаларға арналған мекемеде болуды аяқтағаннан кейін одан әрі жұмысқа орналастыру, балалар үйі түлектерінің бейімделуін қолдаудың бірыңғай жүйесін құру, осы процесті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру, әдістемелік қамтамасыз етуді дамыту, қызметтің әлеуметтік-педагогикалық міндеттері мен функцияларын өзгерту.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға интернаттан кейін қолдау көрсету, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін ведомствоаралық өзара әрекеттесудің моделін ұсынамыз:

➤ Жергілікті атқарушы органдардың қызметі

жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға:

- көмек көрсету, құқықтары мен мүдделерін қорғау, интернаттан кейінгі қолдау көрсетумен айналысатын органдардың қызметін үйлестіру;

- құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық кеңестің қызметін бақылауды жүзеге асыру;

- құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, әлеуметтік көмек көрсетуге қатысатын аудан/қала субъектілерінің функционалдық міндеттерін бекіту;

- тұрғын үйге құқық кепілдігінің орындалуын бақылау;
- жұмыспен қамтудың бірінші кезекте орындалуын қадағалау;
- қосымша жұмыс орындарын құрады, жетім балалар туралы деректер банкі негізінде осы санатты жұмысқа қабылдау үшін резервтер белгілеу.

➤ Аудандық/қалалалық білім бөлімдері, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қызметі

- білім беру ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектерін интернаттан кейінгі қолдауды ұйымдастыруға бақылауды жүзеге асыру;

- өз ауданындағы/қаласындағы (облысы) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректер базасын құру және есебін жүргізу;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді халыққа әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің мекемелеріне уақтылы беру;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй құқығын іске асыруды қамтамасыз ету;

- әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етуді қажет ететін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтер базасын қалыптастыру;

- тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды уақтылы есепке алуды бақылау.

➤ Әлеуметтік-педагогикалық мекемелерінің қызметі

- әлеуметтенуде қиындықтарға тап болған балалар үйлерінің және мектеп-интернаттардың түлектеріне әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды интернаттан кейінгі қолдау бойынша білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтарының, психологтарының қызметін үйлестіру;

- интернаттан кейінгі қолдауға мұқтаж жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректерді Халыққа әлеуметтік қызмет көрсетудің аумақтық орталығына хабарлау;

- мемлекеттік қорғауды қажет етеді деп танылған түлектерге уақытша тұру орындарын (күнтізбелік жыл ішінде 6 айға дейін) қамтамасыз ету.

➤ Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің қызметі

- «бір терезе» қызметі арқылы тұрмыс жағдайын жақсартуды қажет ететін балалар үйінің түлектерін тіркеуді жүзеге асыру;

- жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан шыққан адамдарға әлеуметтік мұқтаждық үшін тұрғын үй-жай немесе уақытша тұрғын үй (төсек) беру туралы жергілікті атқару органының шешіміне ұсыну үшін құжаттар дайындау;

- балалар үйінің түлектеріне тұрғын үй салуға (жөндеуге) немесе сатып алуға біржолғы өтеусіз субсидияларды есептеу бойынша жұмыстарды жүргізу;

- белгіленген талаптарға және қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес тұрғын үй алуға қажетті құжаттарды уақтылы және сапалы дайындауды ұйымдастыру;

- балалар үйлерінің ерекше қолдауды қажет ететін түлектерін интернаттан кейінгі бейімдеу мәселелерін шешу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үйлерінің әлеуметтік мұқтаж түлектері үшін тұрғын үй берілуі қажет түлектер туралы мәліметтерді салыстыруды жүргізу.

➤ *Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасының қызметі*

- білім беру ұйымының кәмелетке толған түлектерін интернаттан кейінгі қамтамасыз етуді ұйымдастыруды бақылауды жүзеге асыру;

- балалар үйінің түлектерін тұрғын үйге, еңбекке және жұмысқа орналасуына кепілдіктердің орындалуын бақылау;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің түлектеріне әлеуметтік көмек көрсету.

Әлеуметтік көмек көрсету маманының қызметі

- интернаттан кейінгі қолдауға мұқтаж түлектерді анықтау;

- балалар үйі түлектерінің білім алу, еңбек және тұрғын үй құқығының кепілдіктерін іске асыруға жәрдемдесу;

- басқа мүдделі органдармен бірлесе отырып, балалар үйі ұйымдарының түлектеріне интернаттан кейінгі кезеңде қолдау көрсету бойынша жеке жоспар әзірлеу;

- интернаттан кейінгі кезеңде түлектерге қолдау көрсетудің жеке жоспарын орындауға қатысу;

- қолдау көрсету жоспары шеңберінде мүдделі органдардың іс-әрекеттерін үйлесту;

- балалар үйлері түлектерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық кеңестің жұмысына қатысу;

- өзі жетекшілік ететін түлектердің әлеуметтік бейімделу деңгейін бақылайды және мониторинг жүргізу;

- заңнамаға сәйкес халықты әлеуметтік қорғау, жеңілдіктер мен кепілдіктер беру мәселелері бойынша кеңес беру;

- уақытша баспана (пәтер, жатақханадан бөлме) алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаждарды есепке алу, әлеуметтік мақсаттағы тұрғын үй алу құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- кәсіптік бағдар беруге, жұмыс орнында бейімделуге, жұмысқа қайта орналастыруға жәрдемдесу;

- жоғалған құжаттарды қалпына келтіруге және іс-қағаздарын жүргізуге көмектесу;

- тұрғылықты жері бойынша тіркелуге жәрдемдесу;

- тұлғааралық қарым-қатынас мәселелерін шешуге көмектесу;

- тұрмыстық мәселелерді шешуге көмектесу;

- практикалық сабақтар, тренингтер, үйірмелер, клубтар және т.б. ұйымдастыру.

Сонымен қатар, түлектердің өздігінен дамуына бағытталған жұмыс түрлерін жүргізу

- балалар үйлері түлектері арасынан шыққан жас аналарды балаға күтім жасау дағдыларына үйрету арқылы екінші жетімдіктің алдын алумен айналысу;
- жас ананың балаға деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына ықпал ету;
- облыстық/аудандық/қалалалық денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек алуға жәрдемдесу;
- психологиялық-педагогикалық, оның ішінде шұғыл көмек көрсету;
- материалдық және гуманитарлық көмек көрсету;
- құқықтық кеңестер жүргізу.

➤ *Жұмыспен қамту орталығы бөлімі*

- балалар үйі түлектерімен мамандық бағдар беру жұмысын ұйымдастыру;
- еңбекке қабілеттілігі жоқ санаттағы азаматтарға тең жағдайларда қосымша еңбек кепілдіктерін беруге ықпал ету;
- балалар үйі түлектерінің әлеуметтік-психологиялық жағдайын ескере отырып, кәсіптік бағдар беру бойынша кеңестер беру;
- белгілі бір аймақтағы (жергілікті жердегі) бәсекеге қабілетті кәсіптердің тізбесін анықтау;
- жатақхана беру арқылы қала кәсіпорындарына жұмысқа орналастыру үшін өтініш хаттарын ресімдеу;
- екінші кәсіптік білім алу құқығын іске асыру механизмін әзірлеу;
- психофизикалық даму мүмкіндігі шектеулі түлектермен қосымша жұмыс жүргізу.

➤ *Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының және жоғары оқу орындарының қызметі*

- балалар үйінің түлектерін дербестендірілген есеп жүргізу;
- интернаттан кейінгі қолдауды қажет ететін студенттерді анықтау;
- интернаттық ұйымдардың түлектеріне интернаттан кейінгі кезеңде құқықтық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық көмек көрсету;
- балалар үйі түлектерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық кеңестің жұмысына қатысу;
- басқа мүдделі органдармен бірлесе отырып, интернаттан кейінгі кезеңде жетекшілікті қажет ететін балалар үйінің түлектеріне қолдау көрсетудің жеке жоспарын әзірлеу және оның орындалуын қамтамасыз ету;
- интернаттан кейінгі қолдауды қажет ететіндер балалар үйінің түлектері туралы мәліметтерді мүдделі органдарға беру;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында және жоғары оқу орындарында оқитын балалар үйлері ұйымдары түлектерінің әлеуметтік бейімделу деңгейіне мониторинг жүргізу;
- білім алу, еңбек және тұрғын үй құқығының кепілдіктерін іске асыруға ықпал ету;

- негізгі жұмыспен қамтамасыз етуге, бірінші жұмыс орнында әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету;

- бірінші жұмыс орнында тұрғын үй мәселесін шешу бойынша бақылауды жүзеге асыру.

➤ *Кәсіпорындар мен ұйымдардың (әлеуметтік мәселелер және идеологиялық жұмыс бөлімдері, жатақхана коменданттары мен тәрбиешілері) қызметі*

- кәсіпорындарда және ұйымдарда жұмыс істейтін балалар үйінің түлектері арасынан шыққан тұлғалардың дербес есебін жүргізу;

- интернаттан кейінгі қолдауды қажетсінетін тұлғаларды анықтау;

- мүдделі органдарға интернаттан кейінгі қолдауды қажет ететін тұлғалар туралы мәліметтерді беру;

- кәсіпорын қызметкерлерінің арасынан балалар үйінің түлектерін еңбекке бейімдеу кезеңінде қолдау көрсету үшін кураторлар тағайындау;

- балалар үйлері түлектерінің еңбекке бейімделу процесін бақылау;

- балалар үйінің түлектерін жұмысқа алу, оларды жұмыстан босату және оның себептері туралы ақпаратты жұмыспен қамту орталығына беру.

➤ *Денсаулық сақтау мекемелері*

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті медициналық тексеруден өткізеді;

- мүгедектердің дәрігерлік-еңбек сараптау комиссиясында тұрақты медициналық тексеруден өткізу тетігін құру;

- балалар үйі түлектерінің арасынан шыққан мүгедектерді оңалту бойынша жеке бағдарламалар әзірлеу;

- зорлық-зомбылықтан зардап шеккен, сондай-ақ тексеруді, бақылауды немесе емдеуді қажет ететін интернаттық мекемелердің түлектерін анықтау;

- халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығына және басқа да мүдделі мекемелерге өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар үйлерінің түлектері туралы хабарлау.

➤ *Ішкі істер органдары*

- тергеу амалдары жүргізіліп жатқан немесе бас бостандығынан айыру орындарында жүрген балалар үйі түлектері және оларды босату мерзімдері туралы халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығына хабарлау;

- бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан адамдарға еңбек және тұрмыстық қызмет көрсетуге көмек көрсету;

- бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тұлғаларға еңбек және тұрмыстық қызмет бойынша көмек көрсету;

- балалар үйі түлектерінің тұрғылықты жері және болатын жері бойынша тіркеуді жүзеге асырады;

- балалар үйі түлектеріне 16 жасқа толуына байланысты жеке куәлік беруді және жоғалған жағдайда қайта қалпына келтіруді жүзеге асырады.

➤ *Сот органдарына*

- міндетті тұлғалардан мемлекеттік қолдауға алынған түлектерге жұмсалатын қаражатты өндіруге байланысты мәселелерді шешу;

- жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйлерінің түлектеріне қатысты тұрғын үй мәселелерін шешу бойынша тегін заңгерлік кеңестер жүргізу;

- жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балалар үйлерінің түлектерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы талап арыздар беруге көмектесу.

➤ *Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарының қызметі*

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан шыққан балалар үйінің түлектерінің тұрғын үй қорын бақылау;

- балалар үйі түлектерінің тұрғын үй-жайларының сақталуына жауапты;

- бекітілген тұрғын үйдің санитарлық-техникалық жай-күйін сараптау және оны жылына бір рет тексеруге қатысу;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға бекітілген тұрғын үйді жалға алушыларды үйден шығару туралы сотқа талап-арыздар қою (өкім шығару және оның орындалуын бақылау);

- осы санаттағы адамдарға бекітілген бос тұрған тұрғын үй-жайды беру туралы шешім жобасын дайындау және тұрғын үй-жайларды жалдау (қосалқы жалдау) шарттарын жасау.

Қорытынды

Балалар үйі түлектерінің басым көпшілігі оқуын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында жалғастырады, олардың аз бөлігі жоғары оқу орындарына түседі. Сонымен қатар, түлектердің жұмыспен қамтылуына, яғни оқу орнына түсуіне балалар үйлерінің қызметкерлерінің басым назар аударатынын атап өту қажет.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды дербес өмірге дайындау күрделі мәселе болып табылады, біздің елімізде мектеп түлектерін есепке алу және оларға қолдау көрсетуге байланысты нақты жүйе қарастырылмаған, мекеме түлектерін бейімдеу мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Балалар үйінің өмір сүруді бастаған сәтте көптеген қиындықтармен бетпе-бет келіп, бастан кешіреді.

Тәуелсіз ересек өмірдің басталуы кез келген жас үшін қиын кезең. Жастық, тәжірибесіздік барлық кейінгі өмірге әсер етуі мүмкін қателіктерді тудырады. Бұл уақытта қиын жағдайда жүгінетін, қолдап, дұрыс жол ұсынатын жақын адамыңыздың болуы өте маңызды. Балалар үйінің түлектері кәмелеттік жасқа отбасынан шыққан баладан ертерек қадам басады, яғни жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар 15-17 жас аралығында үйреншікті ортадан үлкен өмірге аттанады. Бұл кезеңде олардың өмірлік тәжірибесі өте аз, өз бетінше өмір сүруге қажетті күнделікті өмірін ұйымдастыру, қаражатты дұрыс жұмсау тәрізді дағдылар мүлдем қалыптаспаған болады. Олар іс жүзінде өз өмір сүру кеңістігін жоқтан қайта құруға және ұйымдастыруға мәжбүр.

Балалар үйінде мемлекет тарапынан көрсетілетін қамқорлыққа үйренген түлекке мемлекеттік ұйымнан тыс жерде өз бетінше қалыпты өмір сүру үшін жағдай жасау қажет.

Осыған байланысты қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар үйінің түлектеріне, ең болмағанда, алғашқы кезде жан-жақты көмек көрсету керек.

Балалар үйлерінің түлектеріне олардың қоғамға табысты кірігуін қамтамасыз ететін және әлеуметтік, психологиялық, құқықтық көмек көрсету, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, отбасылық өмірге дайындау міндеттерін жүзеге асыратын интернаттан кейінгі қолдау орталықтарын құру; сонымен қатар бұл процеске денсаулық сақтау мекемелері, коммуналдық қызметтер, құқық қорғау органдары, кәсіптік білім беретін оқу орындары, әлеуметтік қызмет көрсету, атқарушы билік органдары, мәдениет және спорт мекемелері көмек көрсетулері тиіс. Балалар үйінің түлектерін есепке алу және мәліметтер қорын құру қажет. Бұл әлеуметтік жетімдіктің алдын алу бағыттарының бірі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. https://studbooks.net/800726/psihologiya/harakteristika_internatnyh_uchrezhdeniy_u_chrezhdeniy_zakrytogo_tipa
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-sotsialnoy-adaptatsii-vypusnikov-detskih-domov/viewer>
3. Дубровская М.О., Зарецкий В.К., Ослон В.Н., Холмогорова А.Б. Пути решения проблемы сиротства в России. - М., 2002.
4. <http://www.demoscope.ru/weekly/2014/0609/analit02.php>
5. <https://www.unhcr.org/3bb81bad4.pdf>
6. <https://informburo.kz/mneniya/asem-ditch/v-ssha-est-broshennye-deti-no-net-detskih-domov-kak-usynovlyayut-detey-v-shtatah-.html>
7. <https://www.dw.com/ru/>
8. <http://www.demoscope.ru/weekly/2014/0609/analit02.php>
9. https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---europe/---ro-geneva/---sro-moscow/documents/publication/wcms_344667.pdf
10. https://rulaws.ru/acts/Pismo-Minobrnauki-Rossii-ot-18.06.2013-N-IR-590_07/
11. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O1000000003>
12. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
13. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы]. <https://adilet.zan.kz/kaz/search/origins>
14. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 126-V Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000126>
15. <http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=FhOD6sgqgzAhFXD9F%2FeKaEJI2%2FxgoMstRAco6nVCah%2B1Mf8c8Q1LCvJkgkoTgl0Cd3X%2FqtZbB09nJdB%2B%2BrnDPNMUu5brtDyXXQouFc>
16. <https://www.sos-kazakhstan.kz/ru/page/analiz-zhilischnogo-zakonodatelstva> 17
17. https://m.egov.kz/cms/kk/articles/2Fsave_propof_orphans30?mobile=ye
18. https://egov.kz/cms/kk/articles/receive_housing
19. «Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 286 бұйрығы

20. Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама.
Астана, 2013 жыл
https://www.akorda.kz/upload/nac_komissiya_po_delam_zhenshin/%D0%94%D0
21. Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы
Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 113 Заңы.
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000113_#z15
22. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008544#z252>
23. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008544#z439>
24. Қазақстандағы отбасылық орналастырудың жағдайы мен мәселелері:
Асырап алушы және қонақ отбасылардың тәжірибесі: Әдістемелік құрал. –
Алматы, 2015. – 152 б. http://happychild.kz/imgs/metodicheskoe_kaz.pdf
25. https://www.inform.kz/kz/aktobede-balalarga-arnalghan-ayala-ortalygy-ashyldy_a3498989
26. <https://svetoch.kz/i-want-help-you/>
27. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591_
28. <https://emirsaba.org/jalpi-bilim-beru-jimdarini-bastauish-negizgi-orta-jene-jalpi-o.html?page=3>
29. «Реализация мероприятий по поддержке педагогических работников, работающих с детьми из социально неблагополучных семей» [Текст] / Центр социального прогнозирования и маркетинга. – Информационно-аналитическая записка. – 2015. – 26 с.
https://minobr.gov-murman.ru/files/Opeka/Metod_recom.pdf
30. Овдина, А. Г. Социально-профессиональная адаптация детей-сирот: проблемы и пути решения / А. Г. Овдина, Т. В. Гольцвард, Н. А. Серова // Профессиональное образование в России и за рубежом. — 2017. — № 3 (27). — С. 96–103.
31. <https://moluch.ru/archive/208/51125/>
32. <https://urok.1sept.ru/articles/648445>
33. Словарь по социальной педагогике: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений/Авт.-сост. Л.В. Мардахаев. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 368 с.
34. Социальная работа с молодежью: Учебное пособие / Под ред. Н.Ф. Басова. – М., 2008. – 328 с.
35. Шипицына, Л.М. Психология детей-сирот: Учебное пособие /Л.М.Шипицына. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2005. – 628 с.

Қосымша

Глоссарий

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала.

Әлеуметтік бейімделмеушілік – өмірдің бір немесе бірнеше маңызды салаларында (білім беру, еңбек, қарым-қатынас, демалыс, отбасылық, материалдық-тұрмыстық, тұрғын үй, экономикалық) әлеуметтік қызметтің бұзылуы.

Баланың әлеуметтік бейімделуі – өмірде қиын жағдайға тап болған баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық қағидалары мен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, сондай-ақ басынан кешірген психологиялық және (немесе) моральдық зардаптарды еңсеру процесі.

Баланы әлеуметтік оңалту – бала жоғалтқан әлеуметтік байланыстар мен функцияларды қалпына келтіру, тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз ету ортасын толықтыру, оған қамқорлық жасауды күшейту жөніндегі іс-шаралар.

Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар – бұл балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер көрсету мен материалдық көмек көрсетуді, өмірде қиын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік оңалтуды, мұндай балалар еңбекке қабілетті жасқа жеткенде олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар.

Балалар интернаттық мекемелері – бұл балалар үйлері, мектеп-интернаттар, арнаулы оқу орындары, арнаулы медициналық-оқу орындары және балаларды оқу-тәрбиелеуді қамтамасыз ететін басқа да мекемелер.

Бітірушінің әлеуметтік бейімделуі – қоғамға кірігу процесі, оның нәтижесінде өзін-өзі танудың, мінез-құлықтың, өзін-өзі бақылау және өзіне қызмет көрсету қабілетінің қалыптасуына, басқалармен барабар байланысқа қол жеткізуі.

Бірыңғай ақпараттық кеңістік – жетім балалар туралы деректермен, жетім балаларды интернаттан кейінгі бейімдеу мәселелерін шешуге қатысатын мекемелер мен бөлімдер арасындағы жұмыстың барысы мен нәтижелері туралы ақпаратпен уақтылы алмасу жүйесі.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл – мектеп-интернат түлектерінің қоғамға әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз етуге және олардың мүдделерін қорғауға бағытталған әртүрлі ведомстволық бағыныстағы әлеуметтік қызметтердің келісілген, өзара тәуелді және келісілген әрекеттері.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктері – жалпы әлеуметтік маңызды мақсаттарға қол жеткізуде әртүрлі ведомстволар мекемелерінің бірлескен жұмысын қамтамасыз ететін нысандардың, шаралардың, құралдардың және әдістердің жиынтығы болып табылады.

Ведомствоаралық кедергілер – өзара іс-қимылға қатысушыларға өз мақсаттарына жетуге мүмкіндік бермейтін және іс-әрекеттерді үйлестіруге, бірлескен шешімдер қабылдауға, мұқтаж адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуге кедергі келтіретін (субъективті және объективті сипаттағы) жағдайлар.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау кепілдіктері – олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған және олардың жан-жақты дамуы, тәрбиеленуі, білім алуы, денсаулығын нығайту және қоғамда тәуелсіз өмір сүруге даярлау үшін жағдайларды қамтамасыз етуге қызмет ететін мемлекет белгілейтін әлеуметтік қорғау шаралары.

Интернаттан кейінгі бейімделу – өмірдің қарқынды және серпінді, көп қырлы және күрделі процесі, оның барысында интернаттық мекеменің түлегі тиісті бейімделу әсері негізінде әлеуметтік ортаның өзіне қойылатын талаптарыға сай тұрақты дағдыларын дамытады.

Интернаттан кейінгі қолдау – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға дербес өмір сүруге және интернаттан кейінгі сәтті бейімделуге көмек (қолдау) көрсету жүйесі.

Интернаттан кейінгі қолдаудың миссиясы – тәуелсіздігімен, ұтқырлығымен және жауапкершілігімен ерекшеленетін жетім балалардың қоғамға толыққанды мүше ретінде табысты енуін қамтамасыз ету.

Интернаттан кейінгі қолдау принциптері – мамандардың жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен олардың өз бетінше өмір сүруін ұйымдастыру кезеңінде жұмыс істеуде басшылыққа алатын ережелер.

Институционалдандырылған қорғанишылық – балаларға арналған мамандандырылған мекемелерде балалардың туысқандарымен тәрбиеленуге алынбаған және асырап алынбаған бала/асырап алынбаған қыз бала, жетім балаларды күту мен тәрбиелеудің мемлекеттік формасы. Мекемелерде отбасылыққа жақындатылған жағдайлар жасалады. Баланың күтілуге, тәрбиеленуге, білім алуға, жан-жақты дамуына, ары мен абыройының құрметтелуіне, өзінің қызығушылықтарының қамтамасыз етілуіне, туған тілі, мәдениеті, ұлттық салттары мен дәстүрлерін сақтауына құқығы бар.

Қамқоршылық – он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны.

Қорғанишылық – он төрт жасқа толмаған балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны.

Қорғаншылықпен қамқорлық жасау балаларды күту, тәрбиелеу және оқыту мақсатында, сонымен қатар олардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларға орнатылады. Балалардың мүдделеріне жауап беретін жағдайлар болмаса, бір отбасында тәрбиеленген, туған ағайындылар мен апалы-сіңлілердің әртүрлі тұлғалармен қорғаншылық немесе қамқоршылық жасалуына жол берілмейді. Қорғаншылық 14 жасқа толмаған балаларға, ал қамқоршылық жасау 14-18 жастағы балаларға рәсімделеді.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген бала (балалар) – «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын бала (балалар).

Патронаж – психофизикалық дамуы ерекше жетім балаға, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырғандарға, егер олардың өздерінің шамасы келмесе және/немесе көмек сұраса, медициналық-әлеуметтік көмек көрсету болып табылады.

Патронат – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам (патронат тәрбиелеуші) жасасатын шарт бойынша азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берген кездегі тәрбиенің нысаны.

Тәуекел тобы – бұл белгілі бір әлеуметтік жағдайлардан немесе қоршаған орта әсерінен мүшелері осал немесе зардап шегуі мүмкін топ.

Түлектердің бейімделу критерийлері мен көрсеткіштері – белгілер жүйесі болып табылады, оның негізінде мамандар олардың интернаттан кейінгі бейімделу нәтижелерін анықтай алады.

1-қосымша

Жасөспіріммен өзара әрекеттесу немесе қарым-қатынас жасау әдістемесі

Өзара әрекеттесу/қарым-қатынас жасау кезеңі	Өзара әрекеттесу/қарым-қатынас жасаудың мазмұны және сипаты	Негізгі тәсілдер	Нәтиже
1. Өзара әрекеттесу/қарым-қатынас жасауға тарту	Жалпы қабылданған нормалар мен сөз тіркестерін қолдану. Сабырлы және мейірімді қарым-қатынас. Бірқалыпты қарым-қатынас. Эмоциялық реакциялардың болмауы. Әр түрлі тақырыптар бойынша еркін әңгімелесу. Кеңестің, сендірудің, себепсіз мазалаудың болмауы	Мақұлдау, келісім, сөзсіз қабылдау	Келісімді қабылдау

2. Ортақ қызығушылықты іздеу	Бейтарапты қызығушылық табу. Жасөспірімнің қызығушылықтарына назар аудару. Бейтарапты қызығушылықтан жеке тұлғалық қызығушылыққа өту. Тұлғаның бірегейлігін атап көрсету. Адамдар туралы жалпы пікірлерден нақты адам туралы пікір білдіру. Оның құндылықтары, жағдайы және қасиеттері туралы әңгімелесу	Тұлғаның ерекшелігін атап көрсете отырып, қызығушылықтарына жағымды көзқарас қалыптастыру	Эмоционалды жағымды қарым-қатынас, келісу
3. Болжамды жағымды қасиеттерді анықтау	Жағымды қасиеттер туралы әңгімелеу, қызықты жақтарын іздеу. Осы қасиеттерге деген көзқарасын таныту. Басқалардың жағымсыз қасиеттеріне қатынасы көзқарас. Өз мінез-құлқындағы жағымсыз жақтарды қарастыру	Серіктесі ұсынған ұсынысты қабылдау, сенім білдіру	Қауіпсіздік жағдайын құру, тұлғаны осы қалпында қабылдау
4. Болжалды күдікті қауіптерді анықтау	Тұлғаның мінез-құлқының араларын және жақтарын нақтылау. Қарым-қатынас жасауға кедергі келтіретін жағымсыз қасиеттерді анықтау. Қарым-қатынас жасау жағдаяттарын болжау әне елестету. Күмән, түсініксіз жайттарды нақтылау. Өзінің жағымсыз қасиеттері туралы мәлімдемелер	Жағымдыны, талқылаусыз, күмәнсіз, қарсылықсыз қабылдау	Сенімділік, ашықтық жағдайы
5. Серіктестердің /құрбылардың бейімделетін мінез-құлқы	Жағымды қасиеттерді атап, жағымсыз қасиеттерді ескеру. Қасиеттер бойынша кеңестер. Адам туралы көзқарастар құбылысын атап өту. Қарым-қатынастағы даралықты атап көрсету және ескеру. Болашақта болатын жағдайларды талқылау. Болатын қиындықтарды елестету. Басқаның ерекшеліктеріне бейімделуге ұмтылу	Пікірді немесе ойын ашық айту; диалог құруға, кеңеске беруге ынталандыру	Өзгеріс пен түрлендірудің объектісі мен субъектісін анықтау
6. Оңтайлы қарым-қатынас орнату	Іс-әрекеттің ортақ жоспарлары. Бағдарламаны бірлесіп әзірлеу. Өзара әрекеттесу және қарым-қатынас жасау нормалары. Рөлдерді бөлу. Өз-өзін өзгерту бойынша жоспарлар құру	Ортақ ниеттер	Қабылданған жоспарды жүзеге асыруға келісім беру

Әлеуметтік дағдылардың даму деңгейін зерттеу әдістемесі

Әлеуметтік дағдылар	Әрдайым	Жиі	Кейде	Сирек	Ешқашан
<i>Бастапқы дағдылар:</i> - адамға басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға, әңгімеге қатысуға мүмкіндік беретін кейбір қарапайым дағдылар					
1. Біреумен сөйлесіңіз.					
2. Әңгімелесу барысында сізді қызықтыратын сұраққа көшіңіз, оны егжей-тегжейлі талқылаңыз және әңгімелесушінің сұрақтарына жауап беріңіз					
3. Басқа адамға оны мұқият тыңдағаныңызды білдіріңіз, содан кейін әңгімені орынды ескертумен шебер аяқтаңыз.					
4. Басқа адамды тыңдаңыз, оған мұқият болыңыз, оны түсінуге тырысыңыз, оған қызығушылық танытыңыз.					
<i>Әңгімелесуде өзін-өзі көрсету – бұл өз сезімдері мен тәжірибелерін білдіру немесе ақпаратты басқа адамға жеткізу мүмкіндігі.</i>					
5. Комплимент айтыңыз, әңгімелесушіге оның немесе оның әрекетінің сізге ұнайтынын айтыңыз					
6. Басқа адамға оның сізге істеген жақсылығы үшін оған риза екендігіңізді білдіріңіз					
7. Адам өзінің қабілетіне күмәнданса, оны қолдаңыз.					
8. Көмек сұраңыз: өзіңіз шеше алмайтын қиын жағдайдан шеберлікпен күресуге көмектесу үшін біреуден сұраңыз					
9. Біреуге нені және қалай істеу керектігін жеңіл және түсінікті етіп түсіндіріңіз					
10. Нәзік сезімдеріңізді білдіріңіз, біреуге оған бей-жай қарамайтыныңызды түсіндіріңіз					
11. Шағым жасаңыз: біреуге сіздің					

алдыңызда кінәлі екенін айтып, мәселенің шешімін табуға тырысыңыз					
12. Бір нәрсеге сіздің көзқарасыңыз оған қарағанда дұрысырақ және өнімдірек екеніне басқа адамды сендіру.					
13. Өзіңіздің наразылығыңызды білдіріңіз, ашуыңызды тікелей және шынайы түрде айтыңыз					
<i>Әңгіме барысындағы басқа адамның пікіріне немесе оның басынан өткергеніне реакция.</i>					
14. Басқа адамға оның мақтағанын ұнататыныңызды және оны бағалайтыныңызды біліңіз					
15. Басқа адамның уайымына жауап беру (эмпатия) – басқа адамның не сезінетінін түсінуге тырысыңыз және оған өз түсінігіңізді білдіріңіз.					
16. Кешірім сұрау - біреуге қиыншылық туғызғаныңыз үшін шынымен өкінетініңізді айтыңыз					
17. Нұсқауларды орындау – нұсқауларды қатаң және соған қатысты әрекеттерді орындау					
18. Иландыруға реакция – басқа адамның ұсынысын ескеріңіз, оны өз идеяларыңызбен салыстырыңыз және соңында қай әрекеттің сізге қолайлы болатынын шешіңіз					
19. Сәтсіздікке реакция – сіздің іс-әрекеттеріңізде не дұрыс емес екенін және болашақта табысты болу үшін нені өзгертуге болатынын атап өтіңіз					
20. Қарама-қайшы мәлімдемелерді түсіну: басқа адамның айтқаны сөзінің қайсысы рас екенін анықтау					
21. Шағымға жауап беру – сіз кінәлі болған жағдайда басқа адамның наразылығына әділ жауап беру					
22. Басқа адамның ашуын түсінуге тырысыңыз және оған оны түсінуге тырысып жатқаныңызды көрсетіңіз					
<i>Алдағы әрекеттерді жоспарлау дағдылары – басқа адамдармен сөйлеспес бұрын немесе бірдеңе жасамас бұрын, оны жоспарлау және</i>					

алдағы әрекетке қалай дайындалу керек.					
23. Неге қол жеткізгіңіз келетінін және оның қаншалықты шынайы екенін шешіңіз.					
24. Сізге қандай нақты ақпарат қажет екенін шешіңіз және ол үшін құзыретті адамдарға хабарласыңыз					
25. Тапсырманы орындауға назар аударыңыз, жұмысты тиімді орындауға мүмкіндік беретін жағдай жасаңыз					
26. Өз қабілеттеріңізді бағалау – тиісті жағдайда қаншалықты құзыретті және сауатты екеніңізді анықтау үшін өз қабілеттеріңізді шынайы және бейтарап бағалау					
27. Қиын әңгімеге дайындалыңыз – қиын болатыны белгілі болған әңгімеде өз ұстанымыңызды алдын ала негіздеп айтыңыз					
28. Басымдық проблемаларды анықтау – мәселелердің қайсысы маңызды және қайсысы бірінші кезекте шешілуі керек екенін шешу					
29. Шешім қабылдаңыз – ықтимал шешімдердің қайсысы ең шынайы екенін бағалаңыз, сіздің ойыңызша, сіздің мүдделеріңізге сәйкес келетін ең шынайы әрекет бағытын белгілеңіз					
<i>Агрессивті мінез-құлықтың баламалары – қақтығыстар мен қарым-қатынастардың бұзылуын болдырмау немесе жанжалды жағдайда өзін ең өнімді түрде қалай ұстау керек.</i>					
30. Нақты қандай сезімдерді бастан кешіріп жатқаныңызды анықтаңыз					
31. Кінәліні анықтаңыз – нақты кімнің әрекеті (сіздің немесе басқа біреудің) болған оқиғаға себеп болғанын анықтау					
32. Өтініш жасау – қажет нәрсені және өзіңіз қалаған нәрсені соған жауаты адамдардан сұрау					
33. Релаксация – сізді ашу қысып тұрған кезде тыныштаныңыз және босаңсыңыз					

34. Өзін-өзі бақылау – бұзылуға жол бермей, өзін-өзі меңгеру					
35. Келіссөз – басқа адаммен дауда мәмілелі шешімге келу					
36. Басқа адамға өз проблемаларын жеңе алмаған кезде көмектесу					
37. Өзін-өзі растау – басқаларға өзіңіз кез келген нәрсе нәрсе бойынша не сезінгіңіз немесе ойлайтыныңызды көрсету арқылы өз көзқарасыңызды қорғаңыз					

Әдістемені өткізуге арналған материал – мәлімдемелер тізімінен және жауаптар формасынан тұратын сауалнама болып табылады.

Өткізу.

Сауалнамаға қатысушыға мәлімдемелер тізімі бар жауап парағы беріледі.

Бірінші бөлімде жасөспірім бұл дағдылардың оған қаншалықты берілгенін бағалауы керек.

Нұсқау: Сізге әр адам күнделікті өмірде қолданатын 37 мәлімдеменің тізімі беріледі. Жауаптың 5 нұсқасының бірін таңдау арқылы осы дағдыдағы табысыңызды бағалаңыз: әрдайым, жиі, кейде, сирек немесе ешқашан. Мұны тиісті бағанға белгілеңіз.

Екінші бөлімде сауалнамаға қатысушыға өз құрдастарының белгілі бір дағдыда жетістікке жету дәрежесін бағалау ұсынылады.

Нұсқау: Сізге тағы да адамдардың күнделікті өмірде қолданатын дағдыларын сипаттайтын 37 негізгі мәлімдеме ұсынылады.

Жауап парағындағы сәйкес *әрқашан, жиі, кейде, сирек немесе ешқашан* нұсқаларының бірін таңдау арқылы құрдастарыңыз осы дағдылардың қаншалықты орындай алатынын сәйкес бағанға белгілеңіз.

Өңдеу және нәтижелер.

Кездейсоқ таңдалған кездейсоқ белгілері бар формалар, сондай-ақ 9-дан астам ең жоғары немесе ең төменгі бағалаулары бар формалар талдауға жатпайды, өйткені бұл жағдайда адамның өзінің немесе басқалардың әлеуметтік мінез-құлқын жеткіліксіз қабылдауы туралы айтуға болады.

Талдаудың барлық деректері әлеуметтік мінез-құлықтың даму деңгейінің арнайы картасына енгізіледі.

Әлеуметтік дағдылар сауалнамасын толық өңдеу келесі пунктерден тұрады:

1. Жалпы көрсеткіштер:

1.1.Өзінің әлеуметтік қабілеттерінің орташа бағасы – бұл адамның өзіне әлеуметтік дағдының жетістігін бағалау деңгейінің орташа арифметикалық мәні. Жауаптарға 1-ден 5 ұпайға дейін баға беріледі (1-ешқашан, 2-сирек, 3-кейде, 4-жиі, 5-әрқашан). 37 дағдының орташа арифметикалық мәні әдетте 3,10-нан жоғары және 3,85-тен кем болады. Егер алынған көрсеткіш осы диапазоннан жоғары болса, онда әлеуметтік дағдылардың дамуы бойынша өзін-

өзі бағалау деңгейінің жоғары бағалау, яғни өзінің әлеуметтік қабілеттерін асыра бағалау туралы айтуға болады. Егер алынған көрсеткіш көрсетілген диапазоннан төмен болса, онда адамның әлеуметтік мінез-құлқын, әлеуметтік қабілеттерін жете бағаламауы туралы айтуға болады. Бұл көрсеткіштер 2-ден төмен немесе 4-тен жоғары болған жағдайда, жасөспірімнің оның әлеуметтік мінез-құлқын адекватты түрде бағаламауы туралы айтуға болады.

1.2. Құрдасының әлеуметтік қабілеттерінің орташа бағасы – алдыңғы көрсеткіш сияқты анықталатын құрдастар арасындағы әлеуметтік дағдылардың даму деңгейінің орташа арифметикалық мәні. Мұнда нормативтік диапазон құрдастардың әлеуметтік қабілеттерін бағалаудың орташа мәнінен 3,00-ден 3,60-қа дейін болады. Егер алынған орташа арифметикалық мән 3,60-тан жоғары болса, онда құрдастардың әлеуметтік мінез-құлқының даму деңгейін асыра бағалау, олардың әлеуметтік қабілеттерін асыра бағалау туралы айтуға болады. Алынған көрсеткіштерді бағалау кезінде бұл көрсеткіштің 4-тен жоғары және 2-ден төмен мәндері жеткіліксіз бағалауды көрсететінін және бұл жағдайда сауалнама деректерінің сенімсіз екенін атап өткен жөн.

Осы көрсеткіштердің жиынтығы бойынша (1.1 және 1.2.) жасөспірімдердің әлеуметтік құзыреттілігін бағалаудың 7 негізгі түрі бар:

1. Өзінің әлеуметтік дағдыларының даму деңгейін жете бағаламау және басқалардың әлеуметтік тиімділігін асыра бағалау. Бұл жағдайда жасөспірім өзін ыңғайсыз, қабілетсіз, басқалардан артта қалғанмын деп санайды. Сонымен қатар, ол өз қатарластарын тәжірибелі және табысты деп бағалайды, өзін мұндай деңгейге жетуім мүмкін емес есептейді. Мінез-құлықта бұл басқаларға енжар және өте тәуелді позицияда көрінеді.

2. Өзінің әлеуметтік дағдыларын асыра бағалау және басқалардың әлеуметтік дағдыларының даму деңгейін төмен бағалау. Мұндай жасөспірім өзінің әлеуметтік бейімделу саласындағы қабілеттерін асыра бағалаумен сипатталады. Ол өзін епті, тәжірибелі, ал оның құрдастарының көпшілігі әлі кішкентай, басқалардың мінез-құлқын бағалай алмайды деп санайды. Мінез-құлықта бұл авторитарлық позицияда және көшбасшылыққа ұмтылуда көрінеді.

3. Өзінің әлеуметтік қабілеттері мен қатарластарының ерекше қабілеттерін төмен бағалау. Жасөспірімнің бұл әлеуметтік позициясы ересектер әлемінен қорқуға, оның қабілеттерінің белгісіздігіне және құрдастарының қалыпты ересек өмірге сәтті бейімделу қабілеттеріне сәйкес келеді. Мұндай жасөспірімдердің мінез-құлқында, әдетте, алаңдаушылық деңгейі айтарлықтай жоғары екендігі және құрдастар тобында болуға ұмтылушылық байқалады.

4. Өзінің әлеуметтік қабілеттері мен қатарластарының қабілеттерін асыра бағалау. Өзін және құрдастарын бұлай асыра бағалау, әдетте, ересектердің әлеуметтік өмірінің күрделілігін жете бағаламаумен сәйкес келеді. Мінез-құлқында бұл сипат байқалатын жасөспірім ересектер әлемінің «жаман» ережелері мен заңдарына қарсы көшбасшылық және құрдастарын да қарсы қоюға бейімділігімен сипатталады.

5. Өзін-өзі адекватты бағалау және қоршаған құрбыларының әлеуметтік мінез-құлқын жете бағаламау. Жалпы өзіндік позициясы бар мұндай жасөспірім өзін құрдастарынан айырмашылығы ересектермен қарым-қатынасқа түсуге қабілетті деп санайды. Бұл жағдайда жасөспірім өз құрдастарының көпшілігін тәжірибесі аз, өзіне қарағанда әлі өспеген деп санайды. Мінез-құлықта бұл жауапты және теңдестірілген ұстаныммен сипатталады, бірақ кейде қалған балалардан оқшауланады.

6. Басқаларды адекватты бағалау және өзінің әлеуметтік қабілеттерін жете бағаламау. Жалпы әлеуметтік жағдайды адекватты түрде қабылдай отырып, мұндай жасөспірім өзінің мүмкіндіктерін жете бағаламауға бейім. Мінез-құлықта бұл құрдастарымен қарым-қатынаста аландаушылық пен сергектік деңгейінің жоғары болуымен сипатталады. Көбінесе бұл позиция құрдастарына қарағанда физикалық тұрғыда дамуының артта қалуымен байланысты болады.

7. Өзінің әлеуметтік даму деңгейін және құрдастарының әлеуметтік дамуын барабар бағалау. Негізінен ересек адамның даму деңгейіне сәйкес келетін шынайы, теңдестірілген ұстаным. Сонымен бірге өмірге деген жауапкершілікпен қарау басқаларды адекватты бағалаумен ұштасып жатады.

Білім беру ұйымдары мамандарының функционалдық міндеттеріне байланысты жұмыс бағыттарын саралау және ұйымдастыру

Кесте

Әсер ету субъектісі	Сынып жетекшісі	Әлеуметтік педагог	Психолог	Медицина қызметкері	Әкімшілік	Қосымша білім беру педагогі	Логопед
Бала	1. Жеке кеңес беру (қарым-қатынас орнату, түзету жұмысы бағдарламасы аясында өзара әрекеттесуді түсіндіру). 2. Оқыту формаларын саралау 3. Сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру	1. Жеке кеңес беру (қарым-қатынас орнату, түзету жұмысы бағдарламасы аясында өзара әрекеттесуді түсіндіру). 2. Сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру. 3. Демалыс пен сауықтыруды ұйымдастыру	1. Жеке кеңес беру (қарым-қатынас орнату, түзету жұмысы бағдарламасы аясында өзара әрекеттесуді түсіндіру). 2. Жеке және топтық түзету жұмыстарын және сабақтарын жүргізу. 3. Психологиялық-педагогикалық қолдау	1. Физикалық және психикалық денсаулық жағдайын бақылау. 2. Балаға қатысты алдын алу және емдеу шараларын жүргізу	1. Балаға қатысты әкімшілік шешімдер қабылдау (мадақтау, жазалау, консультацияға жіберу, басқа мекемеге ауыстыру)	1. Сабақтан тыс іс-әрекетті ұйымдастыру	1. Жеке кеңес беру (қарым-қатынас орнату, түзету жұмысы бағдарламасы аясында өзара әрекеттесуді түсіндіру). 2. Жеке түзету сабақтары. 3. Топтық түзету сабақтары.
Ата-аналар	1. Проблемалар туралы жеке хабардар ету.	1. Проблемалар туралы жеке хабардар ету.	1. Проблемалар туралы жеке хабардар ету.	1. Проблемалар туралы жеке хабардар ету.	Проблемалар туралы жеке хабардар ету.	Проблемалар туралы жеке хабардар ету.	Проблемалар туралы жеке хабардар ету.

Кестенің жалғасы

(заңды тұлғалар)	2. Кері байланыс алу. 3. Педагогикалық қолдау көрсету	2. Кері байланыс алу. 3. Отбасыларына әлеуметті-педагогикалық патронаж	2. Кері байланыс алу. 3. Психологиялық қолдау көрсету	2. Кері байланыс алу.	2. Топтық ақпараттандыру	хабардар ету.	
Туыстар	1. Жеке кеңес беру. 2. Проблемалар туралы хабардар ету.	1. Проблемалар туралы хабардар ету. 2. Кері байланыс алу.	1. Проблемалар туралы хабардар ету. 2. Кері байланыс алу.	1. Проблемалар туралы хабардар ету. 2. Кері байланыс алу.	1. Проблемалар туралы жеке хабардар ету. 2. Топтық ақпараттандыру		1. Проблемалар туралы жеке хабардар ету.
Көршілер		Бала мен отбасы туралы жанама ақпарат беру және қосымша ақпарат алу					
Тұрғылықты жеріндегі достары		Бала туралы қосымша ақпарат алу.					
Қосымша сабақтар, үйірмелер, секциялар бойынша серіктестері		Бала туралы қосымша ақпарат алу.				Бала туралы қосымша ақпарат алу. Баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар	

Кестенің жалғасы

Мұғалім дер	1. Бала туралы қосымша ақпарат жинау. 2. Баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар жасау	1. Бала туралы қосымша ақпарат алу. 2. Баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар жасау	1. Бала туралы қосымша ақпарат алу. 2. Баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар жасау		Баламен өзара қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстардың орындалуы бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау		Баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар жасау
Сыныптастары	1. Баламен қарым-қатынас мәселелерін анықтау. 2. Сыныпта достық атмосферасын құру.	1. Баламен қарым-қатынас мәселелерін анықтау. 2. Сыныпта достық атмосферасын құру.	1. Баламен қарым-қатынас мәселелерін анықтау. 2. Сыныпта достық атмосферасын құру.				
Басқа сыныптар дағы достары		1. Рефереттік топты анықтау	1. Рефереттік топты анықтау				
Мектеп қызметкерлері (техникалық персонал)	1. Бала туралы қажетті ақпарат алу. 2. Баламен қарым-қатынас туралы ұсыныстар	1. Бала туралы қосымша ақпарат алу. 2. Баламен қарым-қатынас туралы	1. Бала туралы қосымша ақпарат алу. 2. Баламен қарым-қатынас туралы	1. Бала туралы қосымша ақпарат алу. 2. Баламен қарым-қатынас туралы	Баламен өзара қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстардың орындалуы бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау		

Кестенің жалғасы

Формалды емес ұйымдардың қатысушылары		1. Бала туралы қосымша ақпарат алу.					
---------------------------------------	--	-------------------------------------	--	--	--	--	--

4-қосымша

Білім беру ұйымдары мамандарының функционалдық міндеттеріне байланысты жұмыс формаларын саралау

Кесте

	Сынып жетекшісі	Әлеуметтік педагог	Психолог	Медицина қызметкері	Әкімшілік	Қосымша білім беру педагогі	Логопед
Бала	1. Жеке әңгімелесу.	1. Жеке әңгімелесу.	1. Проблемалар бойынша зерттеу экспериментіс жүргізу.	1. Денсаулық тобын анықтау. Емдеу-денсаулық сақтау режимі туралы мәселелерді шешу (оқу жүктемесі, диеталық тамақпен қамтамасыз ету).	1. Мамандардың ақпараты бойынша балаға қатысты әкімшілік қаулылар қабылдау (мақтау, жаза қолдану, бағыты кеңес алуға жіберу, басқа мекемеге	1. Өмірлік қиын жағдайға тап болған баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстарды орындау	1. Сөйлеу функцияларын дамытуға, логопедиялық бұзылыстарын түзетуге бағытталған жеке және топтық сабақтар

	2. ПМПК жіберу (оқыту мен тәрбиелеуге қатысты жеке көзқарасты таңдау). 3. Жеке оқыту бағдарламасын құрастыру. 4. Баланың мүдделерін педагогикалық диагностикалау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. 5. Қатысуға тарту (үйірмелер, секциялар, қоғамдық тапсырмаларды орындау). 6. Жетістіктер портфолиосын жинау.	2. Үйірмелерге бару, спорт секциялары, жалпы мектептік іс-шараларға қатысуды ұйымдастыру. 3. Демалыс лагеріне баруды ұйымдастыру 4. Тамақтануды ұйымдастыру	2. Когнитивтік қызметтерді; коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған жеке және топтық сабақтар; өмірлік қиын жағдайларға, сонымен қатар зорлық-зомбылық жағдайына байланысты әлеуметтік мақұлданған мінез-құлықты, үйрету. Арт-, музыкалық-, қуыршақ терапиясы элементтерін қолдану. 3. Топтық тренингтер	2. Санаторлық-курорттық ем алуға көмектесу. 3. Мүгедектікті ресімдеуге көмектесу.	ауыстыру)		
Ата-аналар	1. Жеке әңгімелесу. 2. Топтық кеңес: мұғалім, ата-ана, бала.	1. Отбасының әлеуметтік паспортын құру. 2. Материалдық көмек алуға	1. Жеке кеңес. 2. Топтық кеңес: мұғалім, ата-ана, бала.	1. Жеке кеңес	1. Жеке кеңес. 2. Топтық ақпараттандыру	1. Жеке кеңес	1. Жеке кеңес

Кестенің жалғасы

	3. Ата-аналардың сабаққа қатысуы. 4. Сыныптан және сабақтан тыс іс-шараларға ата-аналарды тарту. 5. Ата-аналар комитетінің жұмысына тарту	көмектесу. 3. Жұмысқа орналасуға көмектесу. 4. Ем алуға көмектесу	3. Топтық тренингтер				
Туыстары	1. Жеке әңгімелесу. 2. Туыстарының сабаққа қатысуы. 3. Сыныптан тыс іс-шараларға тарту	1. Тәрбиелеуге көмектесуге тарту	1. Жеке кеңес. 2. Ақпараттандыру	1. Жеке кеңес. 2. Ақпараттандыру	1. Жеке кеңес. 2. Ақпараттандыру	1. Жеке кеңес. 2. Ақпараттандыру	1. Жеке кеңес. 2. Ақпараттандыру
Көршілер		Жанама ақпарат және бала мен оның отбасы туралы қажетті мәліметтер алу					
Тұрғылықты жеріндегі достары		Бала туралы қызықтыратын ақпарат алу					
Қосымша сабақтар, үйірмелер,		Бала туралы қызықтыратын ақпарат алу					

секциялар бойынша серіктестері							
Мұғалімдер	Баланы бақылау бойынша күнделік жүргізу	Бала туралы қызықтыратын ақпарат алу. Баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар	Бала туралы қызықтыратын ақпарат алу. Баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар		Баламен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстардың орындалуы туралы әкімшілік шешімдер қабылдау		
Сыныптастары	Әр түрлі өмірлік жағдаяттардағы әлеуметтік ортаның жалпы қабылданған мінез-құлық, этикалық нормалар, толеранттылық туралы және оларды қалыптастыру бойынша тақырыптық сынып сағаттарын өткізу	1. Ұзақ мерзімді бақылау. 2. Жеке кеңес. 3. Топтық сабақтар	1. Ұзақ мерзімді бақылау. 2. Жеке кеңес. 3. Топтық сабақтар				

Кестенің жалғасы

Басқа сыныптар дағы достары		Әр түрлі өмірлік жағдаяттардағы әлеуметтік ортаның жалпы қабылданған мінез-құлық, этикалық нормалар, толеранттылық туралы және оларды қалыптастыру бойынша тақырыптық сынып сағаттарына қатысу	Әр түрлі өмірлік жағдаяттардағы әлеуметтік ортаның жалпы қабылданған мінез-құлық, этикалық нормалар, толеранттылық туралы және оларды қалыптастыру бойынша тақырыптық сынып сағаттарын өткізуге қатысу				
Мектеп қызметке рлері (техникал ық персонал)	«Девиантты мінез-құлық мектепке бейімделе алмаудың бір себебі ретінде» тақырыбындағы оқыту семинарына қатысу	«Девиантты мінез-құлық мектепке бейімделе алмаудың бір себебі ретінде» тақырыбындағы оқыту семинарына қатысу	«Девиантты мінез-құлық мектепке бейімделе алмаудың бір себебі ретінде» тақырыбындағы оқыту семинарына қатысу "		Баламен өзара әрекеттесу бойынша ұсыныстарды міндетті түрде орындау бойынша басқарушылы қ шешімдер қабылдау		
Формалд ы емес ұйымдар қатысуш ылары		Бала туралы қызықтыратын ақпарат алу					

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды интернат кейінгі әлеуметтік бейімдеуге арналған бағдарлама.

Бағдарламаның мақсаты:

- өмірлік және азаматтық белсенді ұстаным қалыптастыру, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру және зиянды тәуелділіктің алдын алу арқылы шынайы құндылық бағдарларын анықтау, сонымен қатар балалар үйінің түлектерін интернаттық ұйымнан кейінгі әлеуметтік ортаға бейімдеу жұмыстарын жүргізу.

Бағдарламаның міндеттері:

- жеке бюджетті жоспарлау дағдыларын қалыптастыру;
- күнделікті өмірде және тұрмыста қажетті дағдыларды меңгерту;
- мамандық таңдауға бағыттау.

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін интернаттан кейінгі әлеуметтенуіне және бейімделуіне көмек көрсету бойынша жүргізілетін іс-шаралар

Кесте

Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
Жеке бюджетті жоспарлау дағдыларын қалыптастыру			
«Менің бюджетім». Өз бюджетін дұрыс жоспарлауға үйретуге арналған дәрістік курс.	Айына 1 рет	Әлеуметтік педагог, экономист, интернаттан кейінгі бейімдеу ұйымының маманы	Сатып алуларға дұрыс басымдық беру қабілетін қалыптастыру
«Жеке кірістер мен шығыстар», «Отбасы экономикасы дегеніміз не?», «Ірі және онша емес тауарлар сатып алу», «Дүкенге сауда жасауға барамыз» және т.б. тақырыптар бойынша тәрбие сағаттарын өткізу	Айына 1 рет	Әлеуметтік педагог, экономист, интернаттан кейінгі бейімдеу ұйымының маманы	Болжалды кірістер мен шығыстарды жоспарлау
«Сауда үйі», «Дүкен», «Дәріхана», «Банк» және т.б. тақырыптарда сюжеттік-рөлдік ойындар өткізу	Айына 1 рет	Педагог-психолог, тәрбиешілер	Ақшамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру
Банкке, салық комитетіне және басқа мекемелерге экскурсиялар ұйымдастыру	Айына 1 рет	Әлеуметтік педагог, тәрбиешілер	Аталған мекемелердің жұмысы туралы практикалық білім алу
Болашақ түлектерді жұмыспен қамту орталығы арқылы уақытша жұмысқа орналастыру (сабақтан	Қажеттілігіне қарай (14 жастан бастап)	Әлеуметтік педагог, заңгер, жұмыспен қамту орталығының маманы	Еңбек дағдыларын қалыптастыру және еңбекті құрметтеуге

кейінгі уақытта және демалыс кезінде)			тәрбиелеу
Тұрмыстық дағдылар меңгеру			
«Қыз баланың жеке гигиенасы», «Жігіттердің жеке гигиенасы», «Декоративті косметика», «Әдемі болу деген не?» және т.б. тақырыптар бойынша тәрбие сағаттары	Айына 1 рет	Медицина қызметкері, тәрбиешілер	Мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру
«Ақылды үй», «Аббаттандырылған аумақ» және т.б. тақырыптарда сайыстар өткізу	Айына 2 рет	Педагог-психолог, тәрбиешілер, еңбек нұсқаушысы	Өзіне және өзін қоршаған ортаға ұқыппен қарау
«Ержету» атты алынбалы отыратын стенд құру. Ұлдар мен қыздардың жетілуі бойынша алынбалы стендке материалдарды дайындау және орналастыру	Айына 1 рет	Педагог-психолог, медицина қызметкері, тәрбиешілер	Өзіне және өзін қоршаған ортаға қындылықты көзқарас қалыптастыру
Ас әзірлеу және дастархан жаю арқылы отбасылық мерекелерді ұйымдастыру және өткізу	Жүйелі түрде	Диетолог, тәрбиешілер	Тамақ пісіруге және үстелді жабдықтау дағдыларына үйрету
Қосымша білім беру үйірмелерінде оқу (тігін шеберханасы, ағаш шеберханасы, қолданбалы өнер, аспаздық және т.б.)	Үйірмелер жұмысының жоспары бойынша	Қосымша білім беру педагогтары	Тұрмыстық және еңбек дағдыларын қалыптастыру
Тәрбиеленушілерге кәсіптік бағдар беру			
Диагностикалық шаралар кешенін жүргізу	Айына 2 рет	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, жұмыспен қамту орталығының маманы	тәрбиеленушілердің кәсіби қызығушылықтары мен бейімділік аясын анықтау
«Барлық мамандықтар жақсы», «Менің болашақ мамандығым» мамандық таңдауға байланысты т.б. тренинг сабақтар өткізу	Айына 1 рет	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Қазіргі кездегі мамандықтармен таныстыру, олардың мүмкіндіктерін білу
Оқу орындарына түсу үшін дайындық курстарын ұйымдастыру	Жеке жоспар бойынша	Әлеуметтік педагог, тәрбиешілер, заңгер	Білімді жүйелеу және таңдаудың дұрыстығына сенімділік
Кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру	Демалыс кездерінде	Әлеуметтік педагог, тәрбиешілер	Қазіргі кездегі мамандықтармен

			таныстыру, өз мүмкіндіктерін түсіну
Өртүрлі мамандық өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру	Жылына 4 рет	Әлеуметтік педагог	Ой-өрісін кеңейту және мамандықтар әлемімен таныстыру
Болашақ түлектердің өзін-өзі таныстыру байқауын ұйымдастыру	Жылына 1 рет	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, тәрбиешілер	Ішкі әлеуметтік-психологиялық кедергілерді жеңу
Түлектерге интернаттан кейінгі қолдау көрсету бойынша жеке карта құру жеке куәлігін ресімдеу	Жылына 2 рет	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлері, тәрбиешілер	Сәтті әлеуметтенуді қалыптастыру
Салауатты өмір салтын қалыптастыру			
Шынықтыру бойынша гигиеналық процедуралар өткізу	Күнделікті	Медицина қызметкерлері, тәрбиешілер	Денсаулықты нығайту және өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауды тәрбиелеу
Спорт жарыстарына қатысу	Жоспар бойынша	Медицина қызметкерлері, дене шынықтыру бойынша нұсқаушы	Дене тәрбиесіне деген құштарлығын қалыптастыру
Денсаулық күндерін ұйымдастыру және өткізу	Жоспар бойынша	Медицина қызметкерлері, дене шынықтыру бойынша нұсқаушы	Денсаулықты нығайту және өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауды тәрбиелеу
Нарколог дәрігермен, венеролог дәрігермен, педиатрмен кездесулер ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Медицина қызметкерлері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Жаман әдеттердің алдын алу
«Біз салауатты өмір салты үшін!», «Түсікке жол жоқ!» үгіт-насихат кітапшаларын шығару және тарату	Жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, жобалық іс-әрекеттің жетекшісі, медицина қызметкерлері	Жауапты мінез-құлық және зиянды әдеттерден саналы түрде бас тарту дағдыларын қалыптастыру
Салауатты өмір салты бойынша дөңгелек үстелдер, пікірсайыстар, семинарлар, постер, қабырға газеттері байқауларын өткізу	Тәрбие жұмысының жоспары бойынша	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, әлеуметтік педагог	Жауапты мінез-құлық және зиянды әдеттерден саналы түрде бас тарту дағдыларын қалыптастыру

Спорт секцияларына қатысу, спорттық-сауықтыру орталығына және бассейнге бару	Жоспар бойынша	Тәрбиешілер, дене шынықтыру бойынша нұсқаушы, медицина қызметкерлері	Денсаулықты нығайту
Құқықтық сауаттылығы жоғарылату			
Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Бала құқықтары туралы конвенциямен, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, отбасы кодексімен және т.б. таныстыру	Айына 1 рет	Әлеуметтік педагог, заңгер, тәрбиешілер	Тәрбиеленушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу
Адвокатпен, нотариуспен, салық инспекторымен, прокуратурамен, еңбекті қорғау жөніндегі маманмен кездесулер ұйымдастыру	Айына 1 рет	Әлеуметтік педагог, заңгер, тәрбиешілер	Құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу
Зейнетақы қорына, Жұмыспен қамту орталығына, Әлеуметтік қорғау комитетіне және т.б. мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, мекемелерге экскурсиялар ұйымдастыру	Демалыс кезінде	Әлеуметтік педагог, тәрбиешілер	Құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу
Құжаттарды ресімдеу бойынша практикалық сабақтар өткізу	Жылына 2 рет	Әлеуметтік педагог, заңгер, тәрбиешілер	Құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу
Құқықтық сауаттылыққа мониторинг жүргізу	Жылына 2 рет	Заңгер	Құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу
Отбасылық қарым-қатынас этикасын және психологиясын қалыптастыру			
«Адамның жалғыз қалғаны жаман...» тәрізді компьютерлік презентациялар сайысын өткізу	Жылына 1 рет	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, жобалық іс-әрекеттің жетекшісі, тәрбиешілер	Отбасы өмірінің этикасы мен психологиясы туралы мағлұмат беру
Қандас туыстармен отбасылық қарым-қатынас орнату	Үнемі	Әлеуметтік педагог, педагог-психолог, тәрбиешілер	Отбасына деген құндылық көзқарасын қалыптастыру

Кестенің жалғасы

Отбасының рухани-адамгершілік негіздері	Жылына 2 рет	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, жобалық іс-әрекеттің жетекшісі	Отбасы құрылымы туралы түсініктерін қалыптастыру
«Махаббат ғаламы» атты ауызша журналын жүргізу	Жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, жобалық іс-әрекеттің жетекшісі	Отбасына деген құндылық көзқарасын қалыптастыру
Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру			
Коммуникативті мәдениетке байланысты диагностикалық шаралар кешенін жүргізу	Педагог-психологтың жоспары бойынша	Педагог-психолог	Қарым-қатынас дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау
«Мен және менің ортам», «коммуникация әлемі» және т.б. тақырыптардағы тренинг сабақтарын өткізу	Педагог-психологтың жоспары бойынша	Педагог-психолог	Сыртқы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру
Дүниетанымы мен сезімін қалыптастыру үшін арт-терапия сабақтарын өткізу	Педагог-психологтың жоспары бойынша	Педагог-психолог	Қарым-қатынас және ішкі еркіндік дағдыларын қалыптастыру

Дереккөз: <https://social.gov39.ru/ministerstvo/bank-uspeshnykh-proektov/postinternatnoe-soprovozhdenie-vypusnikov-tsentrov-pomoshchi-detyam-ostavshimsya-bez-popecheniya-ro/pora-vzroslet.php>

6-қосымша

Экскурсиялар бағдарламасының үлгілік оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Сағат саны		
		барлығы	теория	практика
№ 1 модуль. Алматы қаласы бойынша экскурсиялар				
1	Қаланың тарихи орындары туралы білім алу - оңтайлы маршрут құру; - қоғамдық көлікпен жүру уақытын ескере отырып, уақытты жоспарлау		3	
2	Қала бойынша екі экскурсия: - қала кеңістігінде бағдарлау дағдылары мен дамыту; - нақты жағдайда коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастыру			3
3	Іс-шараның барлық қатысушыларымен рефлексия өткізу және экскурсияны өтуін талдау			2
№ 2 модуль. Қазақстан бойынша экскурсиялар				
1	Саяхат барысындағы этикет туралы білім беру (поезда, туристік автобуста және т.б. көпшілік жиналатын жерлерде өзін қалай		6	2

	ұстау керек); - Қазақстанның географиясы және тарихы туралы білім алу; - Қазақстанның аймақтарында өмір сүретін халықтардың салт-дәстүрлері мен мәдениеті туралы білім алу; - алған білімдердің нәтижесінде дағдыларын жетілдіру және конференцияда презентация түрінде ұсыну; - оңтайлы маршрут құру біліктері мен дағдыларын дамыту; - уақытты жоспарлау; - жоспарлағанды жүзеге асыруға қажетті іс-әрекеттерді ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру (өз бюджетін жоспарлау, билет сатып алу, қонақ үй брондау, жолға кететін уақытты есептеу, саяхат кезіндегі міндеттерді бөлу т.б.)			
2	Қазақстан бойынша экскурсиялар: - Қазақстан қалаларының кеңістігінде, көрікті және тарихи жерлерінде бағдарлану білігі мен дағдыларын жетілдіру; - нақты жағдаятта коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру			23
3	- іс-шараға қатысушылардың барлығының қатысуымен рефлексиясы мен талдауы; - жол жүру жазбалары мен күнделіктерін ресімдеу, материалдарды және саяхат нәтижесі бойынша стендтің дизайнын дайындау			5
№ 3 модуль. Басқа елдерге саяхат				
1	- Белгілі бір елдің географиясы мен тарихы туралы білім алу; - белгілі бір елдің әртүрлі аймақтары мен халықтарының дәстүрлері мен мәдениеті туралы білім алу; - белгілі бір елде қабылданған этикет нормалары туралы білім алу; - алған білімдерінің нәтижелеріне сүйене отырып, оларды «... ...» конференциясында презентация жасай отырып баяндау дағдыларын жаттықтыру; - оңтайлы маршрут құру дағдылары мен дағдыларын жаттықтыру; - уақытты жоспарлау; - жоспарланғанды жүзеге асыруға қажетті іс-әрекеттерді ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру (өз бюджетін жоспарлау, қолайлы турды табу, туристік агенттікпен		10	2

	келіссөздер жүргізу, саяхат уақытын есептеу, міндеттерді бөлу және т.б.); - шетелге шығу үшін қажетті құжаттар және оларды алу ережелері туралы білім алу; - шетелге шығу ережелері туралы білім алу; - «сөйлеу мәнері» бойынша білім алу (негізгі қарым-қатынасқа қажетті бірнеше сөз тіркестерін меңгеру); - саяхат этикеті бойынша білім алу (поезда, туристік автобуста және т.б. жерлерде өзін ұстау ережелері)			
2	Шет елге экскурсия: - белгілі бір елдің қалаларында болғанда бағдарлау біліктері мен дағдыларын дамыту; - нақты жағдайда коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру; - қантты жағдайда толеранттылық таныту қабілетін қалыптастыру			13
3	Рефлексия и анализ всеми участниками случившегося события, □ оформление путевых заметок и дневников, подготовка материалов и оформление стенда по итогам путешествия			3
№ 4 модуль. Өнер мұражайларына экскурсиялар				
1	Мұражай түрлері туралы білім алу: - мұражайда этикеті туралы білім алу; - өнер түрлері, кескіндеме, мүсін және қолданбалы өнер жанрлары туралы білім алу; - белгілі суретшілердің өмірі мен шығармашылығы туралы білім алу; - қоғамдық көлікпен жүру уақытын ескере отырып, уақытты жоспарлау		4	
2	Өнер мұражайларына экскурсиялар: - қала кеңістігінде бағдарлау дағдылары мен дағдыларын дамыту; - мұражай этикетінің ережелеріне сәйкес өзін ұстау дағдыларын қалыптастыру; - нақты жағдаятқа байланысты қажетті коммуникативтік құзыреттіліктер қалыптастыру			10
3	Іс-шараның барлық қатысушыларының рефлексиясы және талдауы			4
№ 5 модуль. Оқу-танымдық мұражайларға экскурсиялар				
1	Мұражайдың түрлері туралы білім алу: - мұражайда этикеті туралы білім алу; - ғылыми білімнің ерекше көзі ретінде мұражай туралы білім алу		3	
2	Оқу-танымдық мұражайларға экскурсиялар: - қалада бағдарлану біліктері мен дағдыларын			3

	жетілдіру; - мұражай этикетінің ережелеріне сәйкес өзін ұстау дағдыларын қалыптастыру; - нақты жағдаяттарға қажетті коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру; - танымдық белсенділік қызығушылығын дамыту; - зерттеу іс-әрекетіне ынтасын дамыту; - аналитикалық білімдер мен дағдыларды дамыту			
3	Оқыту мен танымға байланысты жағдаяттарда алған білімдерін басқаға беру/үйрету дағдыларын дамыту; - болған оқиғаның барлық қатысушыларының рефлексиясы және талдауы			2

7-қосымша

«Саяхатшы» клубы бағдарламасындағы жетім балаларды әлеуметтік-мәдени оңалту

«Саяхатшы» клубы бағдарламасының мақсаты – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үйі, девиантты мінез-құлықты интернаттардың түлектерінің мәдени аясын кеңейту және әлеуметтік-мәдени тәжірибесін қалыптастыру, олардың коммуникативті дағдыларын дамыту және оқуға, білуге деген ынтасын арттыру, туризмде алған білімдері мен дағдыларын өмірлік іс-әрекеттердің басқа салаларында қолдану, өмірлік іс-әрекеттер және демалыс орындарын кеңейту қажеттілігімен байланысты білім мен дағдылар, уақыт пен кеңістікте бағдарлау жолдарын анықтау, Қазақстанның және басқа елдердің әртүрлі қалаларының мәдениетімен танысу үшін жағдай жасау.

Балалар үйілері мен интернаттық ұйымдардағы тәрбиенің ерекшеліктеріне байланысты түлектердің барлығы дерлік бірқатар қиындықтарды бастан кешіреді, мысалы:

- қоғамдық орындарда жалпы қабылданған тәртіп ережелерін білмеу және сақтамау;
- қоғамдық көліктердің жүру маршруттарында бағдарлана алмау;
- пойызға, мұражайларға билет сатып алуды түсінбеу;
- жаңа ортада өзін ыңғайсыз сезіну және т.б.

Егер түлектің «Саяхатшы» бағдарламасына қатысуы дұрыс және тиімді ұйымдастырылса, онда ол өз бетінше саяхаттауды және басқалар үшін саяхат ұйымдастырады үйренеді, бұл оған қазіргі қоғамдағы толыққанды өмірге бейімделуге, күнделікті өмірде қажет жеке қасиеттерін дамытуға, таныс емес мысалы, уақытты жоспарлау, қолында бар қаражатты тиімді жұмсауды

жоспарлау, қажетті ақпаратты табу, жоспарланғанды іс жүзінде жүзеге асыру тәрізді дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

Бағдарламаға кез келген түлек қатыса алады. Сонымен бірге әрбір іс-шараның алдында оған түлектерді тарту арқылы, яғни саяхат немесе экскурсия орнына арналған стендтер жасау; пошталық тізімге немесе әлеуметтік желілерге алдағы сапар туралы қызықты оқиғасы бар хат/ақпарат жіберу; саяхаттың немесе экскурсияның ең қызықты жақтары туралы бет-әлпетпен және эмоционалды түрде айтылған бейнежазбалар тәрізді жұмыстар жүргізіледі:

Саяхатшыны дайындау кезеңі

Бағдарламада 5 модуль бар (төмендегі кестеде берілген):

1. Өнер мұражайларына экскурсиялар.
2. Оқу-танымдық мұражайларға экскурсиялар.
3. Алматы бойынша экскурсиялар.
4. Қазақстанда саяхаттау:
 - бір күндік,
 - көп күндік.
5. Басқа елдерге саяхаттау.

Әр сабақта туристік саяхаттар мен әртүрлі жерлерге экскурсияларды ұйымдастыруға байланысты өмірлік жағдаяттар үлгіленеді, жобаланады және жүзеге асырылады.

Бағдарламаның шарықтау шегі – Қазақстан немесе басқа елге көп күндік сапар. Мастер-класс оны ұйымдастыру әдістемесіне арналған.

Көп күндік саяхатты ұйымдастыру жолдары

➤ Саяхатқа дайындық кезеңі.

Саяхатқа орын таңдауға түлектер де, клубтың қызметкерлері де қатыса алады. Ең бастысы, ұсынысты қабыл алатындай етіп дайындау.

Ол үшін келесі сұрақтардың жауабын ойластыру керек:

- Біз қайда және не үшін саяхатқа шыға аламыз?
- Онда біз қандай жаңалық көреміз?
- Біз не туралы білеміз?
- Саяхат барысында нені үйрене аламыз?

Клуб отырысында қатысушылардың ұсыныстары шағын хабарлама түрінде беріледі немесе презентация түрінде ресімделеді. Біреу өз ұсынысын өзі дайындайды, біреуге көмек керек. Әдетте бұл үшін клуб жетекшісі телефон арқылы кеңес береді немесе 1-2 жеке кездесу өткізеді.

Саяхат бағытын (орнын) таңдау өтетін клуб отырысы әрқашан белгілі бір форматта өтеді:

а) барлық ұсыныстарды тыңдамас бұрын, мақсаттарды анықтау қажет: сапардан не қалаймыз? (мақсаттар «мақсаттар ағашы» түрінде тақтаға жазылады).

б) осыдан кейін қатысушылар өз ұсыныстарын айтады және сапар барысында қандай мақсатты жүзеге асыруға болатынын түсіндіреді (дәлелдейді).

в) дауыс беру (қатысушылар санына байланысты).

➤ Саяхат орны таңдалғаннан кейін осы сапарға барғысы келетіндердің барлығына кездесу өткізіледі. Бұл кездесуде дайындық басталып, осы сапарды жүзеге асыру үшін жасалуы керек нәрселердің тізімі анықталады:

- билеттер.
- маршрут.
- қонақ үйлер.
- ақша және т.б.

Осы немесе басқа да дайындық жұмыстарын жүргізетін, келесі отырыстардың мерзімін белгілеп отыратын жұмыс топтары құрылады. Жұмыс топтарының отырысында саяхат кезіндегі міндеттерді бөлу, саяхат ережелерін қабылдау бойынша нақты ұсыныстар жасалады және жалпы қабылданады.

➤ Сапар бюджетін жоспарлау бойынша жеке жұмыстар жүргізіледі:

- қаражаттарын жұмсауды жоспарлау үшін әр саяхатшымен жеке бірнеше кездесулер;

- сапар алдында «Саяхат бюджеті» атты жалпы жиналыс өткізіледі. Әр саяхатшының қаражаты бойынша жеке Excel файлы ашылады, онда барлық шығындар тізімделеді және түлек олардың жеңілдіктерін, тұру ерекшеліктерін және т.б. ескере отырып, қажетті бағандарды толтырады.

➤ Маршрутты, бюджетті нақтылау, пойыз билеттеріне тапсырыс беру, төлқұжатқа өтініш толтыру, туристік агенттікке құжаттарды дайындау және виза алу нысандарын толтыру бойынша жұмыс кездесулері.

Саяхат тәрбиелік мақсатты көздейтіндіктен, әдетте оның алдында «... (Алматы, Астана, «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», Санкт-Петербург, Париж, Прага және т.б.)» атты конференция өткізіледі. Түлектер өздері баратын жердің мәдениетіне, көрікті жерлеріне байланысты тақырыптарды таңдап, хабарлама мен слайд-презентация дайындап, барлығын алған білімдерімен таныстырады. Осылайша, сапарға дейін де саяхатта нені көруге болатыны туралы түсінік қалыптасады.

➤ Сапар ережелері әр жолы жаңадан қабылданады, яғни келесі сапардың өз ережесі болады. Олар сапар барысында өзгеруі мүмкін: кейбір нәрседен бас тартуға, жағдайға байланысты жоспарға өзгерістер енгізілуі мүмкін.

➤ Ережелерді қабылдау сұрақтарға жауап беруден басталады:

- саяхаттың мақсаты қандай? (Саяхатымыздан не күтесіздер?)
- осы мақсаттарға жету үшін не қажет деп ойлайсыздар?

Осыған байланысты сапар барысында ұстанатын ережелер тұжырымдалады.

Сапардың мақсаты:

- топтық саяхат: біз біргеміз!
- көшелерді-бұрылыстарды қараймыз;
- пойыз саяхатының романтикасынан ләззат алымыз;
- еліміздің кең даласының табиғатын тамашалаймыз;

- «Қазақстанның киелі жерлері – сакралды географиясы» маршруты, олардың тарихымен танысамыз;

- еліміздің тауларының, жазық далаларының тарихымен, аңыздарымен танысамыз

- ғажайыпты көреміз, жаңалық ашымыз;

- әр қаланың шығу тарихымен жақынырақ танысамыз (мәліметтерді білеміз).

- қалалардың сәулетімен, мәдениетімен, орналасуымен танысамыз және т.б.

Саяхаттың ережесін қабылдау. Ережелер келесідей болуы мүмкін:

- біз бір командамыз! (келісеміз, бір-бірімізді сыйлаймыз, түсінуге тырысамыз, мәселелерді бірге шешуге тырысамыз);

- қоғамдық ортадағы мінез-құлық ережелерін, маңайымыздағы адамдарды құрметтейміз;

- өз эмоциямызды білдіруімде ұстамды және басқалардың мінез-құлқына төзімді боламын;

- іс-шараларға әрқашан уақытында келемін;

- ұялы телефоным әрдайым қосулы күйде ұстаймын;

- бос уақыттағы жоспарларым және олардың өзгерістері туралы жетекшіні алдын-ала ескертемін;

- өзіме және заттарымызға мұқият қараймын және басқалар.

Саяхаттың барысы

Бір күндік немесе көп күндік саяхатқа-экскурсияға барған жерлердің картасын құру. Мысалы, «Қазақстанның киелі жерлері – сакралды географиясының» «Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері» маршрутының картасы келесідей болуы мүмкін:

- Қарағанды облысы бойынша: Әулиетау (Ақмешіт) – Едіге тауы – Алтын Шоқы – Бектау ата тауы және үңгірі;

- Түркістан облысы бойынша: Қазығұрт тау кешені – Жылаған ата бұлағы мен үңгірі – Ақмешіт үңгірі;

- Алматы облысы бойынша: Шарын шатқалы – Тамшыбұлақ бұлағы;

- Шығыс Қазақстан облысы бойынша: Ақтас тауындағы Қоңыр Әулие үңгірі – Мұзтау.

Саяхат барысында түлектер табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережелерімен танысады, үйден тыс жерде тамақ пісіруді, шатырды орнату жолдарымен үйренеді және т.б. күнделікті өмірде қажетті болатын дағдылар қалыптасады.

Сапардың нәтижелері бүкіл сапар барысында рефлексия және талдау түрінде күнделікті жеке сұхбат барысында жүзеге асырылады.

Қорытынды кездесу сапар аяқталғаннан кейін 3-4 күннен кейін өтуі мүмкін, себебі саяхатқа қатысқан түлектер жолдан соң демалуға және фотосуреттерді шығаруға уақыт алады.

Кездесуде талқыланатынз мәселелер:

Саяхатқа барар алдындағы мақсаттарға жете алдық па? Саяхат барысында кім тарапынан және қандай көмек болды? Нені жақсырақ және басқаша жасау керек еді деп ойлайсыңдар? Қандай тәрбиелік мәні болды?

Қаржылық нәтижелерді қорытындылау – жоспарланған шығындарды нақты шығындармен салыстыру, қайта есептеу жүргізу.

Түлектердің «Саяхатшы» бағдарламасына қатысуының маңызды нәтижелері:

- әлеуметтік құзыреттер – бюджет жоспарлау, билет сатып алу, кездесу орнына қоғамдық көлікпен жету, жол жүру уақытын есептей алу және т.б.;
- мәдениетке тарту – қоғамдық орындарда өзін ұстай білу, мәдени үлгілерді білу, экскурсиялық сауаттылық;
- интеллектуалдық дамуы – сұрақ қоя білу, ой елегінен өткізу, сөйлеу қабілетін дамыту);
- басқа адамдарға және әлемге деген бағалық қатынас – мейірімділік, басқаларға құрметпен және қызығушылықпен қарау, қамқорлық және т.б.

Түлектердің даму нәтижелері мен динамикасын қадағалау, олармен жұмыс жасаудағы ең ұтымды педагогикалық міндеттерді анықтауға көмектеседі, жыл соңында әр түлектің бойында болған өзгерістер бойынша қорытынды шығарылады.

8-қосымша

Балалар үйінің тәрбиеленушілерін интернаттан кейінгі өмірге бейімдеуге арналған еңбек лагері (жоба)

Жобаның мәні.

Лагерь жақын арада балалар үйінен шығуға дайындалып жүрген балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған. Жобаның жан-жақты қарастырылып әзірленген бағдарламасы түлектерді алдарына мақсат қоюға, оқуға, еңбектенуге ынталандыруы тиіс. Ауысым кезінде балалар жаңа адамдармен танысады және балалар үйінің қызметшілерінсіз ортада болады.

Мамандар тренингтер, мастер-кластар, түрлі ойындар, жеке сабақтар және кеңестер өткізеді. Күн сайын ауысымға қатысушылар еңбек шараларына қатысады. Жобаны жүзеге асыру барысында балалар кез келген адамның күнделікті өміріне қажетті жаңа білім мен дағдыларды меңгереді. Лагерь бағдарламасы балалар мен жастар арасында белсенді және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Ауысымның соңында алынған нәтижелерді бағалау үшін әлеуметтік сараптама жүргізіледі.

Лагерьдегі еңбек демалысы аяқталғаннан кейін тәрбиеленушілермен кері байланыс жүргізіледі.

Интернаттан кейінгі өмірге бейімдеуге арналған еңбек лагерінің басты мақсаты – балалар үйінің түлектерін интернаттан кейінгі өмірде сәтті әлеуметтік бейімделулеріне бағытталған жұмыс жүргізу.

Жобаның міндеттері:

- жоба бойынша жұмыс тобын құру және лагерьдің бағдарламасын әзірлеу;

- балалар үйлерінің әкімшілігімен, отбасы және балалар мәселелерімен айналысатын ұйымдармен/мекемелермен өзара әрекеттесуге байланысты келісімшарттар жасау;

- бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек лагерінің күнделікті өмірі туралы ақпараттар жариялау;

- балалар үйлері түлектерінің әлеуметтік бейімделулеріне қажетті жағдай жасау.

Мақсатты топ – келесі жылы балалар үйінен шығатын жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар

Жобалық іс-шараларды жүзеге асыру механизмі

I «Жобаны әзірлеу және лагерь бағдарламасын дайындау»

1. Жоба бойынша жұмыс тобын құру.

2. Еңбек лагерінің бағдарламасын әзірлеу.

3. Ауысым аяқталғаннан кейін лагерьге қатысушылардың кездесулерін ұйымдастыру бойынша жоспар құру,

Серіктестер – ...

Жауаптылар – ...

II «Жобаны ақпараттық қолдау»

1. Жоба туралы ақпаратты БАҚ-да насихаттау және лагерьдегі іс-шараларды жариялау үшін баспасөз орталығын құру.

2. Интернет желісі және БАҚ арқылы лагерь туралы тұрғындарды хабардар ету.

Ақпараттық серіктестер: (мысалы – рухани-адамгершілік даму бағдарламаларын қолдау ұйымдары және т.б.).

Жауаптылар – ...

III «Лагерьге қатысушыларды іріктеу».

1. Отбасы және балалар мәселелерімен айналысатын ұйымдармен/мекемелермен балалар үйінің тәрбиеленушілерімен жұмыс істеуге рұқсат беру және балалар үйі әкімшілігімен өзара іс-әрекеттесу туралы келісім-шарт жасау.

2. Балалар үйінің басшылығын лагерьге қатысу үшін тәрбиеленушілерді іріктеу туралы хабардар ету.

3. Тәрбиеленушілердің лагерьге қатысу мүмкіндігі туралы патронаттық отбасыларды ақпараттандыру.

4. Лагерьге қатысушылардың тізімін жасау.

5. Балалар үйлері басшылығын мен патронаттық отбасыларды лагерь қатысушыларына қажетті құжаттар тізбесімен қамтамасыз ету.

Серіктестер:

Жауапты: ... (лагерь директоры).

ІҮ «Лагерьге дайындық: кадрлар іріктеу, лагерь орналасатын аумақты анықтау, қажетті құралдарды дайындау (алу)».

1. Бос жұмыс орындарының банкін құру және лагерь қызметкерлерін жұмысқа қабылдау.

2. Лагерь қызметкерлерімен еңбек шартын жасау.

3. Лагерьге қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды алу.

Серіктестер: балалар және жасөспірімдер үйі,

Жауапты: ... (лагерь директоры).

Ү «Лагерь ауысымын өткізу».

1. Ұйымдастырушылардың лагерьге келуі, лагерь ауысымын өткізуге дайындық.

2. Ауысымға қатысушылардың келуі.

3. Бағдарламаға сәйкес лагерь ауысымын өткізу:

3.1. - Медициналық дағдылар;

- бюджетті жоспарлау;

- коммуникациялар;

- психология;

- құқықтар мен міндеттер;

- жұмысқа орналасу;

- туризм;

- экстремалды жағдайларда аман қалу бағыттары бойынша сабақтар өткізу.

3.2. – тамақ дайындау;

- аумақты күзетуге қатысу;

- тамақ дайындауға отын дайындау;

- аумақты тазалау, жинау тәрізді еңбекке баулу сабақтарын өткізу.

3.3. Лагерь қатысушыларымен коммуникациялар (байланыстар), отбасын құру, жұмысқа орналасу және басқа да әлеуметтік дағдыларды меңгеруге бағытталған рөлдік ойындар өткізу.

3.4. Жалпы лагерьлік іс-шаралар өткізу:

- спорттық ойындар;

- отрядтардың презентациясы;

- әлеуметтік маңызы бар фильмдер қарау және талқылау;

- жергілікті жердің флорасы мен фаунасын зерттей отырып, орманға шығу;

- балалар үйінің табысты түлектерімен кездесулер;

- белгілі адамдармен кездесулер.

3.3. Шағын топтағы қарым-қатынас:

- вожатыймен әңгімелесу;

- психологпен әңгімелесу.

4. Жершарын айналып шығу ойыны түрінде әлеуметтік емтихан өткізу.

5. Лагерь қатысушыларының кетуі.

6. Ұйымдастырушылардың кетуі, лагерьді жинау.

7. Педагогикалық ұжыммен ауысым бойынша рефлексия.

Серіктестер: балалар және жасөспірімдер үйі,

Жауаптылар: ... (лагерьдің директоры), ... (жобаны әзірлеуші, директордың орынбасары), балалар және жасөспірімдер үйінің педагогтері.

ҮІ «Қатысушылармен кері байланыс сақтау».

1. Әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау топтарын құру.

2. Лагерь қатысушыларының кездесулерін өткізу.

3. Лагерь туралы кері байланыс жинау, қатысушылардан сұхбат алу.

Серіктестер: балалар және жасөспірімдер үйі,

Жауаптылар: ... (лагерьдің директоры), ... (жобаны әзірлеуші, директордың орынбасары), балалар және жасөспірімдер үйінің педагогтері.

Жоба барысында жүзеге асырылатын негізгі іс-шаралар

Іс-әрекет түрі/іс-шаралар	Мерзімі	Орындаушылар
1-кезең: «Жобаны әзірлеу және лагерь бағдарламасын дайындау»	Сәуір-шілде	Лагерьдің директоры, жобаны әзірлеуші, директордың орынбасары
2-кезең: «Лагерьді ақпараттық қолдау»	Сәуір-қыркүйек	Жобаны әзірлеуші
3-кезең: «Лагерьге қатысушыларды іріктеу»	Сәуір-шілде	Лагерьдің директоры
4-кезең: «Лагерьге дайындық: кадрлар іріктеу, лагерь орналасатын аумақты анықтау, қажетті құралдарды дайындау (алу)».	01-20 шілде аралығы	Лагерьдің директоры
5-кезең: «Лагерь ауысымын өткізу»	21-28 шілде аралығы	Лагерьдің директоры, жобаны әзірлеуші, директордың орынбасары, балалар және жасөспірімдер үйінің педагогтері
6-кезең: «Қатысушылармен кері байланыс сақтау».	Жыл бойы	Лагерьдің директоры, жобаны әзірлеуші, директордың орынбасары, балалар және жасөспірімдер үйінің педагогтері

Күтілетін нәтижелер:

- қоғамда әлеуметтік бейімделу;

- экстремалды жағдайлардан аман шығу дағдыларын меңгеру;
- негізгі туристік дағдыларды меңгеру және экспедицияларға, жорықтарға қатысу мүмкіндігі;
- жергілікті жердің флорасы мен фаунасын білу.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Балалар үйлері мен интернаттық ұйымдар түлектерін әлеуметтік бейімделуі бойынша шет елдердің тәжірибесі.....	6
2 Қазақстандағы балалардың интернаттан кейінгі әлеуметтік бейімделу жағдайын зерттеу.....	18
3 Девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған балалар үйлері мен интернат ұйымдарының түлектерін әлеуметтік бейімдеуді және психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.....	35
Қорытынды.....	78
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	79
Қосымшалар.....	81

**Балалар үйі және девиантты мінез-құлықты балалар мен
жасөспірімдер интернатының түлектеріне интернаттан кейінгі әлеуметтік
бейімделу мен психологиялық қолдау**

Әдістемелік ұсынымдар

Басуға 27.09.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 7 б.т.